

Учебно-методический центр развития образования Карагандинской области



**Сборник заданий направленных на развитие функциональной грамотности учащихся 7-9 классов  
в рамках реализации областного проекта «Таным»**

**Часть 1**

**қазақ тілі  
русский язык**

Караганда  
2017 г.

**Автор идеи**

Аймагамбетов А.К., руководитель управления образования Карагандинской области

Проблема невысокого уровня функциональной грамотности школьников области по результатам проведенных исследований в 2014-2015 учебном году в рамках проекта «Таным», вызвала необходимость создания данного пособия в помощь учителю.

Данный сборник, содержит в себе задания, направленные на развитие функциональной грамотности учащихся. В сборник включены задания по математике, естественнонаучным предметам и грамотности чтения.

Рекомендовано методическим советом УМЦ РО  
Протокол №\_\_\_ от « » \_\_\_\_\_ 2016 г.

## Введение

В рамках реализации п.2 главы 7 Национального плана по развитию функциональной грамотности школьников на 2012-2016 годы, принятого Постановлением Правительства РК от 25 июня 2012 года № 832, Управлением образования Карагандинской области и УМЦ РО разработан и внедряется трехлетний Проект по исследованию функциональных навыков учащихся 4-8 классов в области читательской, естественнонаучной, математической грамотности «ТАНЫМ».

Первый этап исследования был проведен в октябре-апреле 2014-2015 г.г. В нем приняли участие 436 учащихся 5,7 классов города Шахтинска. Учителя Шахтинского региона ознакомились с результатами срезов по функциональной грамотности, детально были проанализированы задания, даны рекомендации учителям.

Второй этап направлен на формирование необходимых знаний в области моделирования методической и учебной работы с позиции развития профессиональной готовности педагогов к работе на основе функциональной грамотности. В Послании Президента Республики Казахстан Н. А. Назарбаева народу Казахстана от 27 января 2012 года отмечено: «Образование должно давать не только знания, но и умения их использовать в процессе социальной адаптации».

Функциональная грамотность – использование знаний, умений и навыков, приобретенных в школе, для решения широкого диапазона жизненных задач в различных сферах человеческой деятельности, а также в межличностном общении и социальных отношениях.

Естественнонаучная грамотность одна из составляющих функциональной грамотности. Это способность использовать полученные знания в области естествознания для понимания окружающего мира и принятия решений в ситуациях, с которыми человек может столкнуться в жизни.

Предложенные задания для учащихся обеспечивают развитие таких компетентностей у учащихся как информационная, коммуникативная, бытовая, познавательная.

Задания ориентированы на активизацию учебной работы школьников, формированию у них организованности, способности самостоятельно учиться, находить и использовать нужную информацию, работать в коллективе, находить решения в нестандартных ситуациях.

Каждое задание сопровождается текстовой информацией, которая может быть краткой или избыточной.

В текстах содержатся научные проблемы, противоречия и разногласия, которые надо разрешить. Используются тексты с описанием жизненных ситуаций.

Текст состоит из фрагментов разных источников. В каждом фрагменте имеется часть информации, необходимая для поиска ответа на поставленные вопросы к тексту, чтобы в конечном итоге получить избыточность информации.

Подобранные тексты относятся к разным жанрам: художественные, авторские, публицистические, научно-популярные, энциклопедические и другие. Также при составлении заданий используются тексты разных типов: словесный текст, схема, таблица, график, диаграмма, чертеж, карта. Вопрос к тексту сформулирован так, чтобы учащийся часть ответа мог найти в материале самого текста, а часть – смоделировать самостоятельно.

При конструировании заданий использована таблица – «Конструктор задач», предложенная Ильюшиным Л.С. на основании таксономии целей Б. Блума.

Блум выделяет шесть категорий учебных целей: знание, понимание, применение, анализ, синтез, оценка. Каждая категория раскрывается им через систему действий ученика. Так, например, знание предполагает запоминание и воспроизведение изученного материала. Речь может идти о различных видах содержания – от конкретных фактов до целостных теорий. Общая черта данной категории – припоминание соответствующих сведений. Действия ученика, адекватные данной категории: знание употребляемых терминов, конкретных фактов, методы и процедуры, основные правила и принципы и др. Опора на эту таксономию позволяет формулировать компетентностно-ориентированные задания, поскольку она предусматривает результаты обучения, адекватные основным идеям компетентностного подхода, в частности в ней проектируется (планируется) усвоение учащимися таких действий – оценивания, синтез и др.

Бүгінгі таңда отандық білім беру жүйесінің алдында білім сапасының бәсекелестігін арттыру, оқушыларды шынайы өмірге бейімдеу міндеті тұр. Осыған байланысты оқушылардың білім жетістіктерінің деңгейін анықтау үшін Қазақстан PISA халықаралық зерттеуіне қатысады. PISA (Programm for International Student Assessment) – халықаралық зерттеуі барлық білім беру ұйымдарындағы 15 жастағы оқушылардың математика, жаратылыстану және тіл мен әдебиет білім салалары пәндерінен игерген білім жетістіктерін анықтауды, оқу барысында меңгерген білімдері мен біліктерін өмірлік жағдайларда қолдана білу дағдыларын бағалауды көздейді. PISA халықаралық зерттеуінің негізгі міндеті – білім беру саласындағы әлемдік басымдықтарды сипаттайтын зерттеу құралдарының негізінде объективті өлшеулер арқылы алынған айқын нәтижелерді талдау болып табылады.

PISA халықаралық зерттеулері оқушылардың білім жетістіктерін бағалауды «математикалық сауаттылық», «жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы» және «оқу сауаттылығы» бойынша жүргізеді. Соның ішінде біз бүгін оқу сауаттылығын жетілдіруге арналған мәтін түрлеріне, тапсырмаларға қойылатын талаптарға тоқталмақпыз. Жалпы, оқу сауаттылығы дегеніміз – оқушының жазба мәтіндерді түсіну, өз мақсатына жету үшін оның мазмұнын қолдану, қоғам өміріне белсенді қатысу үшін білімі мен мүмкіншіліктерін дамыта білу қабілеті.

2009 жылғы PISA халықаралық зерттеуі нәтижесі бойынша Қазақстан 65 қатысушы елдер арасында оқу сауаттылығынан 59 орында болса, 2012 жылы 63 орынға төмендеген. Бұл оқушылардың мәтінмен жұмыс істеу қабілеттерінің төмендігін, оқу біліктілігі мен дағдыларының жеткіліксіз деңгейде қалыптасқандығын білдіреді. 2015 жылы болған зерттеуде 50-55 орында болуды көздеген, оның нәтижесін уақыт көрсетпек. Ал білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының нысаналы көрсеткішінде Қазақстан 2018 жылы 40-45 орында болуды мақсат етіп отыр, әрі бұл жылы PISA тапсырмаларының 60%-ы оқу сауаттылығына арналмақшы.

Мақсатқа жеткісі келген адам оны жақсы білуі керек демекші, алдымен оқу сауаттылығын жетілдіру үшін берілетін мәтіндердің түрлері мен тапсырмалардың сипатын өзіміз дұрыс білгеніміз абзал. PISA оқу сауаттылығы қызметінің маңызды құрамы болып оның жағдаяты мен мәтіні саналады. Жағдаят мәтіннің қандай мақсатты көздеуіне байланысты төмендегідей болып бөлінеді. Атап айтқанда:

1. Жеке жағдаят – жеке қызығушылықты қанағаттандыруға берілген мәтіндер;
2. Білімділік – оқу және оқыту, үйрену және үйрету үшін берілген мәтіндер;
3. Қоғамдық жағдаят – қоғам мәселелеріне оқырман назарын аудару мақсатында берілген мәтіндер;

4. Кәсіби бағдар – 15 жасар оқушыларды кәсіби өмірге дайындауға бағытталған мәтіндер.


Мәтін - мағынасы да, форматы да әр түрлі болып келетін оқуға арналған материалдар. Олар:

Мәтін түрлері	Тұтас мәтіндер	Тұтас емес мәтіндер	Аралас мәтіндер	Құрама мәтіндер
сипаттамасы	құрылымы мәтіннің ірі бірліктерін құрайтын көркем мәтіндер негізінде алынған	кесте, графиктер, диаграмма сияқты мәтіннің ақпараттық бірліктерінен тұрады	бірін-бірі толықтырып тұратын сөз және сөзсіз көрсетілген элементтер арқылы берілген мәтін	форматы бойынша әртүрлі, бірақ мағынасы бойынша бір-бірімен байланысқан бірнеше мәтін;

<b>мысалы</b>	әдеби шығармалар, мысалы, новеллалар, биографиялар, қысқа оқиғалар, хаттар, газет бетіндегі белгілі оқиғалар туралы есептер – тест тапсырмасының 39% құрайды	жарнамалар, билеттер, жұмыс кестелері, мұқабалар, сабақ кестесі, ақпараттық қағаздар, толтыруға арналған түрлі формалар және т.б. – тест тапсырмасының 30% құрайды	ақпараттық парақтар: журнал бетіндегі мақалалар, түрлі есептер, буклеттер, веб-парақтар, слайд-презентациялар, т.с.с.) – тест тапсырмасының 23% құрайды	туристік компаниялардың веб-сайттар жиынтығы – тест тапсырмасының 8% құрайды
---------------	--	--	---	--

Оқу сауаттылығын бағалауға үшін оқушыларға мәтіндегі ақпараттарды салыстыру, автордың ойын табу және жауап беру барысында жеке түсінігіне сүйене отырып, өз көзқарасын дәлелдеуге арналған тапсырмалар беріледі.

PISA тест тапсырмаларының құрылымы үш аспектін шешуге бағытталған. Бұл:



Оқырмандық шеберлік деңгейіне қарай PISA тест тапсырмалары ең қарапайым тапсырмадан тым күрделі тапсырмаларға ауысып отырады. Бірінші тапсырманы, яғни қарапайым деңгейдегі «табу және алу» тапсырмасын орындау барысында оқушы, ең алдымен, мәтін ақпаратының жеке үзінділеріне көңіл бөледі. Екінші орташа деңгейдің «түсіндіру және кіріктіру» тапсырмасын орындау барысында оқырман осы үзінділерді жүйелейді. Күрделі зерделеу және бағалау деңгейі тапсырмасында оқушы мәтіндегі ақпаратты мәтіннен тыс ақпаратпен арақатынасын белгілеу арқылы мәнін түсіну шеберлігін көрсетуге тиіс.

Оқушының функционалдық сауаттылық дағдысын дұрыс қалыптастырсақ, оқушы мәтіннен ақпарат алуда жазу мен оқу дағдысын жеңіл қолданады, оны түсінеді, өзгертеді. Бұндай оқушы түрлі оқу әдістерімен таныс болады (танымдық, түртіп алу, түйіндеу). Мәтінді оқып, түсіну барысында бір әдістен екінші әдіске тез және оңай көше алады. Сонымен қоса, әрбір тест тапсырмасы оқушылар өмірінде кездесетін шынайы оқырмандық мәселе жағдайын құрайды. Тестте дайын жауапты таңдау тапсырмасы, сонымен қатар, оқушы өзі қысқа және толық жауап беретін де тапсырмалар бар. Тапсырмалар өмірдегі бір немесе бірнеше жағдайға қатысты әртүрлі қиындықтағы бірнеше сұрақтардан тұрады.

PISA зерттеулерінің әдісімен тест тапсырмаларын құруда төмендегі жайттарды ескеру қажет:

1. Тапсырмаларды 6 деңгейлі Блум таксономиясы негізінде құру;
2. Стандарт талаптарына сай тапсырмаларды орындаумен қатар, оқушы өмірде қолдана алатын тапсырмалар құрастыруға көңіл бөлу;

3. Оқушының логикалық ойлауын, сыни тұрғыдан ойын жеткізуді жүзеге асыру үшін білім беруде сабақтың құрылымын өзгерту, яғни оқытудың белсенді стратегияларын қолдану;
4. Оқушыға тапсырма берген кезде оның алгоритмдерін алдын-ала ескерту;
5. Мәтіндегі деректердің шынайылығы.

Блум Бенджамин (ағыл. Benjamin Bloom) – америкалық психолог, оқыту әдістерін зерделеген, «Блум таксономиясы» атауын алған жүйені құрушы. Функционалдық сауаттылық тапсырмаларын дайындау барысында Блум таксономиясына жүгінеміз. Блум таксономиясының әр деңгейіндегі оқушының әрекеті мен тапсырманың түріне тоқталайық.

#### **I. Білу деңгейі** – таным мен ойлаудың төмен деңгейі.

Бұл категория мәліметтерді қайталау немесе тану арқылы есте қалай сақталғанын тексеруге бағытталады, мағлұмат пен деректерді еске түсіреді.

Оқушы:

Қолданылған терминдерді (есте сақтайды және қайталайды), нақты фактілерді, жұмыстың орындалу ретін, негізгі ұғымдарды, ережелерді, қағидаларды біледі.

Тапсырмалар түрі:

Не? Қашан? Қандай? Қайда? Формуласын жазу, атап көрсету, жабық тест тапсырмалары; қалдырып кеткен белгілерді қою; жатқа айту; анықтамалар мен атауларды қайталау, олардың қолдану тәртібін айту.

#### **II. Түсіну** – таным мен ойлаудың орта деңгейі.

Оқушы:

- Фактілерді, ережелерді, қағидаларды түсінеді;
- Сөзбен келтірілген материалды, схемалар, графиктер, диаграммаларды түрлендіреді;
- Берілген ақпарат бойынша болашақта туындалуы ықтимал салдарын сипаттайды.

Тапсырмалар түрі: Қалай? Неліктен? Сөйлемді аяқтаңыз; сөйлемді өзгертіңіз; өзара байланысын түсіндіріңіз; айырмашылығын көрсетіңіз; өз сөзіңізбен айтыңыз; графикті, суретті түсіндіріп беріңіз.

#### **III. Қолдану** – таным мен ойлаудың орта деңгейі.

Оқушы:

- Ұғымдар мен қағидаларды жаңа жағдайларда қолданады;
- Заңдар мен теорияларды практикалық тұрғыдан нақты ситуацияларда қолданады;
- Әдіс немесе жұмыс ретін дұрыс қолданатындығын көрсетеді.

Тапсырмалар түрі:

Жасап көр; таблица, график жаса; қолдану мақсатын түсіндір.

#### **IV. Талдау** – таным мен ойлаудың жоғарғы деңгейі.

Оқушы:

- Жасырын (көзге көрінбейтін) жәйттерді ашады;
- Ойдың өрбуінен қателер мен олқылықтарды айқындайды,
- Фактілер мен олардың салдарының арасын ажыратады;
- Ұсынылған фактілердің маңыздылығын айқындайды.

Тапсырмалар түрі:

Құрылымы қандай? Салдары неде? Топтастырыңыз; салыстырыңыз; себебін талдаңыз.

#### **V. Жинақтау** – таным мен ойлаудың жоғарғы деңгейі.

Оқушы:

- Шығармашылық тұрғыдан кішігірім шығарма (эссе) жазады;
- Тәжірибе жасаудың өзіндік жоспарын ұсынады;
- Қандай да болмасын проблеманы шешу үшін өз білімдерін шығармашылықпен қолданады.

**Тапсырмалар түрі:**

Өз шешіміңізді табыңыз, алгоритм құрастырыңыз, баламасын табыңыз, бөліктерден құраңыз, жүйелестіріңіз, зерттеңіз.

#### **VI. Бағалау** – таным мен ойлаудың жоғарғы деңгейі.

Оқушы:

- Оқу материалы құрылымының логикасын жазбаша түрде бағалайды;

- Ішкі немесе сыртқы критерийлерге сүйеніп, оқу материалының маңыздылығын айқындайды;
  - Жасалған шешімдер мен қорытындылардың берілген фактілерге сәйкестігін анықтайды.
- Осы іс-әрекеттерді орындаған жағдайда оқушының жоғары деңгейде білімін қалыптастыруға жол ашылады.

PISA зерттеулерінің әдісімен тест тапсырмаларын құрастыруда мұғалімнен көп еңбек, терең білім, күш-жігер, жан-жақтылық, ізденімпаздық, жаңа ақпарат көздерін мейлінше тиімді қолдана алатын қажыр-қайрат талап етіледі.

*«Теміртау қ. № 2 ЖББОМ» КММ  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі  
Ж.Р.Сағиева*

### **ЖАЗҒЫ КИІМ СҰЛУ ДА, ЖЫЛУ ДА БОЛСЫН**



Жас баланы жаз мезгіліне сай киіндіру орайында тек ауа райына иек арту қате. Бұл ретте итжейденің матасы мен үлгісін, жалпы киімнің түрі мен сәби денесіне жайлы тиюін, сондай-ақ бас киімін де ескергеніңіз жөн.

<p>Дүние есігін енді ашқан нәрестені ыстық күндері қалай киіндірген дұрыс? Сәл әріден ойланар болсақ, ыстық күндері балаға кигізетін киімнің басты ерекшелігі - оның дене қызуын қалыпты деңгейде сақтауы, ал терісін тікелей күн сәулесінен қорғау керек екенін есімізден шығармауымыз керек.</p> <p>Егер жазғытұрым үлкендер қалың киінуден қашса, кішкентайларды керісінше, жылырақ киіндірген дұрыс. Мұның себебі, жас баланың денесіндегі жылуды реттеу жүйесі толық қалыптаспағандықтан, олар «құс қанатымен» тоңып қалады, сондай-ақ ыстықтауы да лезде.</p> <p>Бала тым ыстықтап кетсе, оның сіңірлері тартылып, тіпті, есінен айырылып қалуы да мүмкін. Тоңып қалса, суық тиіп, тұмауратуы да ғажап емес. Осындай жайсыз жағдайға тап болмау үшін, сәбидің дене қызуын үнемі қадағалап отыру қажет.</p>	<p>Оны білудің ең оңтайлы әдісі - сәбидің желке тұсын сипап көру. Егер бала ыстықтап жатса, ол мазасызданып, беті қызарып, денесі терлеп, ерні кеберси бастайды. Тоңып жатса да мазасы болмайды. Сәбидің желкесін ұстағанда сұп-суық болса, бұл оның тоңып қалғанының белгісі.</p> <p>Бір ескертетін жайт, әр баланың өзіндік мінезі бар, кей бала тоңғанына, я ыстықтағанына қарамастан үн-түнсіз, тып-тыныш жата беруі де мүмкін. Сондықтан бала жыламаса да, ауық-ауық оның жай-күйін бақылап тұру керек.</p> <p>Серуенге арналған киім</p> <p>Жаз мезгілі ғой, күн күйіп тұр деп далаға шығарда баланы тым жеңіл киіндірмеңіз. Күн райы аяқ астынан өзгеруі мүмкін. Демек, өзіңізбен бірге баланың бірнеше киімін (жылысын да, жұқасын да) ала шыққаныңыз абзал...</p>
--	--

1. Бұл мақалада автор не айтқысы келді?

- A. Жас баланы жаз мезгіліне сай киіндіру орайында тек ауа райына иек арту керек.
- B. Ыстық күндері балаға кигізетін киімнің басты ерекшелігі - оның дене қызуын қалыпты деңгейде сақтауы, ал терісін тікелей күн сәулесінен қорғау керек екенін естен шығармау аса маңызды.
- C. Әр ата-ана ыстық және суық күндерге қарамастан, баланы өз қалауынша киіндіреді.
- D. Балаға арналған жазғы киімдердің сұлу болғаны дұрыс.
- E. Өзіңізбен бірге серуенге баланың бірнеше киімін (жылысын да, жұқасын да) ала шыққан абзал.

1. Мақалада жас баланың денесіндегі жылуды реттеу жүйесін білудің бірнеше белгісі жайлы айтылған. Сол белгілерді жіктеп беріңіз.

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_
4. \_\_\_\_\_

### **АЗАМАТТЫҢ ДАРЫНЫ**

Жаз енді ғана басталды. Азамат үйіне қарама-қарсы бақта жұмыс істеді. Бақтың жанынан досы Дидардың өтіп бара жатқанын көріп басын көтерді. Дидар да тоқтап, қолын көтерді.

«Осы жазда не істемек ойың бар?»-деп сұрады Азамат.

«Мен ойнайтын футбол командасы үлкен турнирге дайындалып жатыр. Менің ойымша, осы жылы біз жеңетін сияқтымыз!»- деп жауап берді Дидар.

«Мәссаған... Ғажап естіледі екен».

Дидар әрі қарай жүріп кетті, ал Азамат өзінің тұқымдарын сеуіп, жұмысын жалғастыра берді.

«Менің ойымша, мен осындай футбол командасында болуым керек. Ол үшін маған жаттығу жұмыстарын бастау керек...» деп ойлады.

1. Әңгіме барысында Азамат қайда болды?

- А. Өзінің бақшасында
- Б. Мектепте
- В. Далада
- Г. Өзінің үйінде

2. Футбол турниріне қатысу үшін кім жаттығу жасады?

\_\_\_\_\_

Келесі күні Азамат алаңға келді. Ол сол жерде футбол ойнайтын балалар тобын білетін. Азамат олардың ойындарына қосылды, бірақ ойын бірден жақсы болып кетпеді. Ол өз аяғына өзі шалынып, басқа команда үшін гол соғып берді. Ойынның аяғына қарай, футбол оның айналысатын ісі емес екенін түсінді.

Азамат үйге қайта оралды да, бақшада жұмыс жасай бастады.

Сонан соң ол көшенің соңынан бері келе жатқан Саматты көрді. «Самат, сәлем! Сенің жазғы жоспарың қандай?»-деп сұрады.

Самат: «Мен ән айтамын. Біздің хор үлкен концертке дайындалып жатыр»,-деді. Азамат терең күрсінді де: «Ән айтқан, мүмкін, өте көңілді шығар. Мен әнді қалай айту керектігін білсем деймін»,-деп ойлады... Бір мезетте оған топырақ қазып жатқан ақымақтың ісі және жазғы уақытты зая кетіру сияқты көрінді.

3. Азаматтың футбол ойнаған кездегі жасаған екі ісінен мысал келтір.

- А) \_\_\_\_\_
- Б) \_\_\_\_\_

4. Әңгімеде «Азамат үйге оралды» деп айтылады. Бұл Азаматтың не сезінгенін қалай көрсетеді?

- А. Оның билегісі келді.
- Б. Оның көңіл-күйі болады.
- В. Оның жүйкесі тозды.
- Г. Ол бақшасына оралғысы келді.
- 5. Саматтың жазғы кезеңге жоспары қандай болды?

\_\_\_\_\_

6. Азамат Саматпен кездескен соң, бақ шаруашылығы туралы не ойлады?

\_\_\_\_\_



Бірнеше аптадан соң, Азамат әншілердің жаңа тобын жинайтын хабарландыруды көрді. Барып, бағын сынамақшы болды. Ол ән айта бастағанда –ақ даусы қырылдап, сырылдап қалды. Комиссияда отырғандардың біреуі бетін тыжырайтты. Азамат оны таңдамайтынын білді.

Азамат үйіне келді де, бағында қаулап өсіп кеткен арам шөптерді жұла бастады.

«Менің барлық достарымның бір-бір ерекше дарыны бар,- деп ойлады.- Мен де бір нәрсені өте жақсы жасағым келеді». Жаздың қалған уақытында Азамат бойындағы айрықша дарынын іздеумен әлек болды.

Әрбір жаңа әрекеттен соң, Азамат үйге басы салбырайып қайтты. Тағы да біраз уақытын бақшада өткізді.

7. Азамат көптеген әрекеттерден кейін немен айналысты?

---

Жаздың соңғы күніне қарай Азамат өзінің достарын, Дидар мен Саматты кездестірді. Ол:«Үлкен футбол турнирі қалай өтті?»- деп сұрады. «Біз жеңдік!»- деді Дидар. «Ал сенің турнирің қалай өтті?»- деп сұрады Саматтан.

- Турнир ертең болады. Біздің хор өте жақсы жұмыс жасады. Мен жеке нөмірде ән саламын.

- Құттықтаймын. Мен де сендер сияқты өзімді мақтан тұтқым келеді.

«Әзілің бе? Сенің бағыңдағы көкөністерің сондай үлкен. Мен сен сияқты бақпен айналысып көріп едім, алайда менің көкөністерім сарғайып кетеді де, өліп қалады,- деді Самат.

« Шын ба? Мен бақпен айналысу сондай айрықша іс деп ешқашан ойламап едім,»- деп күлді Азамат. - Ертең сендер Дидардың жеңісін атап өтіп үшін маған келіңдер. Менің анам бақтағы көкөністерден түскі ас әзірлейді, содан соң Саматтың концертіне барамыз».

8. Дидардың командасы шын мәнінде мықты екендігін қалай дәлелдеп, растайсыз?

---

9. Кімнің көкөністері сарғайып, өліп қалады?

А. Азаматтың

Б. Дидардың.

В. Саматтың

Г. Азаматтың анасының

10. Азамат шын мәнінде неден жетістікке жетті?

---

11. Әңгіменің соңында Самат Азаматқа нені көрсетуге көмектеседі?

А. Оның бір нәрседен жетістікке жеткенін.

Ә. Өзінің өте мықты футболшы екендігін.

Б. Бақта жұмыс істеудің өте қажырлы іс екендігін.

В. Бақта жұмыс істеуді үйретуді.

12. Азамат жаз бойы нені табуға тырысты?

А. Бақта жұмыс істеу үшін көп уақытын бөлді.

Б. Ойнау үшін достар тапты.

В. Жаңа орындарға барып, көру үшін .

Г. Қолынан келетін істі табу үшін.

### **АУА РАЙЫ ҚҰБЫЛЫП ТҰР...**

Ауа райы аяқ астынан құбылса, түкпірдегі ауыл адамдары: «Байқоңырдан зымыран ұшты!»- деп табан астынан сөз тауып жатады. Бұл үшін ауыл адамдарын жазғыру да ұят: өйткені, бүкіл БАҚ Байқоңырдан ғарыш кемесінің сәтті старт алғанын хабарлайды, көп ұзамай күллі төңіректе ауа райы өзгереді. Шайдай ашық аспаннан қар жауады, 30 сантиметр қалыңдықпен жауған қар келесі күні жып-жылмағай еріп кетіп жатады... Бір сөзбен айтқанда, ауа райы осылай құбылады. Ауа райының

бұл құбылысын Байқоңырға әкеліп тіреп қойғанымыз жөн болмас, әрине. Қазір Жер шары ғаламдық жылыну үрдісін басынан кешіруде. Оның кері қайтар жолы жоқ, бірақ қамдану амалы бар.

2015 жылдың желтоқанында Парижге Дүниежүзінің 150 мемлекетінің басшылары атбасын бұрып, БҰҰ талабының аясында Әлемдік климаттық конференция өткізді. Конференция жұмысына мемлекет басшыларынан тыс 40 мың адам тікелей қоян-қолтық араласты. Тіркелген журналистердің саны 3 мыңға жетті. Кезек саны 21-ші рет өткізілген Дүниежүзілік осы жиналыста перулік атақты эколог, мемлекет және қоғам қайраткері Мануэль Пульгар-Видальдің өткен 20-шы кездесуде: «Дүниежүзі үшін аса қорқынышты екі қауіп бар, ол – терроризм мен климаттың өзгеруі, - деп айтқан сөзі тектен-тек еске алынбаған шығар...

**1-тапсырма.** Бұл мақала арқылы автор қандай мәселені айтқысы келді?

А) Бақоңырдан ұшырылған зымыран ауа райының құбылуына әкеледі;

Ә) Осы үшін түкпірдегі ауыл адамдарын жазғырады;

Б) Дүниежүзінің 150 мемлекетінің басшылары Парижге атбасын бұрғанын көрсетті;

В) Олар әңгіме-дүкен құруға келгенін айтты;

Г) Дүниежүзі үшін климаттық қауіпті дүниелерді атап, шешуді.

**2-тапсырма.** Әлемдік климаттық конференцияны өткізудегі мақсатты көрсетіп беріңіз.

1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

**3-тапсырма.** Мақаланы қалай аяқтап, қандай қауіпті қосар едіңіз??

(Өз пікіріңізді жазыңыз).

**4- тапсырма.** Терроризммен қатар, ауа райының жылынуын негізгі қауіпке жатқызуының себебі неде?

---

*«Теміртау қ.№ 2 ЖББОМ» КММ  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі  
Ұ.Тілеуке*

### **СЕН БИЛЕСІҢ БЕ?**

Компьютер мен ұялы телефон күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналған қазіргі уақытта олардың пайдасымен қоса зияны да шаш етектен екенін естен шығармаған жөн. Десек те, күнделікті қажеттілікті өтеу үшін техниканың бұл түрлерінен біржолата қол үзіп қалуға болмайды.

Ғалымдар уақытының көп мөлшерін компьютер алдында өткізетін адамдардың басқа адамдарға қарағанда онкологиялық ауруларға ұшырау қаупінің басымдау екенін айтып отыр. Сонымен қатар, қазіргі қала көшелеріндегі қаптаған компьютерлік клубтардағы ойындар адамды лейкоз дертіне шалдықтыратынын дәлелдеген.

**Асқар**

Компьютердің мониторияндағы кескіндер адамның көзінің көру өткірлігін нашарлатады.

Компьютердің алдында телміріп көп уақыт тапжылмай отырып, денеміздегі бұлшық еттерді қажытамыз, мойынымыз бен иығымыз талып кетеді және ең қауіптісі, омыртқамызға зиян болады.

Монитор қосулы тұрған кезде оның айналасында электростатикалық өріс пайда болады. Ол айналадағы шаң-тозаңдарды адамның қолдары мен бетіне қондырады.

**Жанар**

Компьютердің монитория мен жүзіңіздің арақашықтығы кемінде 50 см болуы қажет. Компьютер тұрған бөлменің ауасы жиі тазартылуы керек. Оған қоса күн сайын бөлмеде ылғалды тазалық жұмыстарын жүргізгеніңіз тіптен жақсы болады.

Компьютермен жұмыс істеп болғаннан кейін қолыңызды салқын сумен жуыңыз. Міндетті түрде үзіліс қажет. Ересек адамдар үшін әрбір екі сағат сайын 15 минут, ал балалар үшін әрбір жарты сағат сайын 15 минут үзіліс жасау керек. Оқуға тиісті құжаттарды принтерден басып шығарып алып оқыңыз. Көзіңіздің саулығына үлкен пайдасы тиеді.




**Мәди**

Ұялы телефондарға жүргізген зерттеулері бойынша мынандай тоқтамға келген: әр аптада күніне 10 минуттай уақыт ұялы телефонды пайдалану – адам ағзасын функционалдық өзгерістерге

ұшыратады екен. Яғни небәрі 10 минуттық тілдесуден кейін ағзаңыздың өз қалпына қайта келуі үшін 8 сағат керек. Тәжірибе кезінде 8 жыл бойы күнделікті ұялы телефонды пайдаланған адамды медициналық тексеруден өткізгенде, оның ағзасының паталогиялық жағынан едәір өзгерістерге ұшырағаны анықталған.

**Арайлым**  
(Ғаламтор беттерінен).

**1-тапсырма**

Сұрақтар	Жауаптары
1. Мәтіндегі негізгі ақпарат ...	A) компьютерлер B) ұялы телефондар C) компьютер мен ұялы телефонның пайдасы мен зияны D) компьютердің зияны, телефонның қажеттігі
2. Асты сызылған сөзге сәйкес сөзді табыңыз. Олардың пайдасы мен зияны <u>шаш етектен</u>	A) зиянды B) зияны мен пайдасы C) өте көп D) өте қажет
3. Компьютер алдында көп отыратын адамдардың онкологиялық ауруға ұшырау қаупі басымдау, себебі ... ..	A) ғалымдардың зерттеуі бар B) жоқ C) дәлелденбеген D) көп
4. Ұялы телефонмен ұзақ сөйлесу - ... , сондықтан ... 	
5. Компьютердің мониторынан қорғану үшін қандай қауіпсіздік шараларын ұстану керек? 	A) Компьютердің монитори мен жүзіңіздің арақашықтығы кемінде 10 см болып, бөлменің ауасы тазартылуы керек. B) Компьютердің монитори жақын отыру керек C) Компьютердің монитори мен жүзіңіздің арақашықтығы кемінде 50 см болып, бөлменің ауасы жиі тазартылу керек. D) Монитордың бетін салқын сүмен жуу керек.
6. Ұялы телефонды пайдалану – 	

Оқушының пікірі:

1. Компьютердің кері әсерін тигізеді?
2. Байланыстың негізгі қызметі...
3. Компьютер мен ұялы телефонды алмастыратын адамға зияны жоқ заттар ойлап көріңіз.



## **2 – тапсырма.**

Қызыл ай маркасын сатып алу арқылы сен қандай қайырымдылық іс жасадым деп ойлайсың?

## **3 – тапсырма.**

Қызыл ай қоғамын құрудағы мақсат не және ол тек Қазақстандық қозғалыс болып табылады ма?

## **МҰҒАЛІМ ҮШІН ҚОСЫМША МӘЛІМЕТ**

Қызыл Крест және Қызыл Жарты Ай халықаралық қозғалысы - өз күшін халықаралық қақтығыстар немесе елдегі ішкі толқулар мен қарулы қақтығыстар құрбандарын қорғауды қамтамасыз етуге және оларға көмек беруге бағыттай отыра Жер бетінде бейбітшілік болуына жағдай жасайтын халықаралаық ізгілікті қозғалыс. Бұл қозғалыс 1863 жылы құрылған.

Қызыл Крест және Қызыл Жарты Ай халықаралық қозғалысы Женева конвенциясына қатысушы мемлекеттерге көмек көрсетеді, халықаралық гуманитарлық көмек жағдайларын әрбір елдің ұлттық заңына үйлестіру және халықаралық гуманитарлық құқық туралы білімді тарату шараларын ұйымдастырады. Қарулы қақтығыстар кезінде бейтараптық танытып, қарсылас жақтарға тек гуманитарлық, медициналық көмек көрсетеді. Штаб-пәтері Женева қаласында орналасқан, оған әлемнің 74 елі мүше, дүние жүзінің 50-ден астам елінде өкілдіктері бар. Қызыл крест және Қызыл Жарты Ай халықаралық қозғалысының конференциясы 4 жылда 1 рет шақырылады.

## **6 СЫНЫП, «ҚАЗАҚ ТІЛІ»**

Баяғыда Қаратау алқабындағы жазықта сабан төбелі ескі үй тұрды. Онда өзінің үш баласымен бір жесір әйел өмір сүрді. Жесір әйел керемет өнерлі, шебер кісі еді. Ол үнемі торқа орамалды жібекпен кестелеп күнелтті, шаршап-шалдығуды білмеді. Кестелі бұйымдарды базарға сатып, балаларын асырады.

Бір күні жібекпен кестеленген орамал дайын болды. Орамалдың бетіндегі суреттер шын өмір суреттері сияқты еді: көк шатырлы аспан тұстес көгілдір қабырғалы әсем үй, кең дүниеге ұқсас кең аула. Аула қорғаны-қызыл кірпіш. Қызыл босағалы қақпа да алтын сырлы. Осының бәрі біріне- бірі үйлесімді, жарасымды. Аула ішінде бақ, гүл, жемісті ағаштар. Ағаш бұтақтарына әртүрлі әнші құстар қонып, әткеншек теуіп тұр. Ана өзі үш жыл кестелеген орамалын далағаалып шықты, балаларын шақырды. Орамалдағы өмір суретіне ананың үш ұлы таң-тамаша болды.

Мәтін бойынша ұсынылатын тапсырмалар:

**1-тапсырма.** Мәтіннен сапалық, қатыстық сын есімдерді теріп жаз, жұрнақтарын ажырат.

**2-тапсырма.** «Қарға» стратегиясы.

**3-тапсырма.** Ана орамалына неліктен осындай сурет салды және сен ертегіні қалай аяқтар едің?

## **Ш.САРИЕВ «ӨМІР ДЕГЕН ТҰРМАЙДЫ ҚАП-ҚАРАДАН»**

Өмір деген тұрады: таң мен кештен,

Ғұмырлы екі араны жанмен кешкен.

Құпия, жұмбақ, сырлы дүниеге,

Адамдар армен келіп, армен көшкен.

Өмір деген екі өзен: мұң - қуаныш,

Толқыны: шындық - жалған, күлкі - намыс.

Бір таяздап өмірде, бір тереңдеп,

Бір лайланып, өмірде бір тұнамыз.

Күн десең де, тірлікті түн десең де,

Өмірде өсімдіктей бүрлесең де,

Жолыңда жолығатын қос тағдыр бар:

Жусан - жантақ, гүл - тікен, гүл мен шеңгел.

**1-тапсырма.** Өлеңді оқып шығып, антонимдік, синонимдік мағынадағы сөздерді теріп жаз.

**2-тапсырма.** Өлеңнен құрмалас сөйлемдерді тап және оны түрлеріне қарай ажырат.

**3-тапсырма.**Өлеңдегі «ар» сөзін басқа қандай сөзбен ауыстырар едің? Ол сөз «ар» сөзіне синоним болуы шарт емес, тек өлең мазмұнына қарай сәйкес келсе болғаны. «Мектеп баспалдағынан өмір белестеріне аяқ басқанда...» деген тақырыпта ой толға.

*«Теміртау қ. № 4 ЖББОМ» КММ  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі  
И.Ж.Ильслова*

Соқыр сенім дегеніміз – әр түрлі жалған сенімге сену. Мысалы, қара мысық немесе қоян жолды кесіп өтсе, жолын болмайды дейді. Үстелдің үстіне тұз төгіп алсаң – сөзсіз достарыңмен араздасасың! Егер пәтер маңдайшасында «13» деген сан тұрса, ол да жақсылық емес деседі. Жолда су толы шелегі бар әйелді кезіктірсең – ол жақсы ырым, отбасында әрқашан молшылық болмақшы. Кейбір қараңғы адамдар ойын картасы арқылы немесе алақандағы сызықтарға қарап адамның болашағын білуге болады деп ойлайды, ал кейбіреулер адам «тағдырын» болжайды деп көрген түске сенеді.

Осындай жоққа сену ең алғаш біздің ерте заманда тіршілік еткен ата - бабаларымыздан басталған. Негізгі қарулары тек тас, таяқ пен найза болған ежелгі аңшылар мен балықшылар табиғат құбылыстарының сырын біле бермеген. Барлығы да жұмбақ болып, үнемі үрейлерін ұшырып отырған. Олар бүкіл табиғатты көрінбейтін жан иесі –«рух» жайлап жүреді деп ойлаған. Аң аулап жүріп мерт болған аңшының өлімін қаскөй рухтан көрген; саңырауқұлақтан уланып қалса, оны да қаскөй рух өлтірді деп есептеген. Мұндай рух жануарлардың, мысалы, мысықтың тұла бойын жаулап алған, сондықтан да оның құйрығы қайқайып, көзі шамдай жанып, түгі ұшқын шашып тұрады деп ойлаған. Қаскөй рух көбінесе қара мысықты жайлады: өйткені қара түс – көзге түртсе көргісіз тас қараңғы үрейлі түннің түсі деп, адам қара мысыққа жолаудан қорыққан.

«13» саны ырымшылардың үрейін ұшырататын қырысықты сан есептеледі. Ал «12» саны – құтты, жақсы сан, қалай қолдануыңа да ыңғайлы: оны екіге, үшке, төртке, тіпті алты бөлікке бөлуге болады. Егер осы 12-ге 1 қосылса болғаны, ол жаңағы жақсы қасиетінен айрылып шаға келеді-міс. 13 санын ұнатпау, міне, осыдан шыққан. Сондықтан да сайтан иектен сан деп атайтын болған. Кейбіреулер сейсенбі сәтсіз күн деп есептеген, ол күні жолға шығудан бас тартқан. Ал сәрсенбі сәтті күнге санаған. Егер шай құйғанда кесеге сама түссе, қонақ келеді деп күткен.

Соқыр сенім осылайша қараңғылық жайлаған көне заманда пайда болған. Иттің ұлығанын жамандыққа жорып, үй маңынан қуып жіберіп отырған. Үкі қауырсынын тіл-көзден сақтайды деп жас балалардың бесігіне, баскиіміне тағу да соқыр сенімнен туған келеңсіз жайға жатады. Ғылым адамдрға қоршаған орта, табиғат құбылыстары жайында дұрыс түсінік бергеннен кейін, соқыр сенім шырмауындағылар дүниеге басқаша қарайтын болды.

### **1 – тапсырма**

Мәтін бөлшектерімен танысып, тұтас мәтін құра, ойыңды жинақта, біріктір.

### **2 - тапсырма**

Қазіргі уақытта жиі қолданатын ырымдарды мәтін ішінен теріп жазып, басқа да өзің білетін ырымдарды қос.

### **3 - тапсырма**

Мәтін мазмұнына сүйенсек, соқыр сенім қараңғылық жайлаған көне заманда пайда болып, кейін ғылым табиғат құбылыстары жайында дұрыс түсінік берген соң соқыр сенім шырмауындағылар дүниеге басқаша қарайтын болған. Сіз қалай ойлайсыз, ырымға сенген дұрыс па? Ой толғап көріңіз.

## **ТЫҢДАУ АРҚЫЛЫ ЕСТЕ САҚТАУ**

### **1 - тапсырма**

Дәрігер, оқушы, ұста, мұғалім, жазу, қорқу, үрейлену, қуану, мақтану.

### **2 – тапсырма**

Осы сөздердің синонимдерін тауып жазыңдар.

### **3 – тапсырма**

Осы сөздерді қатыстырып мәтін құра.



**1-тапсырма**

Көмпіт қағазында салынған суреттегі жануардың қандай қасиеттері бар?

**2- тапсырма**

Осы көмпіттерді өндіруші фирма туралы не білесің?

**3- тапсырма**

Төрт түліктің бірі – түйе туралы қандай аңыздар білесің?

**КИІЗ ҮЙ**

Киіз үйдің шаңырағы өзіндік ерекше мәнге ие. Ол бүкіл бір әулеттің негізгі баспанасы дегенді де білдіреді. Осыдан келіп «үлкен үй», «қара шаңырақ» деген ерекше статусты білдіретін атаулар қалыптасқан. Бір атаның кенжесі қара шаңырақ иесі болып қалған. Ата-баба аруағына бағыштап, қара шаңыраққа сыбаға әкелу кіші үй келіндеріне міндет санаған. Бұл атаулар үлкен – үй, қара шаңырақ – қазіргі кезге дейін сақталған.

Киіз үйдің негізгі бөліктері:

Шаңырақ киіз үйдің күмбез еңсесін құрап, үй сүйегін тұтастырып тұрады. Шаңырақ – киелі мүлік. Атадан балаға мұра болып келе жатқан үйді қара шаңырақ деп құрметтейді. Қара шаңыраққа сәлем беру, одан дәм тату ежелгі халық жоралғысы.

Керегеге киіз үйдің негізін құрайды. «Керегең кең болсын» деген тілек осыдан шыққан. Өйткені үйдің берік болуы, кеңдігі осы керегеге байланысты. Дайын керегені қанат деп атайды, яғни 18 қанат үйде 18 кереге болады.

С. Мұқанов

**1- тапсырма:** Мәтін не туралы айтылған?

- А) Отан;
- Ә) Киіз үй;
- Б) Көп қабатты үй.

**2-тапсырма:** Киіз үйдің негізгі бөліктерін атаңыз.

**3- тапсырма:** Автордың ойынша қара шаңыраққа кім иелік ету керек?

- А) Үлкен ұл;
- Ә) Ортаншы ұл;
- Б) Кіші ұл .

**4 – тапсырма:** қара шаңыраққа не себепті кіші ұл иелік ету керек? Ой толғаңыз.

**5- тапсырма:** киіз үйдің балама атауы?

- А) Ақорда;
- Ә) Үлен үй, қара шаңырақ;
- Б) Көп қабатты үй.

*«Теміртау қ. № 9 мектеп – лицейі» КММ  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері  
Ж.Алданыш, Е.Б. Нурпеисова*

### **АСАН ҚАЙҒЫНЫҢ ЖЕРҰЙЫҚТЫ ІЗДЕГЕНІ**

Асан қайғы Желмаяға мініп, жиһан кезіп «Жерұйық» дейтін ну орманалды, көгөрай шалғынды, сулы жер, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын қоныс іздейді.

Асан қайғы Маңғыстауға үш барып, үш қайтыпты: «Түбінде мал баққан шаруаға Маңғыстаудан жақсы жер болмас», - депті.

Жетісуды көргенде: «Мынау Жетісудың ағашының әр бұтағы жеміс екен, шаруаға жақсы қоныс», - депті.

Осы күнгі Мерке жеріндегі Аспараны көргенде: «Ей, Аспара, көршіңмен тату бол, шөбіңе суың жетер!» - деп жүріп кетіпті.

Баянауыл тауын көргенде: «Баянға жаймай, қой семірсес» деп Асан қазіргі Баянауылды өзіне жайлау етіпті.

Әулиеатаның басындағы Жуалы жерін көргенде: «Жерің семіз, шөбің шүйгін, қарың мол, топырағың май екен, қадіріңді егін салған ел білер», - депті.

Қарсақбай аймағын көргенде (Жезқазған жері): «Айналаң жапан түз екен, тауыңның асты жез екен. Жұртың ашықпас!» - деп жүріп кетіпті.

Шыңғырлау өзенін көргенде, Асан түсе қалып, Желмаясын суарады: «Жылқының өзі өскен жоқ. Шыңғырлау, сен құт болған екенсің, сен өсірген екенсің!» - деп қонып кетіпті.

Асан шұрайлы қоныс, нулы өлке іздеумен өмір бойы Желмаясымен желіп өткен екен. Ұлытаудың бас жағына келіп дүние салыпты.

### **1-тапсырма. Сәйкестендір.**

Қарсақбай аймағы	жақсы қоныс
Маңғыстау	жұрттың ашықпас жері
Жетісу	жақсы жер

### **2-тапсырма.**

Мәтін ретімен орналастыр.

Жетісуды көргенде: «Мынау Жетісудың ағашының әр бұтағы жеміс екен, шаруаға жақсы қоныс», - депті.

Асан қайғы Желмаяға мініп, жиһан кезіп «Жерұйық» дейтін ну орманалды, көгөрай шалғынды, сулы жер, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын қоныс іздейді.

Осы күнгі Мерке жеріндегі Аспараны көргенде: «Ей, Аспара, көршіңмен тату бол, шөбіңе суың жетер!» - деп жүріп кетіпті.

Асан қайғы Маңғыстауға үш барып, үш қайтыпты: «Түбінде мал баққан шаруаға Маңғыстаудан жақсы жер болмас», - депті.

Шыңғырлау өзенін көргенде, Асан түсе қалып, Желмаясын суарады: «Жылқының өзі өскен жоқ. Шыңғырлау, сен құт болған екенсің, сен өсірген екенсің!» - деп қонып кетіпті.

Жетісуды көргенде: «Мынау Жетісудың ағашының әр бұтағы жеміс екен, шаруаға жақсы қоныс», - депті.

Қарсақбай аймағын көргенде (Жезқазған жері): «Айналаң жапан түз екен, тауыңның асты жез екен. Жұртың ашықпас!» деп жүріп кетіпті.

Баянауыл тауын көргенде: «Баянға жаймай, қой семірсес», - деп Асан қазіргі Баянауылды өзіне жайлау етіпті.



Әулиеатаның басындағы Жуалы жерін көргенде: «Жерің семіз, шөбің шүйгін, қарың мол, топырағың май екен, қадіріңді егін салған ел білер», - депті.

Асан шұрайлы қоныс, нулы өлке іздеумен өмір бойы Желмаясымен желіп өткен екен. Ұлытаудың бас жағына келіп дүние салыпты.

**3-тапсырма.** Мәтін бөлігін жалғастыр.

Әулие атаның Жуалы жерін көргенде: «Жерің семіз, ...

**4-тапсырма.** Мәтіндегі жер-су атауларын Қазақстан аймақтарына бөліңіз.

Маңғыстау, Баянауыл, Жезқазған, Аспара, Ұлытау, Жетісу.

Оңтүстік аймақ	Солтүстік аймақ	Орталық аймақ	Батыс аймақ

**5-тапсырма.** Өзіңнің туған жеріңе Асан қайғыша баға беріп көр. (Өз ойыңды жаз)

### ЖЕТИГЕН

Сонау бір өткен заманда бір шалдың жеті ұлы болыпты. Бірде қатты жұт болып, жеті ұлы бірінен соң бірі өледі. Бірінші ұлы өлгенде шал ішін қуыс етіп ойған ағашқа бір ішек тағып, «Қарағым» деп аталатын зарлы күй тартады. Екінші ұлы өлгенде, аспабының бетіне екінші ішекті орналастырып, «Қанат сынды» атты күйді өмірге әкеледі. Көз жұмған қалған ұлдарына кезегімен, «От сөнер», «Бақыт көшті», «Күн тұтылды», «Ай құрыды» деген күйлерін арнайды. Жетінші ұлы өлгенде шал соңғы ішекті тағып, «Жеті баламнан айрылып құса болдым» деген күй тартады. Сөйтіп, қазақтың «Жетіген» атты ұлттық музыкалық аспабы дүниеге келіпті-мыс.

(«Қазақстан әйелдері» журналынан)

**1-тапсырма.** Мәтін бойынша берілген сұрақтарға жауап беріңіз: (Әр сұраққа бір ұпай)

1) Шал екінші ұлы қайтыс болғанда қандай күй шығарды?	А) «Қарағым» Б) «Қанат сынды» В) «От сөнер»
2) Шалдың неше ұлы болды?	А) үш Б) төрт В) жеті
3) «Қанат сынды» күйін шал нешінші ұлы қайтыс болғанда шығарды?	А) бірінші Б) бесінші В) екінші
4) Мәтіннің атауы қандай?	А) «Шалдың қайтыс болған ұлдары» Б) «Жетіген» В) «жетіген туралы күйлер»
5) Шал неше ұлынан айрылды?	А) бір Б) жеті В) бес

**2-тапсырма.** «Досыма хат». Жетіген аспабын орыс халқының қандай ішекті аспабымен салыстыруға болатыны туралы Ресейде тұратын досыңызға хат жазыңыз.

**3-тапсырма.** Энциклопедия, ғаламтор немесе газет-журналдарды пайдалана отыра, жетіген аспабының шығу тарихын зерттеңіз.

**4-тапсырма.** Берілген музыкалық аспаптардың ішінен ішекті аспаптарды табыңыз

Аспаптардың атаулары	Ішекті аспаптар
Скрипка	
Дабыл	
Домбыра	
Пианино	
Жетіген	
Баян	
Қобыз	

**5-тапсырма.** Мәтін бойынша мәліметтердің ретін анықтаңыз:

- А) шалдың жеті ұлы болыпты, «Қанат сынды» күйін шығарды, «Қарағым» күйін шығарды;  
 Б) жеті ұлы болды, жеті ұлы қайтыс болды, қайтыс болған әр ұлына күй арнады;  
 В) жеті ұлы болды, «Бақыт көшті» күйін шығарды, аспапқа бірінші ішекті тақты.

Ықыластың атақты күйші болуына әкесі Дүкен ықпал еткен. Ертеде жаугершілік заманда Ерназар ауылын жау шабады. Ерді байлап, малды айдап барымталап әкетеді. Бір кезде олар артынан бір ызың естіп тоқтапты дейді. Барымташылар басшысы тұра қалып, тыңдап, әлгі ызыңға балқып жүре алмай қойыпты. «Қой, адам түгіл қобыз жылап жатыр, жылатпайық, қайтарыңдар малды», – деп мәрттік жасапты. Сөйтсе, сол қобызды тартқан Дүкен екен дейді. Бәрі жиылып, ұйып отырып қобызын тыңдап, жыласып айырылысыпты.

Сол Дүкеннен баласы Ықылас асып туған қобызшы болды ғой. Қобыз – әулетіне қонған бақ екен.

(Құлыбек)

Келесі сұрақтарға жауап беру үшін жоғарыда берілген мәтінді қолданыңдар:

**1-сұрақ**

Бұл мәтін арқылы автордың айтпақ болған ойы не?

- A) Ықыластың атақты күйші болуының себебі
- B) Барымта туралы
- C) Қобыздың құдіреті
- D) Әкенің бала өміріндегі рөлі

**2-сұрақ**

Барымташының мәрттік жасауының себебі неде деп ойлайсың? Ойыңды дәлелдеп көр.

---

**3-сұрақ**

Егер жау қолына түссең, не істер едің? Сені қай өнер түрі құтқарған болар еді? Неге деп ойлайсың? Түсіндір. \_\_\_\_\_

**4-сұрақ**

Мәтіндегі ойды бірнеше мақал-мәтелмен түйінде.

---

**5-сұрақ**

Мәтінге ат қой. Олай атауыңның себебі неде?

---

**АҚҚУ**

Көктемде Жайық өңіріне аққулар қос-қостан ұшып келеді. Талқайраңдағы көк шалғынға киіз үй тіккенбіз. Сыртта тұрып, сыбызғының үніндей сұңқылдаған аққулар даусын тыңдадым. Тобымен орман ішіне қонды.

Таңертең ерте оянып, тысқа шықтым. Шығыс жақ – қызыл шапақ. Сүрлеумен өзенге қарай жүгірдім. Кешкісін қармақ құрып кеткенбіз. Келсем, аққу жүр екен. Қармақ аяғына кіріп кетіпті.

Жалма-жан көйлегімді шешіп тастап, аққудың қасына жүзіп жеттім. Аққу су сабалап, сыңсыды. Аузын ашып, айбат шекті. Аяғынан ұстадым да, қармақтан босаттым. Рақмет айтқандай, бір саңқ етті де, арғы беттегі жасыл құрақ ішінде қиқу салып, мұны тосып жүрген тобына барып қосылды. Өзен жағасын әнге бөлеп, аққулар аспанға көтерілді.

1.Аққу туралы не білесіз және ол қандай құс? Өз пікіріңіз...

2. Халқымызда аққудан басқа қандай құстарды қасиетті деп есептейді? Өз ойыңызды 7-8 сөйлеммен жазыңыз.

Мәтіндегі негізгі ойды 4-5 мақал – мәтел, тыйым сөздер арқылы білдіріңіз.

3. Мәтінге сәйкес емес ақпаратты табыңыз.

А) Аққу су сабалады.

В) Аққулардың дауыстары естілмеді.

С) Аузын ашып, айбат шекті.

Д) Өз тобына барып қосылды.

*«Теміртау қ. №17 ЖББОМ»КММ  
қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі  
Н.Е.Абдуллина*

### **ҚЫЛҚАЛАМ ШЕБЕРІ**

Адамзат қоғамынағы теңдесі жоқ мүсінші, тамаша қыл қалам шебері, сәулет өнерінің сарбазы, өнердің қай саласының болсын майталманы — атақты Микеланджело еді. Оның өнерінің ішіндегі қай туындысын алсаңыз да, алдымен адамды, оның ақыл-парасатын, оның бойындағы ізгілік қасиеттерді аңғарамыз. Микеланджелоның атақты мүсіндері — «Давид», «Моисей», «Бұғаудағы құл». Оның атақты «Давид» мүсіні туралы Вазарий (итальяндық суретші, сәулетші, жазушы) таңдана былай деп жазды: «Микеланджелоның қолынан шыққан Давидтің алып мүсіні қазіргі кез бен ежелгі дүниеде Грекия мен Римде жасалған мүсіндердің даңқын тартып алды». Шындығында да, тұла бойы ерлік пен күшке толы, өз ісінің әділдігіне сенімді, қуатты да сүйкімді Давидтің мүсіні азаттық аңсаған елдің айбынды батырының, табиғат күштерін бойына жинақтаған ұлы адамның бейнесі болатын. «Давид» мүсіні дүниеге келген күн — Италияда ұлттық мейрам болып жарияланды, бұл өнер туындысына, жалпы өнер атаулыға деген халықтың асқан құрметі болатын.

#### **Тапсырмалар:**

1. Мәтіндегі жалқы есімдер:

2. «Давид» мүсінін сипаттайтын сөйлем:

3. Халықтың өнерге деген құрметін көрсететін сөйлем:

4. Микеланджело кім?

5. Вазарий кім?

6. Мәтіннің мақсаты не? (Сендіру, ақпарат беру, еске түсіру, көңіл –күйді көтеру, талдау)

7. Аудиториясы кімдер? (жасы, мамандығы, т.б.) Себебі? Сабақтың өн бойында қатысушылар формативті бағаланады. Қағазға жазылған «Таң қаларлық!», «Сөз жоқ!» деген ынталандырушы сөздер көрсетіліп тұрады.

### **ЖАҚСЫ КАРТИНА 1000 СӨЗДЕН БАҒАЛЫ**

Қабырғаларға сурет ілінеді. Қатысушылар қасына барып, суретті мұқият қарайды. Өзінің көзқарасын айтады.

**Саламат:** Сурет орынды, әдемі шыққан. Әскерге байланысты: егер Қорғаныс министрлігі өзгермесе, әскери салада жемқорлық, сыбайластық тыйылмаса, әскердегі жағдай өзгермесе, келешекте баламды армияға жібермеймін. Қорқамын.

**Назым:** Негізі мына суреттің жалғасын салуға болады екен: «Арада 20 жыл өтті. Бала — жігіт. Пәтерде. Ал мынау сурет ойында ғана». Ол суреттің аты: «Анам өтірік айтты ма?»

**Айқын:** Ойыңыз да, шығармаңыз да керемет, мін жоқ. Тек, 8 шаршы ұлтарақтай жерге жете алмай, пәтер жалдап жүрген Қазақ баласына «мынау -сенің жерің» деп қай жерін меңзеп көрсетеді бұл күнде?!



**Жазира:** Суретіңіздің идеясы өте терең, астарлы. Қарап отырып, біраз жайтты аңғаруға болады. Менде мынадай ұсыныс бар: қала көшелеріндегі жарқылдаған жарнамаларды алып тастап, осындай мағыналы суреттерді іліп қойса, жүздің бірін толғандырар еді. Қалай қарайсыз?

**Дария:** Мұндай суретті барлық ел сала алады. Оның ешқандай күрделілігі де, әдемілігі де жоқ. Суретшінің фантазиясы өте төмен. Бұдан күрделірек бірдеңе салып көруі керек еді.

### **1-тапсырма**

Келесі пікірлер форумға қатысушының қайсысына қатысты? Қатысушылардың пікірін сан арқылы олардың атымен сәйкестендіріңіз.

1. Суретшіге азырақ ойлану керек.
2. Армияға жіберу – қауіпті.
3. Тәрбиелік мәні жоғары.
4. Әлеуметтік жағынан кереғар ұғым қалыптасуы мүмкін.

- А. Жазира
- Ә. Дария
- Б. Саламат
- В. Айқын

### **2-тапсырма**

2. Қай қатысушының пікірі сіздің Аңсаған Мұстафаның картинасы туралы пікіріңізбен сәйкес келеді? Қатысушының атын айтыңыз. Мәтіннен өзіңіздің жауабыңызды көрсету үшін екі дәйектеме тауып жазыңыз.

«Мен Дарияның «Аңсаған күрделірек бірдеңе сала алатын еді ғой» деген пікірімен келісемін» немесе «Менің пікірім Айқынның пікірімен сәйкес келеді, өйткені ....».

3. Сізге бұл сурет ұнады ма? Егер ұнаса, себебін тізбелеп жазып көріңіз.

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_
4. \_\_\_\_\_
5. \_\_\_\_\_

\*Тезис — сіздің көзқарасыңыздың (сіздің пікіріңіздің, басқа тарапқа айтатын сіздің ұсынысыңыздың) тұжырымдап айтылуы.

4. Жауабыңызды көрнекі етіп көрсететін екі дәйектеме келтіріңіз. \*Дәйектемелер — өз көзқарасыңызды негіздеу үшін келтіретін тұжырымдар, дәлелдеулер. Дәйектемелер сіздің неліктен сенетіңіз, жасайтыныңыз туралы сұраққа жауап береді.

### ҚАЙТА ӨРЛЕУ ДӘУІРІ



#### Тапсырмалар:

1. Шығарманың авторы кім? Қалай аталады? Қашан жазылған? Басты кейіпкері?
2. Шығарманың құндылығы туралы не айтар едіңіз?
3. Бұл шығарманың театр мен киноға қатысы бар ма? Оны қалай дәлелдер едіңіз?
4. Қай мәліметті назардан тыс қалдырдыңыз?

### ДЕРБЕС КОМПЬЮТЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

Кез келген дербес компьютер бірнеше құрылғылардан тұрады. Бұл құрылғылардың кейбірі өте маңызды – бұлар монитор, жүйелік блок пен пернетақта, өйткені компьютер оларсыз жұмыс істемейді. Басқа құрылғылар да пайдалы міндеттер атқарады, бірақ компьютер оларсыз да жұмыс істей алады. Дербес компьютердің процессоры мен жедел жадынан басқалары оның сыртқы құрылғылары болып табылады. Олар: монитор, пернетақта, принтер, маус, модем, т.б.

Әрбір сыртқы құрылғы компьютердің процессорымен арнайы блоктар – адаптер немесе контроллер арқылы жалғасады. Адаптер немесе контроллердің міндеті – процессордан келіп түскен ақпаратты құрылғылардың жұмысын басқаратын сәйкес сигналдарға айналдыру. Жүйелік блокқа дербес компьютердің негізгі құрылғылары жинақталған, олар деректерді өңдеуді, электр тогының қосылуын, қосымша құрылғыларды қосуды қамтамасыз етеді. Жүйелік блоктың алдыңғы тақтасында: компьютерді қосу/өшіру батырмасы, дискжетек, компакт-дискіден оқитын CD-ROM орналастырылған.

Жүйелік блоктың ішінде аналық (жүйелік) плата (тақша), процессор, қоректендіру блогы, жедел жад, қатқыл диск, дискжетек, CD-ROM, бейнетақша, дыбыс тақшасы мен көптеген басқа құрылғылар бар. Процессор – компьютердің ең басты бөлігі. Ол – компьютердің “миы”. Ол бүкіл компьютердің жұмысын атқарады және бағдарламалардағы барлық командаларды орындайды.

Жедел жад – бұл компьютердің ішкі жады. Жедел жад немесе оперативті жадтайтын құрылғы (ОЖҚ) – ол қажет ақпараттарды өзіне жылдам жазуға және одан оқуға мүмкіндік береді. Жедел жадта деректерді сақтау үшін оны үздіксіз электрмен қоректендіріп отыру керек.

Дисплей – компьютердің экранына ақпаратты шығаратын құрылғы. Дисплей – компьютердің “тілі”, ол оның көмегімен өзінің жұмысы туралы барлық қажет ақпаратты беріп отырады. Дисплей электронды-сәулелік түтікшеден, қоректендіру блогынан және сәулені басқарушы электрондық блоктан тұрады.

Пернетақта – компьютерге ақпарат енгізуге арналған құрылғы. Ол әріптің және цифр пернелерінің көмегімен компьютерге кез келген ақпаратты беруге мүмкіндік жасайды. Қазіргі компьютердің пернетақтасында 101 немесе 102 перне болады.

**Тапсырмалар:**

1. Дербес компьютердің негізгі құрылғылары қайда жинақталған?

- А) жүйелік блокқа
- Б) адаптер мен контроллерге
- С) модемге

2. Қазіргі компьютердің пернетақтасында қанша перне бар?

- А) 100 немесе 101
- Б) 101 немесе 102
- С) 102 немесе 103

3. Мәтін мазмұнына сүйене отырып, сөйлемдерді толықтырыңыз.

1. Дербес компьютер бірнеше \_\_\_\_\_ тұрады.

2. Дербес компьютердің процессоры мен жедел жадынан басқалары оның \_\_\_\_\_ құрылғылары болып табылады.

3. Жүйелік блоктың алдыңғы тақтасында компьютерді қосу/өшіру .. \_\_\_\_\_ орналасқан.

4. Процессор компьютердің \_\_\_\_\_.

5. Жедел жад – бұл компьютердің \_\_\_\_\_ жады.

6. ЖЖҚ – ақпараттарды уақытша \_\_\_\_\_ арналған жад.

7. \_\_\_\_\_ компьютерге ақпарат енгізуге арналған құрылғы

4. Берілген сөздерден синонимдерді анықтаңыз: Кез, жүйе, тез, өйткені, жылдам, жұмыс, жедел.

**ТІЛ СЫРЫНА САЯХАТ**

Дүние жүзінде халық та, соған орай тіл де көп. Ғалымдар соңғы кездерге дейін дүние жүзінде екі мыңнан астам немесе үш мыңға жуық тіл бар деп келген еді. 1980 жылы Герман Федерациялық Республикасында жарияланған мағлұматтарға қарағанда 5661 тіл бар екен. Қазір дүниеде 2796 түрлі тіл қолданылады. Қолданатын жан саны 50 миллионнан асатын тіл – 13.

Егер бұл тілдерді қолданатын жан санының аз-көптігіне қарай тізсек, реті мынандай болады: қытай тілі, хинді-ордо тілі, ағылшын тілі, испан тілі, итальян тілі. Бұл тілдер 65 мемлекетте мемлекеттік тіл ретінде қолданылады.

Дүние жүзінде ресми тіл саны алтау: қытай тілі, ағылшын тілі, орыс тілі, испан тілі, француз тілі, араб тілі. Дүниедегі барлық аударма шығармалардың 33% ағылшын тілінен аударылса, 15 % – француз тілінен, ал 1% неміс тілінен аударылады. Жалпы 6 мыңға жуық тілдің 100-і ғана мемлекеттік деген статусқа ие болған.

Көп тілді үйрену қиын ба? Дүние жүзі халықтарының тілінде қаншама газет шықса, ағылшын тілінде де соншама газет шығып келе жатқанынан, кітаптардың ағылшын, орыс, француз, неміс тілдеріне де көп аударылатынынан хабардармыз. Мұның сыртында географиялық таралуы жағынан испан тілінің бірінші орынды иеленіп келгенін білеміз. Ал шығыс тілдерін қазір бұрынғыдан көп үйренетін болды. Бұлардың бәрі де өзге тілді үйрену үшін үлкен көмек. Зерттеу қорытындылары көрсеткеніндей, көп халық ең бірінші негізгі тілдерді, сосын оған жақынырақ, бір тектес тілдерді үйренеді. Ең ғажабы, адам баласы неғұрлым көбірек тіл үйренсе, жаңа тілді жеңіл игеретін көрінеді.

Кезінде басқа тілдерді үйренуге қарсы тағылық әрекеттер де болған. Әсіресе, орта ғасырда өзге тілді тез игеру күдік туғызды. Ол заманда «өзге тілді адамның өздігінен үйренуі қиын», деген теріс түсінікті адамдардың санасына сіңіріп, сондай жағымсыз көзқарасты қалыптастырған. Қазақ халқы «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» дейді.

1-тапсырма. Мәтінде қандай ақпарат айтылған?

- А) Әлемдегі тілдердің саны туралы;
- Б) Европа, шығыс тілдері туралы;
- С) Әлем тілдерін міндетті түрде білу.

2-тапсырма. Дүние жүзінде ресми тіл саны

- A) төртеу;
- B) бесеу;
- C) алтау;
- D) жетеу.

3-тапсырма. Мәтіннің көмегімен сөйлемдегі толықтырып, ойды тиянақтап жазыңыз.

- \_\_\_\_\_ дүние жүзінде үш мыңға жуық тіл бар дейді.  
\_\_\_\_\_ ресми тіл саны алтау.  
\_\_\_\_\_ жағынан испан тілі бірінші орынды иеленіп келе жатыр.  
\_\_\_\_\_ өзге тілді тез игеру күдік тұғызды.  
\_\_\_\_\_ деп ондаған тілдерді қатар үйренуге қабілетті адамдарды атайды.  
\_\_\_\_\_ 2796 түрлі тіл қолданылады.  
\_\_\_\_\_ 100-і ғана мемлекеттік деген статустыққа ие болған.

**4-тапсырма.** Екі бағанадағы сөйлемдерді мағынасына қарай толықтырыңыз.

1.	Дүние жүзінде екі мыңнан ... .	мүмкін емес
2.	Дүниедегі барлық аударма шығармалардың ...	жеті түрлі білім біл
3.	Географиялық таралуы жағынан испан тілінің ...	33% ағылшын тілінен аударылады
4.	Көп тілді үйрену...	бірінші орынды иеленіп келгенін білеміз
5.	Жеті жұрттың тілін біл, ...	астам немесе үш мыңға жуық тіл бар
6.	Тілді зорлап үйрету ...	қиын ба?

**5-тапсырма.** Мәтінді бөліктерге бөліп, әр бөлікке тақырып қойыңыз.

**6-тапсырма.** Мәтіндегі ақпаратқа сүйене отырып, ой-пікірледі дәлелдеңіз. Ауызша/жазбаша

Ой-пікірлер	дәлелдеме
1. «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл»	
2. Зерттеу қорытындылары көрсеткеніндей, көп халық ең бірінші негізгі тілдерді, сосын оған жақынырақ, бір тектес тілдерді үйренеді.	
3. Ал шығыс тілдерін қазір бұрынғыдан көп үйренетін болды.	
4. Адам баласы неғұрлым көбірек тіл үйренсе, жаңа тілді жеңіл игеретін көрінеді.	
5. Тілді зорлап үйрету мүмкін емес.	

*«Теміртау қ. №21 ЖББОМ»КММ  
қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімдері  
К.М.Жунусов, С.Ж Нургазина*

### **МӘТІН**

Футбол - әлемдегі ең танымал ойын. Футбол милиондардың спорты. Адамдар Англияны қазіргі футбол отаны деп таниды. Бірақ көптеген басқа да мемлекеттер де осы ойынның «аталары» бола алады. Египетте, Грецияда, Жапонияда, Қытайда тарихшы – ғалымдар көне доптарды тапқан. Қытайда футбол ойыны дзу-ню, көне Грецияда – Эпискирос, Жапонияда – Кемари деп аталған. Адамдар ресми түрде Англияда XIX ғасыр ортасында футбол ойнай бастаған. Онда 4 футбол тобы болған. Арнайы алаңда ойнаған. 1871 жылы Англияда бірінші футбол ойыны болды, ал 1872 жылы ағылшын және Шотланд командасының бірінші кездесуі болды.

1904 жылы спортсмендер халықаралық футбол ассоциациясын – ФИФА-ны ұйымдастыруды шешті. Француз Роберт Герек оның тұңғыш президенті болды.

Әйелдер де спортты жақсы көреді. XX ғасырдың басында алғашқы әйелдер командасы футбол ойнай бастады. Ал қазір әйелдер футболы олимпиада ойынының бағдарламасында бар.

**1-тапсырма.** Мәтінге нақтырақ атау таңдаңыз.

- A. Футбол тарихы
- B. Англия – футбол отаны
- C. Футбол - әйелдер ойыны
- D. ФИФА туралы

**2-тапсырма.** Мәтінде қандай ақпарат берілген?

- A. Әйелдер футболы
- B. Ерлер футболы
- C. Футбол туралы
- D. ФИФА туралы

**3-тапсырма.** Әдетте, адамдар ... футбол отаны деп санайды.

- A. Грецияны
- B. Францияны
- C. Англияны
- D. Қытайды


**4-тапсырма.** Мәтін мазмұнына тірек болып тұрған азат жолды көшіріп жазыңыз.

- A. Футбол миллиондардың спорты.
- B. Адамдар Англияны қазіргі футбол отаны деп таниды.
- C. Футбол - әлемдегі ең танымал ойын.
- D. Англияда XIX ғасыр ортасында футбол ойнай бастаған.


**5-тапсырма.** Артық суретті табыңыз.




1.



2.



3.



4.

- A. Бірінші сурет
- B. Екінші сурет
- C. Үшінші сурет
- D. Төртінші сурет

**6-тапсырма.** «Сәйкестігін тап» стратегиясын пайдаланып, сөздер мен сөз тіркестерін орыс тіліндегі баламасын табыңыз.

ресми	самый известный
халықаралық	официальный
ең танымал	международный

- A. халықаралық-международный, ең танымал-официальный
- B. ресми-официальный, ең танымал-самый известный, халықаралық- международный
- C. ең танымал-официальный, халықаралық-самый известный
- D. ресми- известный, халықаралық-официальный, ең танымал-самый известный

### **ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫ ТУРАЛЫ ЕРТЕГІ**

Әдемі оқулық пен жасыл сөмке биыл бірінші рет мектепке барды. Сөмкенің ішінде кітап, дәптер, өшіргіш, қалам, сызғыш, күнделік. Екеуі де жап-жаңа. Енді екеуі, өздерін ұқыпты ұстайтын оқушыны іздеді.

- Ал кіммен дос боламыз?-дейді бірде оқулық.
- Білмеймін,-дейді сөмке-жүр іздейік.
- Жарайды сөйтеік,-деп келіседі оқулық.

Сонымен екеуі іздеуге шығады. Алдарынан екі оқушы кездеседі.



Есімдері Омар мен Дархан. Екеуі де үздік оқушылар.

Оқулық пен жасыл сөмке кімді таңдарын білмей әлек болады.

Оқулық пен жасыл сөмкенің дауласуларын көрген Омар мен Дархан, екеуін бөліп алады.

Оқулық Омардың қолына тиеді. Ал, жасыл сөмке Дарханға бұйырады.

**1-тапсырма.** Мәтінде қандай ақпарат берілген?

- A. Оқу құралдары туралы
- B. Омар мен Дарханның кездесуі
- C. Сөмке туралы
- D. Оқулық туралы

**2-тапсырма.** Жақшаның ішінен керекті сөзді тауып, сөйлемдерді толықтырып жазыңыз.

- A. Әдемі оқулық пен жасыл сөмке биыл ... (бірінші, екінші, үшінші) рет мектепке барды.
- B. Кіммен дос боламыз?-дейді бірде ... (сөмке, дәптер, оқулық).
- C. Оқулық ... (Дархан, Омар, сөмке)-ның қолына тиеді.
- D. Сөмке... (Омар, Дархан, оқулық)-ға бұйырады.

**3-тапсырма.** Оқыған мәтін мазмұнына сәйкес қаншалықты дәрежеде сурет сала алатыныңды анықтаңыз /жазбаша/.

**4-тапсырма.** «Адасқан сөйлемдер» стратегиясын пайдалана отырып кестеден екі дұрыс сөйлемді құрастыр.

мен		сөмке	
	пен		Дархан
	оқушылар		
Омар		әлек	білмей
	таңдарын	үздік	
болады	Оқулық		кімд

**5-тапсырма.** Жұртшылыққа хабар тарататын «Оқу құралдары» тақырыбында кластер жасаңыз.



**6-тапсырма.** Мәтіннен алған біліміңізге байланысты төмендегі кестені толтырыңыз.

Маңызды мәлімет	Түсініктеме
1. Ертегідегі негізгі құралдар таласуы	
2. Ертегі туралы өз түсінігіңізді жазыңыз.	
3. Мәтін бойынша Сізге қандай сұрақтар туындар еді?	

**ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ**

Жылдың төрт мезгілі бар: көктем, жаз, күз, қыс. Наурыз, сәуір, мамыр көктем айлары. Бұл кезде күн жылына бастайды. Түн қысқарып, күн ұзарады. Көктем туғанда, ерекше мереке Наурыз мейрамы тойланады. 22 наурыз – шығыс халықтарының жаңа жылы. Наурыз парсы сөзі, “Жаңа күн” деген мағынаны береді. Жылдың төрт мезгілінің бірі – жаз. Маусым, шілде, тамыз – жаз айлары.

Жазда шыққанда, күн ыстық, ашық болады. Жаңбыр аз жауады. Күн ұзақ, түн қысқа болады.

Күз – жылдың төрт мезгілінің бірі. Қыркүйек, қазан, қараша – күз айлары. Күз келгенде, күн қысқарады, түн ұзарады. Қараңғылық ерте түседі. Жаңбыр да жиі-жиі жауады. Ал адамдар қысқа әзірлікке кіріседі. Күз - ерекше мезгіл. Қазақ күзді қоңыр күз, күрең күз деп атайды. Ең әдемі де ерекше мезгілдің бірі – қыс. Желтоқсан, қаңтар, ақпан – қыс айлары.

Күзден кейін қыс келеді. Қыс түскенде дала, орман, үйлер де ақ қар жамылады. Өзендер мен көлдердің бетіне мұз қатады. Жыл мезгілдерінің ең суық та қаһарлы кезі – осы қыс айлары. Бір жылда 365 күн бар. Бір айда 30 күн бар. Бір айда 4 апта бар. Бір аптада 7 күн бар. Олар: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі.

**1-тапсырма.** Қажетті сөздерді теріп жазыңыз.

аптап ыстық болады, күн жылынады, қар ериді, жапырақтар сарғаяды, ұйытқып жел соғады, аяз болады, үскірік, көк шығады, жапырақтар түседі, жаңбыр жиі жауады, найзағай ойнайды, күн ысиды, адамдар өзен, көлдерде шомылады.

Қыста .....  
Көктемде .....  
Жазда .....  
Күзде .....

**2-тапсырма.** Көп нүктенің орнына тиісті сұраулы есімдіктерді қойып, жазыңыз.


1. Қыс айлары ... ?
2. Қыста күн ... болады?
3. Қыста ... жауады?
4. Көктемде ... ұшып келеді?
5. Күзде ... піседі?
6. Күзде жапырақтар ... болады?
7. Күзде базарда, дүкенде ... көп болады?
8. Балалар ... шомылады?
9. Жазда ... гүлдер өседі?

**3-тапсырма.** Диалогты жазбаша жалғастырыңыз.

- Көктемде қандай ерекше мереке тойланады?
- Көктем туғанда, ерекше мереке Наурыз мейрамы тойланады.
- 22-наурыз қандай мереке?

-.....  
-.....  
-.....

**4-тапсырма.** Әр мезгілге сурет бойынша мәтін құраңыз.



**5-тапсырма.** Әр сөзбен сөйлем құрастырыңыз.

Үлгі: Былтыр қыс суық болды.

суық					салқын
	жылы				ыстық
		желді		болды	
		келесі	Қыс	жаңа	
		ашық	Көктем	биыл	
	бүгін		Жаз		кеше
түн			Күз		
			Күн		былтыр
			Жыл		
			Ай		

### Ақпараттар әлемінде

XIX ғасырда техниканың, оның ішінде компьютердің, қарыштап дамыған жаңа кезеңіне батыл қадам басты. Компьютерлік технологияның дамуы қоғамның ғылым, мәдениет, білім беру, өндіріс, басқару секілді салаларында жылдам жүріп жатқан интерграциялық үдерістермен байланысты ақпараттандырудың ғалымдық мәселелеріне алып келді. Қоғамдық ақпараттандыру - жаңа микропроцессорлар мен есептеу техникаларының, сондай-ақ ақпараттық өзара әрекеттесу мен ақпарат алмасудың әр түрлі құралдары негізінде жүзеге асатын, қоғамдық өндіріс саласында жетекші рөл атқаратын ақпараттарды жинақтау, қор жасау, өңдеу, сақтау, жіберу, пайдалану, ақпаратты сүзу сияқты қызметтерден құралатын ғаламдық - әлеуметтік үдеріс. Күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналған қазіргі уақытта қажеттілікті өтеу үшін техниканың түрлері көптеп саналады. Адам мен жалпы қоғамның интеллектуалдық мүмкіндіктерін күшейтуде маңызды рөл атқаратын компьютер кез келген ақпараттық өндейтін әмбебап техникалық құрал болып саналады.

**1-тапсырма.** Мәтінде қандай ақпарат берілген?

- A. Ұялы телефон байланысы
- B. Компьютерлік технологияның дамуы
- C. Қоғамдық ақпараттандыру
- D. Адам мен ғаламшардың байланысы

**2-тапсырма.** Жақшаның ішінен керекті сөзді тауып, сөйлемдерді толықтырып жазыңыз.

A. Компьютерлік технологияның ... ( дамуы, өсуі, кеңеюі) ақпараттандырудың ғалымдық мәселелеріне алып келді.

B. Қоғамдық ... (интеграциялау, дамыту, ақпараттандыру) - жаңа микропроцессорлар мен есептеу техникаларын қажет етті.

C. Қоғамдық өндіріс саласында ... (кейінгі, бұрынғы, жетекші) рөл атқаратын ақпараттарды жинақтау, қор жасау, өңдеу, сақтау, жіберу, пайдалану, ақпаратты сүзу сияқты қызметтер жүзеге асты.

D. Адам мен жалпы қоғамның интеллектуалдық мүмкіндіктерін ... (жеткізуде, күшейтуде, азайтуда) маңызды болып саналады.

**3-тапсырма.** Оқыған мәтін мазмұнына сәйкес қаншалықты дәрежеде сурет сала алатыныңды анықта.

**4-тапсырма.** «Адасқан сөйлемдер» стратегиясын пайдалана отырып кестеден екі дұрыс сөйлемді құрастыр.

уақытта	көп		дамыған
	XIX	техниканың	
түрлері			қазіргі
жаңа	ғасыр	қарыштап	
компьютердің		үшін	өтеу
	қажеттілікті		кезеңі

**5-тапсырма.** Жұртшылыққа хабар тарататын «Ақпарат ұғымы» тақырыбында кластер жасаңыз.



**6-тапсырма.** Мәтіннен алған біліміңізге байланысты төмендегі кестені толтырыңыз

Маңызды мәлімет	Түсініктеме
XIX ғасыр-техника ғасыры	
Қоғамдық ақпараттандыру туралы өз түсінігіңізді жазыңыз.	
Мәтін бойынша Сізге қандай сұрақтар туындады?	

«Теміртау қ. №28 ЖББОМ»КММ  
қазақ тілі мен әдебиет  
пәні мұғалімдері  
Г.Шаку, Б. Раш

### **ТИІН МЕН ҚАСҚЫР**

Тиін бұтақтан-бұтаққа секіріп жүріп, ұйықтап жатқан қасқырдың үстіне құлап түседі. Қасқыр ұшып тұрып, оны жемекші болады.

- Қоя бер мені! – деп тиін жалына бастайды.

- Жақсы, қоя берейін, бірақ осы тиін біткен неге сонша көңілді боласыңдар, соның себебін айтшы маған. Мен үнемі жабығып жүремін, ал сендер төбемізде асыр салып ойнайсыңдар да жүресіңдер.

#### **1-тапсырма**

Тиін мен қасқыр қандай аңдар? Аңдардың адамдарға және табиғатқа тигізер пайдасы туралы жаз.

#### **2-тапсырма**

Қасқыр мен тиінді қандай адамдардың образында көресің? Бұл қандай жанр?

#### **3-тапсырма**

Егер сен тиін болсаң қасқырға қалай жауап берер едің?

### НАУРЫЗ ТУРАЛЫ ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕК



Наурыз - бүгінде халықаралық мереке. Ол Орталық Азияның көптеген елдерінде: Қазақстанда, Өзбекстанда, Қырғызстанда, Түркіменстанда, Әзірбайжанда, Тәжікстанда және басқа да елдерде ресми түрде атап өтіледі.

Наурыз - Жаңа жылдың басы. Бұл күн, яғни наурыз айының 21-нен 22-не қараған түні - аспан денелері өздерінің бастапқы нүктелеріне келіп, күн мен түн теңеледі. Сондықтан халық санасында ол - Әз Наурыз деп аталады. Бұл күн - сонымен қатар жуанның жіңішкеріп,

жіңішкенің үзілер шағы. Осы күннен бастап Жаңа жыл басталады. Адамның аузы аққа, малдың аузы көкке тие бастайды. **Наурыздың Халықаралық мәртебесі** 2010 жылы 19 ақпанда БҰҰ Бас Ассамблеясының 64-ші сессиясында «Әлем мәдениеті» атты күн тәртібінің 49 тармағы аясында «Халықаралық Наурыз күні» деп аталатын қарар қабылданды. Елбасы наурыз айының 22 жұлдызын "**Наурыз мейрамы**" деп жариялады. Ал 2009 жылдың 24 сәуірінде ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаев наурыз айының 21, 22, 23 күндеріне "**Наурыз мейрамы**" деген атақ берді.

**Жоғарыдағы мәтінді қолдана отырып, өз ойыңмен бөлісіңіз. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз?**

**СҰРАҚ 1.** Наурыз мейрамы қандай мереке?

**СҰРАҚ 2.** Бұл күні ауа райында қандай өзгерістер байқалады?

**СҰРАҚ 3.**

Қазақ халқының қандай ұлттық тағамы дайындалады? Мәні неде?

**СҰРАҚ 4.** Қандай ұлттық ойындарды білесіз?

**СҰРАҚ 5.** Төменде тапсырма жауабының толық жауап ретінде ең жоғарғы балл қойылатын нұсқалары келтірілген. Дұрыс жауаптарды белгілеңіз.

Наурыздың Халықаралық мәртебесі ХҮ ғасырда берілген	Иә\Жоқ
2010 жылы 19 ақпанда БҰҰ Бас Ассамблеясының 64-ші сессиясында Наурыздың Халықаралық мәртебесі берілді	Иә\Жоқ
«Әлем мәдениеті» атты күн тәртібінің 49 тармағы аясында «Халықаралық Наурыз күні» деп аталатын қарар қабылданды.	Иә\Жоқ
«Халықаралық Наурыз күні» деп аталатын қарарда Наурыздың Халықаралық мәртебесі туралы айтылған.	Иә\Жоқ
Бас Ассамблеясының 64-ші сессиясында Наурыздың Халықаралық мәртебесі мүмдем айтылмаған.	Иә\Жоқ
Елбасы наурыз айының 22 жұлдызын " <b>Наурыз мейрамы</b> " деп жариялады.	Иә\Жоқ
2009 жылдың 24 сәуірінде ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаев наурыз айының 21, 22, 23 күндеріне " <b>Наурыз мейрамы</b> " деген атақ берді.	Иә\Жоқ

**СҰРАҚ 6.** «Наурыз мерекесі» қатысты он тірек сөз жаз

№ 2

**Ozgeshe.kz**  
Өскеменнің өз сайты

**ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕКТЕР**



Гиннес рекордтар кітабына 75 жасар Альберт Маркантонио есімді ұлыбританиялық азаматтың есімі «алтын» әріптермен жазылды. Ол әлемдегі ең ұзын асқабақты өсірді. Оның ұзындығы 165 см құрайды.

**Жоғарыдағы мәтінді қолдана отырып, өз ойыңмен бөлісіңіз. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз?**

**СҰРАҚ 1.** Бұл дерек қайдан алынған?

\_\_\_\_\_ **СҰРАҚ 2.**

Ұлыбританиялық азаматтың есімі «алтын» әріптермен жазылды.

\_\_\_\_\_ **СҰРАҚ 3.**

Әлемдегі ең ұзын асқабақ қайда өсірілді?

- A) Африка
- B) Азия
- C) АҚШ
- D) Гренландия
- E) Еуропа

**№ 3**



**Төмендегі сұрақтарға жауап беру үшін жоғарыда берілген суретті басшылыққа алыңыздар.**

**Сұрақ 1.** «Ansa Mustafa» деген жазу нені білдіреді?

\_\_\_\_\_ **Сұрақ 2.** «Orphanage» және «Letter mom» деген жазулар нені білдіреді?

\_\_\_\_\_ **Сұрақ 3.**

Бұл суретке қандай тақып лайықты деп ойлайсың?

\_\_\_\_\_ **Сұрақ 4.** Қалай ойлайсыздар, бұл баланың ойында қандай сыр болуы мүмкін?

\_\_\_\_\_ **Сұрақ 5.**

Қалай ойлайсыздар, автор суретінің қазіргі өмірде маңызы бар ма?

«Иә» немесе «Жоқ» жауаптарының бірін алып, ойларыңызды негіздеңіздер.

**№ 4**

#### **КИНОҒА БАРУ**

Мұндағы мәселе, киноға баратын сағат пен күнді таңдауда жатыр.

15 жастағы Айжан бір апта уақытқа созылатын мектеп каникулында екі құрдас досымен киноға барғысы келеді. Каникул 24 наурызда сәрсенбіде басталып 1 сәуір бейсенбіде аяқталады.

Айжан өз құрбыларынан киноға баруға қолайлы күн мен уақытты анықтап сұрайды. Олар былай дейді:

Сабина: «Дүйсені және жұма күндері түстен кейін үйде болып, інісіне қарайды».

Аяулым: «Жексенбі және сенбі күндері ауылдағы ата-әжеме барамын. «Бенгазидің құпия сарбаздары» көріп қойғанмын, енді оны қайталап көргім келмейді дейді».

Айжанның ата-анасы оның тек өз жас ерекшелігіне сәйкес келетін фильмдерді көріп, және үйге көлікпен қайтуды қалап отыр. Олар балаларды кез келген уақытта машинамен кешкі сағат 10-ға дейін тосып алып, үйлеріне алып бармақ. Айжан мектеп каникулының бір аптасында болатын фильмдер кестесін қарады. Міне, ол мынадай ақпарат алды.

<b>«Бекмамбетов Синема» кинотеатры</b>			
Мекенжайы: Алматы қ., Республика алаңы 2. +7 727 321-84-14 – автомат жауап қайтарғыш, 321-83-43 - касса. Егер сіз сапалы кинокартиналарды үлкен экранда көңілді ортада, кинозалдың сезімге толы энергетикасын сезініп көргіңіз келсе, онда “Бекмамбетов Синема” кинотеатры сіздің көңіліңізден шығады.			
<b>25 наурыздан бастан екі аптаға фильмдердің кестесі:</b>			
Бенгазидің құпия сарбаздары		Джой	
13:00 (Дс-Жм) 20:45 (тек Сб)	12 жасқа дейінгі балаларға рұқсат е	13:00 (күнде) 21:15 (күнде)	18 жасқа дейінгі балаларға рұқсат етілмейлі
Кунг-фу Панда 3		Үлкен құнсыздану ойыны	
14:20 (Дс-Жм) 22:00 (күнде)	Жас ерекшелігіне шек қойылмайды	15:00 (Дс-Бс) 20:45 (тек Сб)	18 жасқа дейінгі балаларға рұқсат етілмейлі
Дат қызы		Әпкелі-сіңлілі	
13:00 (Дс-Ср) 20:45 (тек Сб)	12 жасқа дейінгі балаларға рұқсат е	16:30 (Дс-Жм) 19:45 (тек Сб)	Ата-аналдарымен бірге кіргізіледі, рұқсат етіледі

**Сұрақ 1.** Айжан өз құрбыларымен бірге мына алты фильмдердің қайсысын көре алады?

Бенгазидің құпия сарбаздары	Иә\Жоқ
Джой	Иә\Жоқ
Кунг-фу Панда 3	Иә\Жоқ
Дат қызы	Иә\Жоқ
Үлкен құнсыздану ойыны	Иә\Жоқ
Әпкелі-сіңлілі	Иә\Жоқ

**Сұрақ 2.** Егер құрбылар «Кунг-фу Панда 3» фильмін көруді шешсе, онда олар қай күні баруға жарайды?

- A) 29 наурыз дүйсенбі күні
- B) 25 наурыз бейсенбі күні
- C) 30 наурыз сейсенбі күні
- D) 28 наурыз жексенбі күні
- E) 27 наурыз сенбі күні

**Сұрақ 3.** Егер Қазақстанның өзге де облыстарынан осы кинотеатрға хабарласқан жағдайда, қандай телефон кодын тереді.

### **Жауаптары**

**№ 1**

#### **НАУРЫЗ ТУРАЛЫ ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕК**

**Жоғарыдағы мәтінді қолдана отырып, өз ойыңмен бөлісіңіз. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз?**

**СҰРАҚ 1.** Наурыз мейрамы қандай мереке?

Шығыс жыл санағы бойынша, Наурыз мерекесін түркі тілдес халықтар тойлайды. Ежелгі жыл санағы бойынша, 22 наурызда күн мен түн теңеседі. Наурыз – жылдың бірінші күні, жыл басы, көктемнің алғашқы айы. Наурыз мерекесін қазақ халқы «Армысың, Әз Наурыз», «Әз болмай, мәз болмас» деп қарсы алған. Адамдар бір-бірімен татуласып, төс қағыстырады. *(Өзгеде осыған сәйкес көзқарастарын жазады)*

**СҰРАҚ 2.** Бұл күні ауа райында қандай өзгерістер байқалады?

22 наурыз күн мен түн теңеледі. Қоршаған орта ұйқыдан оянады.

**СҰРАҚ 3.** Қазақ халқының қандай ұлттық тағамы дайындалады? Мәні неде?

Наурыз көже — Ұлыстың ұлы күні жасалатын қасиетті ас. Оған тары, бидай, күріш, су, ет, тұз, сүт (айран) сияқты жеті түрлі дән мен ақ қосылады. Түркі халықтарының ұғымында жеті саны қасиетті саналғандықтан, наурыз көжеге жеті түрлі дәм қосылады. Оған қоса, ол — тоқшылық пен ырыс құттың жоралғысы.

**СҰРАҚ 4.** Қандай ұлттық ойындарды білесіз?

«Қыз қуу», «Теңге алу», «Көкпар», «Алтыбақан», «Ақсүйек», «Хан талапай», «Асық ойыны», «Тоғыз құмалақ» т.б.

**СҰРАҚ 5.** Төменде тапсырма жауабының толық жауап ретінде ең жоғарғы балл қойылатын нұсқалары келтірілген. Дұрыс жауаптарды белгілеңіз.

Наурыздың Халықаралық мәртебесі ХҮ ғасырда берілген	Иә\Жоқ
2010 жылы 19 ақпанда БҰҰ Бас Ассамблеясының 64-ші сессиясында Наурыздың Халықаралық мәртебесі берілді	Иә\Жоқ
«Әлем мәдениеті» атты күн тәртібінің 49 тармағы аясында «Халықаралық Наурыз күні» деп аталатын қарар қабылданды.	Иә\Жоқ
«Халықаралық Наурыз күні» деп аталатын қарарда Наурыздың Халықаралық мәртебесі туралы айтылған.	Иә\Жоқ
Бас Ассамблеясының 64-ші сессиясында Наурыздың Халықаралық мәртебесі мүлдем айтылмаған.	Иә\Жоқ
Елбасы наурыз айының 22 жұлдызын "Наурыз мейрамы" деп жариялады.	Иә\Жоқ
2009 жылдың 24 сәуірінде ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаев наурыз айының 21, 22, 23 күндеріне "Наурыз мейрамы" деген атақ берді.	Иә\Жоқ

**СҰРАҚ 6.** «Наурыз мерекесі» қатысты он тірек сөз жаз

Жыл басы. Көне мереке. Наурыз - діни мереке емес. Наурыз көже. Түркі тілдес халықтар тойлайды. Наурыз - Ұлыстың ұлы күні. Парсы тілінен «Жаңа күн». Киелі сан. Қыдыр ата. Ұлттық ойындар. *(Өзгеде осыған сәйкес көзқарастарын жазады)*

**№ 2****ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕКТЕР**

**Жоғарыдағы мәтінді қолдана отырып, өз ойыңмен бөлісіңіз. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз?**

**СҰРАҚ 1.** Бұл дерек қайдан алынған?

Өскеменнің Ozgeshe.rz сайты

**СҰРАҚ 2.** Ұлыбританиялық азаматтың есімі «алтын» әріптермен жазылды

75 жасар Альберт Маркантонио

**СҰРАҚ 3.** Әлемдегі ең ұзын асқабақ қайда өсірілді?

Е) Еуропа

**№ 3****СӨЙЛЕ, СУРЕТ!**

**Төмендегі сұрақтарға жауап беру үшін жоғарыда берілген суретті басшылыққа алыңыздар.**

**Сұрақ 1.** «Ansa Mustafa» деген жазу нені білдіреді?

Осы суреттің авторы

**Сұрақ 2.** «Orphanage» және «Letter mom» деген жазулар нені білдіреді?

«Балалар үйі», «Анама хат» деген сөздер



**Сұрақ 3.** Бұл суретке қандай тақып сайықты деп ойлайсың?

«Бір баланың тағдыры...», «Балалар мұңы», «Кім кінәлі», «Менің жастық шағым қайда, бір кездегі..» т.с.с (Өзгеде осыған сәйкес көзқарастарын жазады)

**Сұрақ 4.** Қалай ойлайсыздар, бұл баланың ойында қандай сыр болуы мүмкін? (Өз ойларын, көзқарастарын жазады)

**Сұрақ 5.** Қалай ойлайсыздар, автор суретінің қазіргі өмірде маңызы бар ма?

«Иә» немесе «Жоқ» жауаптарыңның бірін алып, ойларыңызды негіздеңіздер. (Өз ойларын, көзқарастарын жазады)

**№ 4**

#### **КИНОҒА БАРУ**

**Сұрақ 1.** Айжан өз құрбыларымен бірге мына алты фильмдердің қайсысын көре алады?

Бенгазидің құпия сарбаздары	Иә\Жоқ
Джой	Иә\Жоқ
Кунг-фу Панда 3	Иә\Жоқ
Дат қызы	Иә\Жоқ
Үлкен құнсыздану ойыны	Иә\Жоқ
Әпкелі-сіңлілі	Иә\Жоқ

**Сұрақ 2.** Егер құрбылар «Кунг-фу Панда 3» фильмін көруді шешсе, онда олар қай күні баруға жарайды?

**С) 30 наурыз сейсенбі күні**

**Сұрақ 3.** Егер Қазақстанның өзге де облыстарынан осы кинотеатрға хабарласқан жағдайда, қандай телефон кодын тереді.

+7 727 (Алматы қаласы)

*Топар жалпы білім беретін мектебі  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі  
Жанабекова Сауле Капатаевна*

**№ 1**

#### **Жанартау**

Қазығұрт шоқысы Алатау мен Алтай тауының солтүстік сілеміндегі ең соңғы жанартау екенін ғалымдар растайды. Аса үлкен жанартаудан аспанға атқылаған үлкен қойтастардың мүлде алысқа түскенін, ол маңайдан қазірге дейін ап-анық көруге болады. Топырағы отқа қызып, күлгін тартқан. Тау төбесі ойпаң жазық, опырлып, төмен түсіп жатыр.

**1. Мәтін мазмұны бойынша сөйлемді толықтырыңыз.**

**Топырағы ....., күлгін тартқан.**

- А) Алатау
- В) отқа қызып
- С) тау төбесі
- Д) Алтай тауының

**2. Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.**

- А) Алатау тауы қай жерде орналасқан?
- В) Алтай тауының биіктігі?
- С) Қазығұрт жас тау ма, кәрі тау ма?
- Д) Қазығұрт шоқысы қай жерде?

**3. Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.**

- А) тас, топырақ
- В) тау, жанартау
- С) жел, күл
- Д) төмен, биік

**4. Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.**

- А) Қазығұрт шоқысы Алатау мен Алтай тауының оңтүстік сілемінде.
- В) Қазығұрт шоқысының тау төбесі ойпаң жазық, опырлып, төмен түсіп жатыр.

- С) Қазығұрт шоқысы ең соңғы жанартау екенін ғалымдар растайды
- Д) Топырағы отқа қызып, күлгін тартқан.

**5. Мәтін мазмұнын анықтаңыз.**

- А) географиялық аймақ
- В) жанартау туралы
- С) Алатау мен Алтай таулары
- Д) таудың сипаттамасы

**№ 1**

**Өмір талабы**

Тіл әрбір адамға өмір бойы керек. Жер бетінде халық та, тіл де көп. Ғалымдар дүние жүзінде бес мыңдай тіл бар деп есептейді.

Қазіргі уақытта көп тіл білу - өмір талабы. Көп тіл білетін адамды полиглот деп атайды.

Қазақтар: «Өнер алды - қызыл тіл», - дейді. Өз ойын шешен тілмен жеткізе білгендерді ерекше бағалайды.

Біздің республикамыздың мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Қазақ тілі түркі тілдер тобына жатады. Қазақ тілі – өте бай, көркем тіл.

Кісі көп тіл меңгерген сайын оның өмірдегі табыстары арта түседі, мүмкіндіктері молаяды. Сондықтан белгілі жазушы Бауыржан Момышұлы: «Бір тіл білген адам бір адам, екі тіл білген адам - екі адам», - деп айтқан.

**1. Мәтін мазмұны бойынша сөздерді сәйкестендіріңіз.**

- А) Қазақ тобына
- В) Өмір тілі
- С) түркі бетінде
- Д) жер талабы

**2. Мәтіндегі IV азатжолдың мазмұнын қорытындылаңыз.**

- А) Полиглот болу – өмір талабы
- В) Қазақ тілі – өте бай тіл
- С) Бауыржан Момышұлының сөзі
- Д) Көп тілдің білудің пайдасы

**3. Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.**

- А) Қандай шет тілдерін білесіңдер?
- В) Көп тіл білу – ненің талабы?
- С) Әр елдің тіл ерекшегілі қандай?
- Д) Қазіргі кезде тілге қойылған негізгі шарт?

**4. Асты сызылған сөздің мағынасын ашыңыз.**

**Полиглот деген кім?**

- А) ойшыл
- В) шешен
- С) көп тілді меңгерген адам
- Д) бір тілді меңгерген адам

**5. Мәтін мазмұнына сәйкес сұраққа жауап беріңіз.**

**Қазақ халқы қандай мақалмен тілін бағалайды?**

- А) Қазақ халқы Б.Момышұлының сөзімен тілдерін бағалайды.
- В) «Көп тіл білу Құдайдың құдіретінде емес, өзіңнің қолыңда», - деген екен данышпандар.
- С) «Тіл жоқ жерде, ұлт жоқ» мақалымен тілін асқақтатады.
- Д) Қазақ халқы «Өнер алды - қызыл тіл» мақалымен тілін бағалайды.

*Топар жалпы білім беретін мектебі  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі  
Болтай Гүлшаш*

Ұйқышыл - бұл қыста қысқы ұйқыға кететін сүтқоректі аң. Күз мезгілінде өте көп қоректеніп семіреді. Ауа температурасы 7<sup>0</sup> С дейін төмендеген кезде, ұйқышылдар қысқы ұйқыға кетеді. Ол тығыздалып, дөңгелене оранып, өз құйрығын басынан және арқасының жан-жағынан айналдырып, алдыңғы аяқтарын беттерінің қасына қойып ұйықтайды. Ұйқышыл жыртылған ырғай қабығынан жасалған ұяда ұйықтайды. Ол өз майының арқасында тіршілік етеді.

Қысқы ұйқыға кететін басқа ағылшындық сүтқоректілер –кірпілер.

Кірпілер домаланып, құраған жапырақтардан жасалған ұяда ұйықтайды. Жарқанаттар да қысқы ұйқыға кетеді. Олар үңгірлерде, ескі ғимараттарда және қуыс ағаштарда ұйықтайды. Сұр және жирен тиындар қысқа қорек жинайды. Борсықтар мен аю түрлерінің кейбірулері де қыста ұзақ ұйықтайды.

### Мәтін бойынша тест тапсырмалары:

#### 1. Мәтін мазмұны бойынша сөйлемді толықтырыңыз.

Ұйқышыл ..... тіршілік етеді.

- А) қоректеніп
- В) өз майымен
- С) ұяда
- Д) орманда

#### 2. Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.

- А) Ұйқышылдар қысқы ұйқыға кетеді.
- В) Қысқы ұйқыда аңдар тоңып қалуы мүмкін.
- С) Жарқанаттар үңгірлерде, қуыс ағаштарда ұйықтайды.
- Д) Қыста қысқы ұйқыға кететіндер сүтқоректі аңдар.

#### 3. Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз

- А) Сүтқоректілер өте көп қоректеніп семіреді.
- В) Кірпілер үңгірлерде ұйықтайды.
- С) Ұйқышылдар қыста ұзақ ұйықтамайды.
- Д) Тиындар қыста қорек жинамайды.

#### 4. Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.

- А) Ол аңдар неге қатып тоңып қалмайды?
- В) Ұйқышылдарға жылы қыс қалай әсер етеді?
- С) Не себепті ұйқышылдар қысқы ұйқыға кетеді?
- Д) Аңдар қысқы ұйқыға қашан кету керектігін қалай біледі?

#### 5. Мәтіндегі II азатжолдың мазмұнын қорытындылаңыз.

- А) Ұйқышылдар ағаш қабығынан жасалған ұяда ұйықтайды.
- В) Күз айында өте көп қорек жинайды.
- С) Қысқы ұйқыға кететін, ұйқышылдан басқа да аңдар бар.
- Д) Аңдар қысқы ұйқыда болғанда денесінде әртүрлі құбылыстар болады.

*Топар жалпы білім беретін мектебі  
қазак тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі  
Наклова Зауре Сагинтаевна*

### Құлын

Атам жайлаудан құлынды бие мініп келді. Оны ана ағашқа байлап қойды. Биенің қасында ойнақтап жүрген құлын әдемі - ақ.Жанына жақындауға қорықтым. Біраздан кейін тәуекел еттім. Құлын менен үркіп, біраз жерге ұзап барып, қарап тұрды. Қайта келіп, есік алдындағы шелекті иіскелей бастады. «Жануар - ай, шөлдеген екенсің ғой» деп ойладым.



Көшедегі су құбырының суын ағызып қойдым. Құлын жасқана басып суға жақындады. Аузын тосып еді, су танауына кіріп кетіп, пысқырынып шегінді. Суды азайтып ағыздым. Құлын суға тұмсығын тосып, ұзақ ішті. Осылайша екеуіміз достасып кеттік. Жалынан сипасам, сүйсіне қарап тұрады.

(“Балдырған” журналынан.) 103 сөз

Тапсырмалар:

**1. Мәтінге байланысты тірек сөздерді табыңыз**

- А) ана тілі, қазақи ел, ауыл
- Б) баспана, әулет, табиғат
- В) ағаш, тәуекел, достасу

**2. Құлын әңгімесінде не суреттеледі?**

- А) жайлаудың көрнісі
- Б) биенің төлі
- В) су құбыры

**3. Құлын ненің баласы?**

- А) жылқының
- Б) сиырдың
- В) қойдың

**4. «Жануар - ай, шөлдеген екенсің ғой» Бұл сөйлем нені білдіреді?**

Мысалдар:

---

**5. Мәтіндегі (контекстегі) асты сызылған сөздің мағынансы ашыңыз.**

Біраздан кейін тәуекел еттім.

---

**6. Мәтінді өз ойыңмен жалғастырып көр**

---

*Абай атындағы ЖББОМ  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің  
мұғалімі Тусупбаева М.С.*

**«Сымайыл»**

5-сынып бағдарламасы

**№ 1**

**Тапсырмалар**

**1. Әңгімедегі Сара ері Ибраһимге ақыл айтуының себебе неде еді?**

- А. Барлық дүние – мүлкімен Палестинаға келді.
- В. Ажарды некесіне алуды еріне ақыл етіп айтты.
- С. Ибраһим әйелінің ақылын алды.
- Д. Арманына жеткізуге өзінде амал болмаған соң.

**2. Арада көп кешікпей қандай жағдай болды?**

**Жауапта:» Арада көп өтпей Ажар бір ұл туды.»**

**Мысалдар:**

- Оған Сымайыл деген ат қойды.
- Ибраһим бұған ерекше қуанды.
- Бала өте зерек бала болып өсе бастады.

**3. «Өзегін қызғаныш өртеді». Бұл сөйлем оқырманға нені білдіреді? Мысалдар:**

Ажар Сымайылды тапқаннан кейін, ол қорланып, іштей қатты құсаланды.

Сара күні бойы жай таппай, мазасыз халге түсті.

**4. Сара қандай ойға келеді?**

- А. Ері перзент сүюді армандады.
- В. Тыныштық орнату үшін барлық әрекеттерді жасады.

С. Бұл арадан кетпей, оған тыныштық жоқ.

Д. Ибраһим әйелінің талабын құптады.

**5. Әңгімеде Ибраһим әйелінің талабын құптауы қалай сезілді.**

**Автор осыны көрсету үшін қандай сөздер қолданды? Екі мысал келтіріңіз.**

**Жауабы: Бұл оған Алланың әміріндей сезілді.**

**Мысалдар:**

- «Мұның өзі Алланың әмірі, оған сөзсіз бойсұнуымыз керек».
- «Алланың әмірі екенін білген соң, Ажар да іштей құптап, үндемеді».
- «Ибраһим!» - деді Ажар оның етегінен ұстай алып: «Қайда барасың»

**6. Ибраһимнің сол кезде қатты күйзелісте болғанын дәлелде. Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңда..**

- -Ей, Алла Тағала! Баламды ебелек ұшпас елсізге қалдырдым, ол өз сарайыңызға жақын.
- Ей, Алла Тағала! Әмсе естеріне алып отыру үшін, оларды өзіңе мінажат ететін қыла гөр!
- ен майысқан тұмсығы бар.
- Ол қуана-қуана баласы Сымайыл мен оның анасы Ажарды елсіз жерге апарып тастады.

**7. Асты сызылған сөздің мағынасына байланысты әңгімені оқи отырып, бірнеше синонимдік қатар құрыңдар.**

**Ажар тағдырдың басқа салғанын көніп, тап болған тауқыметке төзді.**

- А) Қинала-қинала баласының қасына қайтып келді.
- В) Қиыншылықтан құтылудың жолын іздеп табуға оқтайланды.
- С) Басынан неше күннен бергі торлаған қара бұлт шалды.
- Д) Баласының шырылы оның жүрегін парша-парша етті.

**8. Сөйле, сурет!**



Аралас мәтіндер:

- 1.«Әлгі су әби зәмзәм еді» дегенді қалай түсінесіңдер
- 2.«Қажыға барушылар осы зәмзәмға келіп, одан шөлдері қанғанға ішіп, туған-туысқандарына көтергендерінше алып қайтады.» Осы мәтіннен қай елді-мекенді еске түсіреді.
3. «Тіршілік көзі - су» қандай өзгерістерді байқадыңдар
4. Ана мен бала екеуінің қасына бұл адамдарды әкелген Алласына Ажар рақметін жаудырады. «Рақмет» сөзіне қандай суреттер салар едіңдер.

**Тапсырмалар:**

- 1.«Рақмет айтудан жалықпайық!» (Ойтолғау)
- 2.Мәтіндегі Ажардың Алладан сұраған тілегеніне байланысты сөздер тізбегін құраңдар. І жатағы сөздерді жазу.
3. Ибраһимнің іс-әрекеті Дұрыс-бұрыстығын дәлелдеу. Семантикалық карта жасау

Дұрыс	Себебі
Сараның талабые құптады.	Сараны ол жақсы біледі, себебі ...
Ибраһим де күйзелісте болды.	Баласы мен анасын елсіз, ебелек жерге апарса да, жалбарынды...

4. Ибраһимге хат жазу.

**№ 1**

**Нан – дастарқан сәні**

Нан ерекше жағымды тамақ. Адам тіршілігіне қажетті қуаттың жартысын наннан алады.

Еліміздің нанның 800-ге жуық атауы бар. Біздің еліміз нанға бай.

Біз күн сайынғы нанға алаң болмаймыз. Бірақ нанды орынсыз ысырап жасауға болмайды.

Егер әр отбасында күніне нанның бір тілімі тасталса, ол отбасы жылына 36 килограмм нан шығын жасайды.

**1. Мәтін мазмұны бойынша сөйлемді толықтырыңыз.**

Отбасы жылына ... нан шығын жасайды.

- A) 800
- B) 25
- C) 36
- D) 15

**2. Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.**

- A) Біздің еліміз нанға бай.
- B) Күн сайынғы нанға алаңдаймыз.
- C) Нан ерекше жағымды тамақ.
- D) Адам наннан қуат алады.

**№ 2**

**Балапан**

Омар Есіл өзенінің жағалауынан сауысқанның балапанын тауып алды. Ол балапанды үйіне әкелді. Балапан нанның үгіндісін, ұсақтап тұраған етті жейді. Оған шұжық қатты ұнады.

Омар балапанды тауық қораға орналастырды. Балапан ауладағы итпен де достасты. Ол әуелі тауықша қыт – қыттап, ал кейін итше үретін болды. Ит балапанға үйді күзетуді де үйретті. Қорада ит болмай қалса, сауысқанның балапаны иттің үйшігінің үстіне қонып алады да өткен – кеткенге үреді.

Бір күні басқа бір сауысқан балапанды шықылықтап шақырды. Балапан сауысқанға үріп, оны үркітіп жіберді.

**1. Мәтін мазмұны бойынша сөйлемді толықтырыңыз.**

Балапан .... орналасты.

- A) иттің үйшігіне
- B) сауысқан ұясына
- C) тауық қораға
- D) үйде

**2. Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.**

- A) Ол балапанға қамқорлық жасады.
- B) Балапан үй күзетшісі болды.
- C) Омар балапанды тауық қорадан тауып алды.
- D) Сауысқанды үркітіп жіберді.

**3. Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.**

- A) Ол балапанды жағалауға апарып тастады.
- B) Балапанды сөйлеуге үйретті.
- C) Балапан шұжық жеді.
- D) Омар оны иттің қасында тұрғызды.

### Жол

Бес жасар ұлы Балғынды Бәзіл жылқышы алдына мінгізіп алған. Түні бойы көмекшісі баққан жылқыны кәнігі көзбен аралап, түгендеп өтіп, көңлі жай тапқан соң, енді сәскелік қымызға үйге қайтқан беті. Жайлаудың адырлы кеудесін тіле түсіп, жіпше шұбалған жалғыз аяқ соқпақ жолмен келе жатыр. Астында құйрық-жалы төгілген аяңшыл торы.

Әкесінің алдына мініп алу – Балғын үшін құмар іс. Дүниенің төбесінен қарағандай болып, мерейленіп қалады. Аса бір жетіскен көңілмен сәбилік қиялы шар тарапқа жосылып, өзімен-өзі іштей күбірлеп сөйлесіп келе жатыр. Екі көзі таспадай шұбалы, таусылмай алға бастаған соқпақ жолда. Кенет ол әкесінен:

– Ата, осы жолмен жүре берсе, жүре берсе, қайда барады? – деп сұрады.

– Анау таудан асып, өзіміздің ауылға барады, – деді Бәзіл.–

Сол жерде таусыла ма?

– Жоқ, таусылмайды?

– Одан әрмен қайда барады?

– Ауылдан әрмен даңғыраған тас жолға қосылады да, ауданға барады. Есжан ағаң қызмет істеп жүрген жерге барады.

Бір сұрақты бастаса, түбіне жетпей Балғын, сірә да, тоқтамайды.

– Одан әрі қайда барады?

– Одан әрі Алматыға барады.

– Алматыдан әрі қайда барады?

– Пойыз жүретін темір жолды білесің бе? Естіппе едің?

– Білем.

– Білсең, тас жолдан әрі темір жолға қосылады да, тартқаннан тартып отырып, Москваға барады. Жол атаулының барлығы Москвада тоғысады.

Жол жайындағы әңгіме Балғынның көңіліне нық орнады. Өмірдің мағыналы жағын ашып танығандай болды. Таспадай шұбатылған әлгі соқпақ жол бұлардың үйінің нақ іргесінен өтеді. Балғын енді сол жолмен тоқтамай жүре беруді армандайтын болды. Сонда алдынан ертеме, кешпе, жарқ етіп Москва көрінетініне ол шүбәсіз сенеді.

Бір күні Балғын әлгі ойдың жетегімен Айнабұлақтың жағасын қоныстап отырған жылқышылар мекенінен едәуір ұзапшығып кетті. Соқпақ жолды қуалай жүріп келеді, жүріп келеді. Бір талай жүріп, дөңнен асты. «Шіркін-ай, анау таудан асып және бірнеше таудан асса, Москваға жетіп барар едім-ау!» – деп қиялдайды. Көзбе-көз барып көрмесе де, суреттерден, кинодан көріп таныған ұлы қаланың бейнесі оның көз алдынан кетпейді. Жер бетіндегі ұлылы-кішілі сан алуан жолдардың бәрі Москваға барып тіреліп, тоғысып түйіскенін сол қалпында көріп тұрғандай әсер алады.

Кремль мұнарасы, Ленин Мавзолейі, Қызылалаң – осының бәрі де Балғынның жадындағы суреттер.

Жағасы жібектей көгал шөппен көмкерілген соқпақ жол «жүр», «жүре бер, тоқтама» деп Балғынды емексітіп жетелей түскендей болады.

Сонау беткейде бір қора қой жайылып жүр. Кілең бірыңғай ақ қойлар. Одан әрменірек жұмыртқадай аппақ болып күнге шағылысып, малшылардың ақ үйлері көрінеді. Соқпақ жол тартқан сымдай қарауытып солай кетіп жатыр. Бұлай жүріп Москваға жете қоюы оңай емес екенін Балғын, әрине түсінеді. Енді ол осы арада тоқтады да, ілгері қарай қиялымен самғады. Соқпақ жол мен зымырап ауылға, ауданға жетті. Одан соң машинаға отырды. Асқар тау, айдын көлдерді артқа тастап және зырлап берді. Алматыға жетті. Енді Балғын пойызға мінді. Паровоз айқайын салып, жер апшысын қуырып алға тартты. Бүкіл дала дөңгеленіп артта қалып жатыр. Ұшқан құс қалбақтап, қызарып жанған қызыл жұлдыз, текшеленген зәулім үйлер көрінді. Бұл – Москва!

Арт жақтан тасыр-тұсыр ат дүбірі естілді. Соны естіп қиялы шарт үзілген Балғын артына жалт бұрылып қарады. Үш-төрт салтаттылар көлденеңдеп өтіп барады екен.

Бұлар қаладан келген артистер болатын. Олардың біреуі:

– Мына баладан сұрайықшы?! – деп, ат басын Балғынға қарай бұрды:– Балақай, мына жол қайда барады?

Балғын кідіріп, мүдірген жоқ:

– Бұл жол Москваға барады.

### **1-тапсырма.**

Мәтін бойынша қысқаша түсінік жазу.

1. Бұл мәтінде \_\_\_\_\_ келе жатыр.

2. Жолжайындағы әңгімеде \_\_\_\_\_ ол шүбәсіз сенеді.

3. Бұл Балғын үшін \_\_\_\_\_ сияқты көрінеді.

### **2-тапсырма.**

1. Әр топтан бір елші келесі топқа мәтіннің мазмұнын баяндау.

2. Мәтіндегі Кремль мұнарасы, Ленин Мавзолейі, Қызыл алаң сөздерінің мағынасын түсіндіру.

3. Мәтіндегі әр жол атауларына түсінік жазу.

Соқпақ жол	
Тас жол	
Темір жол	

### **3-тапсырма.**

#### **1.Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.**

А. Әкесінің алдына мініп алу – Балғын үшін құмар іс.

Ә. Одан соң машинаға отырды.

Б. Есжан ағаң қызмет істеп жүрген жерге барады.

В. Одан соң паровозға отырды.

#### **2.Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.**

А. Бұлар ауылдан келген артистер болатын.

Ә. Тездете зымырап ауылға, ауданға жетті.

Б. Бүкіл дала дөңгеленіп артта қалып жатыр.

В. Жол жайындағы әңгіме Балғынның көңіліне әсер қалдырмады.

#### **3.Айнабұлақтың жағасы кімдердің мекені?**

#### **4. Балғын Москва жайлы қандай әсерде болды?**

#### **5. Екі бағандағы сәйкес сөздерді табу.**

Бес жасар ұлы Балғынды	жіпше шұбалған жалғыз аяқ соқпақ жолмен келе жатыр.
Жайлаудың адырлы кеудесін тіле түсіп	Балғын үшін құмар іс.
Сонда алдынан ертеме, кешпе,	Әрине түсінеді.
Бұлай жүріп Москваға жете қоюы оңай емес екенін Балғын	Малшылардың ақ үйлері көрінеді.
Одан әрменірек жұмыртқадай аппақ болып күнге шағылысып	Бәзіл жылқышы алдына мінгізіп алған.
Әкесінің алдына мініп алу	жарқ етіп Москва көрінетініне ол шүбәсіз сенеді.

### **Ауылда.**

Өткен демалыс күні ауылдағы нағашы апамның үйінде болдым. Сөйтіп апам мен атама көмектестім. Ауылдағы өмір өте қызық. Ерте әтештің шақырған дауысымен ояндым. Апам бие сауып жатыр екен. Атам малдарды жайлауға шығарып жатыр екен. Мен сиырларды өріске қосып келдім. Сосын атам екеуіміз қозы– лақтарды қораға шығарып, құстарға жем салдық. Осы кезде апам бізді дастарханға шақырды. Барлығымыз жазғы ас үйде отырып таңғы асымызды іштік. Апам бәрімізге үлкен кесемен ыстық сүт құйып берді. Сосын біз атам екеуіміз шөп шаптық. Кешке достарыммен алтыбықан тептік. Осылайша, бір күннің қалай өткенін білмей қалдым.

### **1-тапсырма.**

1. Мәтінді аудару .



2. Мәтінге басқаша қандай атау беруге болады?

3. Мәтін бойынша үш күрделі сұрақ, үш жеңіл сұрақ қою.

Күрделі сұрақтар	Жауабы
Жеңіл сұрақтар	Жауабы

**2-тапсырма.**

**1. Мына сөздердің синонимдерін табу.**

Өткен-  
Қызық-  
Ерте-  
Үлкен-  
Ыстық-

**2. Мәтінге сәйкес сөздерді табу.**

Атам малдарды жайлауға қамап жатыр екен.  
Атам малдарды жайлауға шығарып жатыр екен.  
Атам малдарды шөптеп жатыр екен.  
Апам бие сауып жатыр екен.  
Апам бие суарып жатыр екен.  
Апам бие саудыртып жатыр екен.  
Кешке достарым алтыбықан тептік.  
Кешке достарыммен алтыбықан тептік.  
Кеше достарыммен алтыбықан тептік.

**3-тапсырма.**

Өз демалысың жайлы айтып беру.

*Абай ауданының Көксу ЖББМ  
қазақ тілі мен әдебиті пәнінің мұғалімі  
Абеуова М.К.*

**Бейжің қаласында оқып жүрген Бауыржанның хаты**

Мен – Қазақстан Республикасының азаматымын. Қазақстанның білікті маманы болу үшін өте көп жұмыс істеуім керек. Менің мамандығым – тіршілігімнің көзі, қаржы көзі. Менің іскерлігімнің мақсаты – мол қаржы әкелу. Қаржы көзі мол ел – әлемдік деңгейде тұғыры берік ел болып танылады.

**Төмендегі сұрақтарға жауап беру үшін жоғарыда берілген мәтінді басшылыққа алыңыздар.**

**1. Бауыржан кім?** \_\_\_\_\_

**2. Ол не үшін көп жұмыс істейді?** \_\_\_\_\_

**3. Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыздар.**

- A) Қазақстанның білікті маманы болу үшін өте көп еңбек ету керек.
- B) Мамандық – тіршілік көзі, табыс көзі.
- C) Қазақстан - әлемдік деңгейде тұғыры берік ел.
- D) Бауыржан – Қазақстан Республикасының азаматы.

**4. Берілген сөйлемдегі асты сызылған сөздің мағынасын ашыңыздар.**

Менің іскерлігімнің мақсаты – мол қаржы әкелу.

- A) мол несие алу
- B) көп ақша табу
- C) көп еңбекақы төлеу
- D) мол байлыққа кенелу

**5. «Менің мамандығым – тіршілігімнің көзі, қаржы көзі» дегенді қалай түсінесіздер? Өздеріңіздің ойларыңызды жазыңыздар.** \_\_\_\_\_

**6. Бауыржанның мақсаты:**

- A) Қазақстанның білікті маманы болу
- B) Мол қаржы табу
- C) Қазақстанның әлемдік деңгейде тұғыры берік ел болып танылса
- D) Қазақстан Республикасының азаматы болу

**7. Қазақстан - қаржы көзі мол ел болса, қандай ел болады?**

---

**8. Бауыржанның арманы орындалады ма? «Иә» немесе «жоқ» жауаптарының бірін шеңберге алыңыз. Өз жауабыңызды түсіндіріңіз.**

---



**XXI ғасырдың тұтқыны**

**Берілген суретті басшылыққа ала отырып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз. Өр сұрақтың жауабына өз ойларыңызды негіздеңіз.**

1-сұрақ. «XXI ғасырдың тұтқыны» деген сөз нені білдіреді?

\_\_\_\_\_ 2-сұрақ.

Суреттегі баланы кім тұтқынға отырғызған?

\_\_\_\_\_ 3-сұрақ.

Бұл тұтқыннан оны кім құтқара алады?

\_\_\_\_\_ 4-сұрақ.

Қалай ойлайсыз, автордың суреті сізге әсер етті ме? (сізді ойландырды ма?)

«Иә» немесе «Жоқ» жауаптарының бірін алып, ойларыңызды негіздеңіздер.

\_\_\_\_\_ 5-сұрақ.

Ғаламторға тәуелді болу деген не? Өз пікірлеріңді жазыңыздар.

---

### Бір үзім нан

Подъезден шыққан кішкентай қыз қолындағы жұқа дорбаны әрең көтеріп, қоқыс жәшігіне әкелді де, аударып салды. Жапырақтар-жапырақтай кесілген, жартылай желінген аппақ нандар!

Мұны көзі шалып қалған Ғаббас қария:

-Әй, балам-ау, обал емес пе?-дегенше қыз подъезд есігіне зып беріп кіріп кетті.

Нұржан мектептен қайтып келе жатқан. Көрші қарияның ашуланып, басын шайқап отырғанын көріп:

-Ата, кімге ренжіп отырсыз?

-Е-ей, балам-ай! Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді. Сонау сұрапыл Ұлы Отан соғысы жылдары біз он – он бір жастағы бала едік.

Қарнымыз тойып тамақ та ішпейміз. Нанды мөлшерлеп береді. Жегіміз кеп, тәбетіміз тартып тұрса да сұраймыз... Қазір ше? Нанды қадірлейміз. Қатып қалса, қоқыс жәшігіне әкеп тастаймыз. Ысырапқа жол беріп, аяқты етеміз. Олай жасауға болмайды.

(Толымбек Әбдірайымнан)

**1. Психологиялық көңіл – күй тудыру Мұғалім әрекеті. Сұрақ - жауап арқылы:- Бұл әңгімені оқығанда қандай ой келеді. Оқушыларға сұрақ бере отырып тақырыпты ашу. Яғни тақырып «Бір үзім нан».**

**2. Операциялық кезең. Әңгімені мұқият оқу.**

Әңгіме не туралы айтылған?

А. Подъезден шыққан кішкентай қыз дорбаны қайда аударып салды?

Ә. Кішкентай қыздың әрекетін кім көріп қалды?

Б. Ғаббас қария не деді?

В. Қарияның қандай күйге түскенін кім байқап қалды?

**3. А. Мәтіннен қарама- қайшылықты табыңдар? Өз ойыңды дәлелде**

Ә. Кішкентай қыздың іс-әрекеті дұрыс па?

Б. Сен қарияның орнында болсаң, не істер едің? Өз ойыңды дәлелде

В. Сенің сыныбыңда осындай балалар бар ма?

П. Корниенко атындағы ҚББМО  
Зейтова Анар Амантаевна

### № 1

Бір атадан әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат үзілмей тараса, жеті ата болады.

Ең соңғы туажаттан жүрежат, жекжат, мүлдежат болып аяқталған. Осыларды ағайын, туысқан деп де атайды. Жеті атадан өніп-өскен адамдарды қауым дейді. Сөйтіп, туажаттан кейін нағыз туысқандықтың шегі аяқталады. Бұл шамамен екі ғасырға созылған. Қазақ халқы осы жеті ата аралығында ерлі-зайыпты болуға тыйым салған. Мұны «тұқым бұзушылық» деп атайды. Егер ғашықтық жолмен үйлене қалса, жазалаған. Сондықтан әрбір қазақ жеті атасының есімдерін білуге міндетті болған.

Ата – анасы үшін барлық балалары бірдей болғанмен, дәстүр бойынша әр баласының өз орны болған.

Алғашқы бала - тұңғыш. Оны ата-анасы енші беріп, жеке отау етіп шығарған. Оны басқа балаларына үлгі еткен.

Үйдегі ең соңғы бала -кенже. Ол қара шанырақ иесі деп аталған.

«Қара шаңырақ» деген ұғымда ата дәстүрін сақтау - әулет салтын, ұрпақ жалғастығын үзбеу, әке түтінін өшірмеу деген үлкен ұғым жатыр.

**1. Тапсырма:** Мәтін тақырыбы ... туралы.

А) дәстүр

В) бала

С) бір атадан тараған ұрпақ

Д) туыстар

**2 тапсырма:** Сөйлемді жалғастырыңыз:

Қазақ халқы осы жеті ата аралығында ерлі-зайыпты болуға тыйым салған, себебі ...

А) олар жастар

В) бір бірін білмейді

С) ата –анасы қаламайды

Д) бұл «тұқым бұзушылық» деп аталады

**3-тапсырма:** жоғарыдан төменге қарай атағанда ататектің жалғасын ретімен орналастырыңыз.

Берілгені: әке, шөпшек, немене, тұажат, жұрағат, жат-жұрағат, жегжат, жамағайын, немере, бала жүрежат, шөбере, ата.

## № 2

**1 тапсырма:** Берілген сурет нені білдіреді? Бұлар кімдер?



**2 тапсырма:** Суретке байланысты бірнеше құрмалас сөйлем құраңыз

**3 тапсырма:** Қазақстандағы ғылым туралы ой-пікірім

**4 тапсырма:** Қазақстан тарихында Тоқтар Әубәкіров қандай із қалдырды? Ерлігі қалай бағаланды?

55

**5 тапсырма:** «Абай жолы» романы туралы не білесің?

*Топар кенті Б.Момышұлы атындағы ЖББМ  
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі*

*Кошанова Н.Б.*

## № 1

### Әлия Молдағұлова

Әлия Молдағұлованың атқыштар батальоны жау қоршауын бұзып, алға шықты. Шайқас ұзаққа созылды, барған сайын күшейе түсті. Фашистер жанталасып, үсті-үстіне зеңбірек оғын жаудырып жатты. Біраздан соң екі жақ бетпе-бет келіп калды. Ұрыс қыза түсті, екі жақ та аянбай атысты. Әлия сол қолынан жараланғанына қарамастан, жаумен атысты. Ол неміс басқыншыларымен қасық қаны қалғанша, батырларша соғысты. Бір кезде окопта жасырынып жатқан неміс офицері он тоғыз жасар, ержүрек қыз Әлияға тап берді. Әлия оны басынан асырып лақтырып жіберді де, сұм жауды шалқасынан түсірді. Автоматын кезеп, жауды құртуға айналғанда, фашист Әлияны пистолетпен атып калды. Әлияны майдандас жолдастары "шығыс жұлдызы" деп атаған еді.

Ержүрек, мерген қыз, шығыс жұлдызы Әлия майданда болған аз уақыттың ішінде жүзден аса фашисті құртты. Үкімет Әлияның майдандағы ерлігін жоғары бағалап, 1944 жылғы шілде айының төртінде оған Кеңес Одағының Батыры атағын берді.

Кеңес Одағының Батыры Молдағұлованың ерлігін халқы мәңгі ұмытпайды. Әлияның ерлігі туралы шығармалар жазылды, өлең де шығарылды, олар халық есінде мәңгі сақталады.

### 1-мәтінге байланысты тест тапсырмалары

1. Сөйлемді жалғастырыңыз.

Әлия жаумен ... .

- A) жанталасты
- B) алға шықты
- C) бетпе-бет келді
- D) қоршауды бұзды

**2. Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.**

- A) Батыр қыз
- B) Шығыс жұлдызы
- C) Кеңес Одағының батыры
- D) Әлия туралы үзік сыр

**3. Мәтінге сәйкес ақпаратты табыңыз.**

- A) Тасаланып жатқан Әлияға тап берді.
- B) Мерген қыз Әлия жүзден астам жауды қырды.
- C) Әлияны майдандас достары мәңгі ұмытпайды.
- D) Әлия Молдағұлованың ескерткіші «шығыс жұлдызы» деп аталды.

**4. Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.**

- A) Әлия ерлікпен қаза тапты.
- C) Әлияны фашист пистолетпен атты.
- B) Әлия – бала кезінен мерген болған.
- D) Әлия Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен.

**5. Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.**

- A) Әлияны ел мәңгі ұмытпайды.
- B) Әлия – соғысқа қатысқан батыр.
- C) Әлия туралы әңгіме, өлеңдер бар.
- D) Әлия – Ұлы Отан соғысына қатысқан Кеңес Одағының батыры.

**6. Мәтіндегі автордың пікірін анықтаңыз.**

- A) Батырлар жаумен соғысқан.
- B) Әлияның нағыз ерлігі мәңгі есте.
- C) Фашистер зеңбіректермен соғысады.
- D) Әлия «шығыс мергені» деп аталған.

**№ 2**

**«Тағылым отбасынан басталады»**

Жалпы, шаңырақ құру – күллі адамзаттық дәстүр екені түсінікті. Бірақ жер бетінде қанша халық болса, бұл дәстүрдің сипаттары да соншама сан алуан. Өйткені әр халық өзінің шаңырақ көтеру қуанышын өз тұрмыс-салттарына лайықтап, өздерінше қызықтауға тырысады. Осы үрдісті қазақ халқы да ғасырлар бойы өзгеге ұқсатпай, өздерінше дамытқаны анық. Олай болса, қазақтың шаңырақ көтеру сәтіндегі өзіндік ерекшеліктері бар.

Халқымыздың ежелгі дәстүрі бойынша, жаңадан көтерілер шаңырақтың мақсаты мен мәні ең әуелі тегіне орай үндестіріліп, ата-ананың ризашылықтарына негізделіп шешілетін. Мұнда негізгі қағида ретінде, тектілік пен адамгершілік парыздары бағдарға алынатын. Сондықтан бұл дәстүрді қазақ халқы сонау ерте ғасырлардан бері қарай жеті атаға дейін қыз алыспау салтымен орайластыра білгені белгілі.

«Өткенді білмей, келешекті білу мүмкін емес. Бұрынғының парқын білгендер, бүгінгінің нарқын ұғады», - деген болатын Ғабит Мүсірепов атамыз. Халқымызда бұрыннан бар, әдет-ғұрып, дәстүрге мүмкіндігінше қанық болғанымыз жөн.

Қазақ халқының салт-дәстүріндегі бір ғана бала тәрбиесіне байланысты кәде-жоралғы бойынша даналық кітабын жасаса, кейінгі ұрпаққа асыл қазына ретінде тарту етуге тұрарлықтай кітап шығар еді. Мәселен, өмірге ұрпақ жалғасы нәресте келгендегі ел қуанышының жарқын көрінісі – сүйінші, көрімдік сұрау, байғазы беру өте жарамды дәстүр емес пе? Сол перзентке арналған шілдехана, балаға ат қою, бесікке салу, бесік жыры, бесік тойы, нәрестені қырқынан шығару, тіл ашар, тұсау кесер, атқа мінгізу, сүндет тойы – осының барлығы халқымыздың тот баспайтын асыл қазынасы.

Ата-бабамыз ұрпақ тәрбиесіне аса зор мән береді. Өйткені, ұрпақ – болашақ. Оны әбден түсінген халық: «Балаңды беске дейін патшадай күт, он беске дейін қосшыңдай жұмса, он бестен

кейін құрдасыңдай сыйла», -деп бүкіл тәрбиелік тағылымды үш-ақ сөзге сыйдырады. «Патшадай күт» дегені – қамқоршы бол, өсір, мәпеле, жас шыбықтай баулы дегені, «қосшыңдай жұмса» дегені – жәрдемшің ет, жұмысқа сал, буынын бекіт, еріншектерден аулақтат дегені, ал «құрбыңдай сыйла» дегені – балаңа ес кірді, ақыл иесі болды, енді оның отау құруы жақын, оның да түбі өзіндей ұрпақ қамқоршысы болатынын естен шығарма дегені. Ал осы ұлағатты сөзде ұрыс, ренжіт, қорқыт, еңсесін түсір деген бірде-бір сөз айтылмайды. Қазақтың ұрпақ өсіру пәлсапасы, міне, осындай қарапайымдылыққа құрылған.

Табиғатқа иелік етер күші болса да, адамды өзге тіршілікпен тең ұстаған да – қазақ. Бесіктегі қимасына «асқарым, асқағым» деп емес, жан-жануармен, жәндік атаулымен тағдырластығын мойындатып, «құлыным, ботам, қошақаным» деп еркелету де, шыбынға да қиянат болмасын деп, «шыбыным» деп айналу да алдымен қазаққа тән. Бүкіл болмысы, шыбын жаны перзенттің үстінде болған қазақтың баласын шамадан тыс тойындырып, ошақтың түбінде қорғаштағаны да ешбір тарихта жоқ. Жеті жасар айдарлысын жауға аттандырып, он бесіндегі ұлына ел басқартқан халық бұл!

## **2-мәтінге байланысты тест тапсырмалары**

### **1. Мәтін мазмұны бойынша дұрыс нұсқасын көрсетіңіз.**

Барлық адамзатқа тән дәстүр – ... .

- A) тұсау кесу
- B) сүйінші сұрау
- C) шаңырақ құру
- D) баланы бесігіне салу

### **2. Сөйлемді жалғастырыңыз.**

Әр халық шаңырақ құру салтын ... .

- A) жағдайына қарай лайықтайды
- B) даму жағдайымен байланыстырады
- C) әдет-ғұрпына қарай ыңғайлайды
- D) жалпыға ортақ салты бойынша қызықтайды

### **3. Мәтін мазмұнына орай толық және нақты нұсқаны таңдаңыз.**

Шаңырақ көтеру ... .

- A) ата-анасының жағдайына байланысты
- B) ата-анасының көңіл-күйіне негізделеді
- C) ата-ананың ризашылығына негізделеді
- D) тегіне, ата-анасының көңілдеріне байланысты

### **4. Мәтінге сәйкес нұсқаны табыңыз.**

Белгілі жазушының айтқан сөздерінің мағынасы.

- A) Өткенді де, бүгінгіні де білу парызымыз.
- B) Өткенді білмегенмен келешекті білу керек.
- C) Бұрыңғыны білмесе де, бүгінгіні білу керек.
- D) Тарихты білмеген адам бүгінгіні дұрыс бағалай алмайды.

### **5. Мәтінге сәйкес сөйлемді дұрыс аяқтаңыз.**

Қазақтың шаңырақ құрудағы негізгі салты – ... .

- A) тектілік парыздарын сақтау
- B) жеті атаға дейін қыз алыспау
- C) адамгершілік парыздарын сақтау
- D) жеті атаға дейін ауылдас қыздарды алмау

### **6. Сөйлемді толықтырыңыз.**

Балаңды беске дейін ... күт, он беске дейін ... жұмса, он бестен кейін ... сыйла.

- A) құрбыңдай, құлыңдай, патшадай
- B) досыңдай, құлыңдай, теңдесіңдей
- C) билеушіңдей, құлыңдай, теңдесіңдей
- D) патшадай, теңдесіңдей, құрдасыңдай

Белгілі білім иесі Вениамин Франклин он сегіз жасында бір қарт адамның үйінде қонақта болады. Кетер кезінде қарт оны шығарып салады. Франклин қарт кісіге сөйлеп келе жатып, алдында не барын аңғармайды. Ол есікке жақындағанда қарт:

- Еңкей, еңкей – деп дауыстапты. Айтып болғанынша, аласа есікк Франклин маңдайын ұрып алыпты. Содан қарт күліп:

- Сен жассың, өмірің алда, басыңды тым жоғары ұстамай, төмен ұстап

Жүрсең, бұдан да артық соққылардан құтыласың, - деген екен. Бұл сөзді Франклин сексен жасқа келгенше ұмытпай:

- Сол қарттың берген ақылының маған көп пайдасы тиді. «Басын жоғары Көтеріп жүргендердің» нешеуінің әлек болғанын өз көзіммен көрдім, - депті.

### **3-мәтінге байланысты тест тапсырмалары:**

#### **1. Мәтін мазмұны бойынша сөйлемді толықтырыңыз.**

Франклин ... адам болған.

- A) қарт
- B) білімді
- C) ақылды
- D) қонақжай

#### **2. Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.**

- A) Қарт қонағына ақылын айтты.
- B) Франклин басын есікке соғып алады.
- C) Жігіт қарт адамның соңынан ілесе жүрді.
- D) білімді адам қарттың үйіне қонаққа келеді.

#### **3. Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.**

- A) ол қарттың ақылын ұмытпайды.
- B) Франклин үйіне қонаққа шақырды.
- C) Сексендегі қарт басын соғып алады.
- D) жас жігіт қарт адамды шығарып салды.

#### **4. Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.**

- A) ол қонақты қалай қарсы алды?
- B) Франклинмен кездескен адам кім?
- C) Вениамин Франклин кімге ақыл айтты?
- D) Оның ақылының қандай пайдасы болды?

#### **5. мәтіндегі басты тірек сөздері табыңыз.**

- A) Франклин, есік, бас
- B) Франклин, ақыл, жас
- C) Франклин, қарт, ақыл
- D) Франклин, білім, қонақ

*Абай ауданының  
Мичурин НОМ қазақ тілі  
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі  
Куйкентаева Жанар Насипбаевна*

**№ 1**

### **БАҚША АҒАШТАРЫ**

**Ыбырай Алтынсарин**

Жаздың әдемі бір күнінде, таңертең бір төре өзінің баласымен бақшаға барып, екеуі де егілген ағаштары мен гүл жапырақтарын көріп жүрді.

— Мынау ағаш неліктен тіп-тік, анау біреуі неге қисайып біткен? — деп сұрады баласы.

— Оның себебі, балам, анау ағашты қисық бұтақтары болса кесіп, бағу-қағумен өсірген.

Мынау ағаш бағусыз, өз шығу қалыбымен өскен,— деді атасы.

— Олай болса, бағып-қағуда көп мағына бар екен ғой, — деді баласы.

— Бағу-қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым, мұнан сен де өзіңе ғибрат алсаң болады. Сен жас ағашсың, саған да күтім керек. Мен сенің қате істерінді түзеп, пайдалы іске үйретсем, сен менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы түзу кісі болып өсерсің. Бағусыз бетіңмен кетсең, сен де мынау қисық біткен ағаштай қисық өсерсің, — деді.

**Тапсырма:**

**1. Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.**

- A) Егілген ағаштары мен гүл жапырақтарын көріп жүрді.
- B) Анау біреуі неге қисайып біткен?
- C) **Бір тал кессең, он тал ек.**
- D) Бағу-қағуда көп мағына барында шек жоқ.

**2. Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.**

- A) Тәрбие тал бесіктен басталады.
- B) **Бағып-қағуда көп мағына бар екен ғой.**
- C) Тәрбиесіз берген білім, адамзаттың қас жауы.
- D) Ана- асқар тау, ана-бәйтерек.

**3. Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.**

- A) Тәрбие тал бесіктен бастала ма?
- B) Ағаш көркі жапырақ па?
- C) **Бағып-қағуда көп мағына бар ма?**
- D) Ағашқа су құймаса не болады?

**4. Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.**

- A) бесік, ауыл, жайлау
- B) **тәрбие, бағып-қағу, қисық бұтақ**
- C) оқу, білім, тәрбие
- D) ағаш, жапырақ, тамыр

**5. Мәнмәтіндегі (контекстегі) асты сызылған сөздің мағынансы ашыңыз.**


Бағып-қағуда көп мағына бар.

- A) оқытуда
- B) тамақ беруде
- C) аяуда
- D) **тәрбиелеуде**

**№ 2**



### Жеміс жидек, көкөністер



#### 1 МЫСАЛ

Төмендегі сұрақтарға жауап беру үшін жоғарыда берілген суретті басшылыққа алыңыздар.

1. Суреттегі заттарды қандай топтарға бөлуге болады?

---

2. Сурет түстерінің түрлі-түсті, анық, қанық болуы тапсырма барысында маңызды ма?

---

3. Сурет бойынша қандай диалог құруға болады?

---

1. Суреттегі жеміс жидек, көкөністер тобына, түстеріне қарай және көлемдеріне қарай топтарға бөлуге болады
2. Суреттегі түстің қанықтығы, әр түрлілігі, көмісті, ақ-қара суретке қарағанда, оқушының қызығушылығын аттыруға, қиялын дамытуда өте маңызды.
3. Сурет бойынша бастауыш сынып деңгейінде қарапайымнан күрделіге көше отырып мынадай сөйлесім құруға болады:  
-Сенің жеміс-жидек көкөністерді білесің бе?  
- Мен жеміс-жидек көкөністерді білемі?  
Оларды ата.....

*Абай Құнанбаев атындағы  
№5 мектеп-гимназиясының  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі:  
Онтаева Алтын Қайырбекқызы*

#### Фудзи тауына шығу

Фудзи тауына апаратын Готемба жолының ұзындығы 9 километрге (км) жуық. Жаяу жүргізушілер 18 км жүрістен 20<sup>00</sup> сағатта келуі керек.

Марат орташа есеппен бір сағатта 1,5 километр тауға шығатындығын, ал төмен қарай оның жылдамдығы екі есе көбіетіндігін есептеді. Бұл жылдамдық тамақ ішуге және демалуға үзіліс жасауға мүмкіндік беретін уақытты ескереді.

Мараттың есептеуін қолдансақ, кешкі сағат 20<sup>00</sup>-де қайтып келу үшін оның жүруді бастайтын ең кеш уақыты қандай?



**Жауабы:** Марат кешкі сағат 20<sup>00</sup>-де қайтып келу үшін жүруді бастайтын ең кеш уақыты сағат 11<sup>00</sup>

*Аубакирова Тазагуль Сайлауеновна  
қазақ тілі және әдебиеті пәннің мұғалімі  
№ 10 мектеп – гимназия КММ*

## № 1

### Диалог

- Кешіріңіз, Алматыға дейін ұшақ неше сағат ұшады?
- Ұшақ Алматыға дейін 1 сағат 20 минут ұшады.
- Ұшақ жолда қонады ма?
- Ұшақ жолда қонбайды.
- Ұшаққа бір билет бар ма?
- Сізге қай күнге керек?
- Маған ақпанның он бесіне, кешкі уақытқа керек.
- Ақпанның он бесінде Қарағандыдан Алматыға 9У 723 рейсі ұшады. Осы ұшаққа билет бар.

Аласыз ба?

- Алматының ауа райы туралы қайдан білуге болады?
- Ұшақ қонуға бет алғанда стюардесса хабарлайды.
- Ұшаққа өзіммен бірге неше кг жүк ала аламын?
- Өзіңізбен бірге 10 кг жүк ала аласыз. Қалған жүгіңізді Алматының жол жүгі бөлімінен аласыз.
- Менің бірінші рет ұшаққа отыруым еді. Егер ұшақта жүрегім айныса, гигиеналық пакет керек болса, не істеуіме болады?

- Егер ұшақта жүрегіңіз айныса, стюардессаны шақыруға болады. Ол сізге минералды су мен гигиеналық пакет береді.

- Ұшақтың билеті неше теңге тұрады?
- Ұшақтың билеті 15000 теңге тұрады.
- Ұшаққа отырғызу сағат нешеде басталады?
- Ұшаққа отырғызу сағат бесте басталады.
- Билетті қай кассадан ала аламын?
- Билетті екінші кассадан ала аласыз.
- Берген мәліметіңізге көп рақмет.

**Диалогте жауабы бар сұрақты табыңыз.**

- А) Сіз ақшаны қайда аударасыз?
- В) Сізге қай күнге керек?
- С) Сұхбаттасушы қандай мәлімет берді?
- Д) Банктен не себепті шоташуға болмайды?

**Диалог бойынша дұрыс ақпаратты көрсетіңіз.**

- А) Ұшақ қонуға бет алғанда стюардесса хабарлайды.
- В) Ұшаққа отырғызу таңертең ерте басталады.
- С) Егер ұшақта жүрегіңіз айныса, стюардессаны шақыруға болады

D) Ұшақ жолда қонады.

**Диалогте жоқ ақпаратты көрсетіңіз.**

A) Әуежайға билет алуға барады.

B) Маған ақпанның он бесіне, кешкі уақытқа керек.

C) Билетті екінші кассадан ала аласыз.

D) Олар демалыстарын Қазақстанда өткізеді

**Диалог мазмұнына сәйкес ақпаратты көрсетіңіз.**

A) Олар ертең шетелге аттанады.

B) Өзіңізбен бірге 10 кг жүк ала аласыз. Қалған жүгіңізді Алматының жол жүгі бөлімінен аласыз.

C) Сұхбаттасушы ағылшын тілін үйреніп жүр.

D) Шет тілін үйрену – әрбір азаматтың міндеті.

## № 2

Адамзат тарихында ерекше орын алатын пошта байланысы пайда болғанынан бастап бір жарым ғасырға жуық уақыт аралығында әлемнің әр түкпіріндегі ел мен елді, қала мен қаланы байланыстырып келеді. Тарихқа көз жүгіртсек, 1874 жылы Дүниежүзілік Пошта Кеңесі құрылған екен. Ертеде хат-хабарды түйе немесе ат арбамен тасыған. Ол кездерде байланысқа ұзақ уақыт кететін. Кейіннен 1860 жылы Алматы қаласында Пошта бөлімшесі ашылды. 1862 жылы Алматы мен Пішпек қалаларын байланыстырған телеграф желісі болды. Сол кезеңде Қазақстан қалалары мен жалпы барлық өңірін қоршаған ортамен тез байланыстыратын жалғыз тиімді құрал болды. Келесі жылы телеграф желісі бойынша байланыс Алматы қаласы мен Жетісу-Жәркент, Лепсі, Сергиопол, Қапал уездік қалалары арасында, ал содан кейін батыста – Ташкентте және солтүстікте – Семей мен Омбыда орнатылды. 1934 жылы Алматының поштамп, телеграф, қалалааралық, халықаралық телефон станциялары орналасқан Алматы Байланыс үйінің құрылысының аяқталуы елдегі маңызды оқиға болды.

1939 жылы алғаш рет қазақстандық телеграф желісі бойынша фотобейне-қазақтың ұлы ойшылы және ақыны Абай Құнанбаевтың портреті жіберілген болатын. Алпысыншы жылдары жеті факсимильді байланысты енгізу басталды, соның көмегімен байланыс желісі арқылы құжаттарды, сурет, фото, сызбалар мен газеттерді жіберу жүзеге асырылды. 1970 жылы барлық совхоз, колхоздар мен ауыл кеңестерін телефондандыру аяқталды. КСРО тарағаннан кейін сала жаңа жағдайға тап болды. Барлық қиыншылықтарға қарамастан, саланың техникалық және кадрлық әлеуеттілігін сақтау, инвестицияны тарту, шетел серіктестерімен алғашқы қарым-қатынас орнату үшін көп жұмыс жасалды.

1994 жылдың 17 маусымы күні – «Қазақтелеком» Ұлттық акционерлік қоғамы компаниясының құрылған күні. Оның атымен біздің еліміздегі телекоммуникация саласының тағдыры байланысты. Бүгінгі күні «Қазақтелеком» компаниясынсыз біздің қоғамның өмірі мүмкін еместігі баршамызға белгілі.

**Мәтінде жоқ ақпаратты таңдаңыз.**

A) Пошта арқылы хат-хабар жеткізіліп тұрады.

B) Алғашқы пошта байланысы Алматыда ашылды.

C) Пошта қызметкерлерінің кәсіби мерекесі тойланды.

D) Абайдың портреті телеграф желісі арқылы жіберілді.

**Мәтін мазмұнында жауабы бар сұрақты таңдаңыз.**

A) Халыққа кім қызмет көрсетеді?

B) Телеграф желісі қашан пайда болды?

C) Абай Құнанбаевтың қандай шығармалары бар?

D) Пошта бөлімшелерінің жұмысы қалай атқарылуда?

**Мәтін мазмұнын анықтаңыз.**

A) Ауылдармен байланыс жасау

B) «Қазақтелекомның» құрылуы

C) Пошта байланысының пайда болуы

D) Алматы Байланыс үйінің құрылысының салынуы

**Мәтін мазмұнына сәйкес ақпаратты көрсетіңіз.**

A) Ол поштадан газет алады.

- В) Поштақызметінесұраныскөп емес.
- С) Қазақ поштасын мерейтойымен құттықтады.
- Д)Пошта байланысы халыққа қызмет көрсетеді.

**Мәтін тақырыбын таңдаңыз.**

- А) Байланыс үйі
- В) Пошта байланысы
- С) Құнанбаев портреті
- Д) «Қазақтелекомның» құрылған күні

## ӘЛЕМ ҚАЛАЛАРЫ.

Қалалар бар әлемде. Таңқалдыратын халықты. Ол қалалар әр елде, несімен даңқты?

Сұрақтарға жауап беру үшін кестенің мәліметтерін пайдаланыңыздар.

Париж –	<i>спорт сарайымен</i>
Нью-Йорк –	<i>Кремлімен</i>
Мәскеу –	<i>Ақ үйімен</i>
Вашингтон –	<i>Қожа Ахмет кесенесімен</i>
Стамбул –	<i>София мешітімен</i>
Санкт-Петербург –	<i>Бродвеймен</i>
Түркістан –	<i>Эйфель мұнарасымен</i>
Мехико–	<i>халқының санымен</i>
Сочи–	<i>Эрмитажымен</i>
Өскемен –	<i>Медеуімен</i>
Алматы-	<i>Бәйтерегімен !</i>
Ал, Астана ше ? Меніңше, -	<i>демалыс үйлерімен</i>

## Қазақстан картасымен жұмыс.




- Әлем қалаларын жақсы білесіңдер, бірақ біздің тақырыбымыз «Қазақстан қалалары». Оларды қалай білесіңдер қазір тексереміз
- Жерімізге бұлт төңбес үшін әр бұлтты ашып, сұрақтарға жауап береміз. Қай қала екенін анықтаймыз. Кім бірінші бастайды ?

## Бұлттағы сұрақтар.

1. Қазақстанның орталық аймағында орналасқан, алтын өндіретін, ауыл шаруашылығымен айналысатын қай өңір?
2. Қазақстанның батысында орналасқан химия, машина жасау өндірістері дамыған аймақ?
3. Оңтүстік шығыста орналасқан ауыл шаруашылығымен айналысады, жеміс – жидек мол жер?
4. Батыста, Каспий маңында орналасқан, мұнай өндіреді?
5. Шығыста орналасқан, полиметалл рудасын өндіреді?
6. Оңтүстік орналасқан, ауыл шаруашылығымен айналасады, қызылша өсіреді?
7. Батыстың солтүстік жағында орналасқан, ауыл шаруашылығымен айналасады, газ өндіреді ?
8. Орталықта орналасқан, көмір, қара металды аймақ?
9. Республиканың оңтүстігінде орналасқан күріш өсірумен айналасады?
10. Батыста орналасқан, газ, мұнай өндіреді, бай өлке?
11. Республиканың солтүстігінде орналасқан, ауыл шаруашылығымен айналасады, темір рудасын өндіреді?
12. Солтүстік Шығыста орналасқан, трактор шығарады?
13. Республикамыздың солтүстік аймағында орналасқан ауыл шаруашылығы астық бай өлке.
14. Республиканың оңтүстігінде орналасқан қала мақта, қызылша өсіреді.

## 3 - тапсырма. Сызба арқылы Интернеттің мүмкіндігі туралы жазыңдар.



**№1**

**«Абайдың он сегізінші қара сөзі»**

Адам баласына жыртықсыз, кірсіз, сыпайы киініп, Һәм ол киімін былғап, былжыратып кимей, таза кимек - дұрыс іс. Ләкин өз дәулетінен артық киінбек, не киімі артық болмаса да, көңіліне қуат тұтып, тым айналдырмақ - кербездің ісі.

Кербездің екі түрлі қылығы болады: бірі бет-пішінін, мұртын, мүшесін, жүрісін, қас-қабағын қолдан түзетіп, шынтағын көтеріп, қолын тарақтап әуре болмақ. Біреуі атын, киімін «айран ішерім» деп, солардың арқасында сыпайы, жұғымды жігіт атанбаққа, өзінен ілгерілерге елеулі болып, өзі қатардағының ішін күйдіріп, өзінен кейіншілерге «әттең, дүние-ай, осылардың атындай ат мініп, киіміндей киім кигеннің не арманы бар екен?!» - дейтұғын болмаққа ойланбақ.

Мұның бәрі - масқаралық, ақымақтық. Мұны адам бір ойламасын, егерде бір ойласа, қайта адам болмағы - қиын іс. Кербез дегенді осындай кер, кердең немеден безіңдер деген сөзге ұқсатамын. Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де - ақымақтық.

**Сұрақ 1:** «Абайдың он сегізінші қара сөзі»

Кербездің қанша түрлі қылығы бар?

---

**Сұрақ 2:** «Абайдың он сегізінші қара сөзі»

Адам баласы адам баласынан қандай нәрселерімен озбақ?

---

**Сұрақ 3:** «Абайдың он сегізінші қара сөзі»

Неліктен /түсіндір/

1. Өз дәулетінен артық киінбек неліктен кербездің ісі?
2. Біреу атын, киімін неге «айран ішерім» дейді?

## № 1

### Отбасындағы дәстүрлер

Біздің отбасымыз өте тату. Отбасымызда жақсы дәстүрлер көп. Олар: үлкенге құрмет көрсету, кішіге қамқор болу, мерекелерді бірге қарсы алу.

Мысалы, Наурыз мейрамында әжем наурыз көже пісіреді. Біз дастарқан жаюға көмектесеміз. Келген қонақты қарсы аламыз, мерекені көңілді өткіземіз.

#### Тапсырмалар:

1. Мәтінді мәнерлеп оқы.
2. Жұптасып, бір –біріңе өз отбасың туралы әңгімелеп бер.
3. «Отбасы» тақырыбына диалог құрастырыңдар.

## № 2

### Киіз үй

#### Жабық сұрақ:

- Бұл не?
- Не үшін қажет?
- Пайдалы және пайдасыз жақтарын ата.

#### Мәтінмен жұмыс:

Киіз үй – қазақ халқының ертеден келе жатқан баспанасы. Ол көшіп – қонғанда тез жиып , шапшаң тігуге ыңғайлы. Киіз үй құрылысына қарай төрт қанат, алты қанат, сегіз қанат, он екі қанат болып тігіледі. Киіз үйдің сүйегі (қаңқасы) ағаштан жасалады. Олар: уық, кереге, шаңырақ, сықырлауық, табалдырық, бақан. Ал жүннен де жасалатын жабдықтары бар. Олар: туылдырық, үзік, түндік, киіз есік. Кереге, уықтар мен шаңырақ – киіз үйдің бөліктері. Киіз үйдің іші өте әдемі. Қыста киіз үйде әруақытта жылы. Ал жазда-салқын.



#### Тапсырмалар:

«Инсерт» стратегиясы бойынша мәтіннен оқушылар білгендерін және білмегендерін түртіп, белгілеп отырады.

Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Киіз үй құрылысына қарай қандай болып бөлінеді?
2. Киіз үйдің түрлері қандай?
3. Киіз үйдің қаңқасын атаңдар.
4. Киізден жасалатын жабдықтары қалай аталады?

**3-тапсырма.** Деңгейлік тапсырмаларды орындаңдар.

#### III-деңгей

1. Мәтінді мәнерлеп оқып , орыс тіліне аударыңдар.
2. Мәтіннен етістіктерді теріп жазыңдар.

#### II-деңгей

1. уық, кереге, шаңырақ, сықырлауық, табалдырық, бақан сөздерімен сөйлем құрастырыңдар
2. Мәтін бойынша эссе жазыңдар.

#### I-деңгей

1. Киіз үй туралы мазмұндаңдар.
2. Киіз үйге байланысты мәтіннен тыс бес сөйлем құрастырыңдар.

## № 3

### Қазақтың дастарқаны

Қазақ халқы үшін дастарқаннан үлкен, дәмнен үлкен нәрсе жоқ. Сондықтан тамақ ішуге шақырғанда тамақты көп күттіруге болмайды. Егер қонаққа шақырса уақытында бару керек.

Қазақтың ұлттық дастарқанында болатын негізгі тамақтардың түрлері: ет тағамдары, сүт тағамдары және нан тағамдары. Ең негізгі ұлттық тамақ – қазақша ет. Сыйлы кісі келгенде, қазақша ет беріледі. Тамақ соңында ең үлкен құрметті кісі бата береді.

#### **Тапсырмалар:**

1. Мәтінді түсініп оқып, бір – бірімен сұхбаттасыңдар.
2. «Ұлттық тағамдар» тақырыбы бойынша 5 минуттық эссе жазыңдар
3. Деңгейлік тапсырмалар:
  - 1) Берілген сөздерге барыс септігін жалғаңдар.  
Дастархан, тамақ, ұлт, бата, ет, сүт, нан, халық.
  - 2) Мәтіннен 5 зат есімді теріп жазып, барыс септігін жалғаңдар.
  - 3) Берілген сөздерді пайдалана отырып, сөйлем құраңдар.  
Дастарханға, асқа, асханаға, мектепке, үйге, отбасыма, қалаға.

#### **№ 4**

##### **Менің елім – Қазақстан**

Менің елім – Қазақстан. Оның жері кең-байтақ. Бұл мемлекет Еуразияның орталығында орналасқан. Астанасы – Арқаның төрінде орналасқан Астана қаласы. 1991 жылдың 25 қазанынан бастап еліміз тәуелсіздік туын көтерді. Нұрсұлтан Назарбаев еліміздің тұңғыш Президенті болып сайланды. Қазақстан - әр түрлі халық өкілдері бейбіт тұрып жатқан ел. Қазір еліміздің Мемлекеттік Туы, Елтаңбасы, Әнұраны, жаңа Ата заңы, ұлттық валютасы бар.

#### **Тапсырмалар:**

1. Мәтінді түсініп, мәнерлеп оқып, орыс тіліне аударыңдар.
2. Мәтіннен сын есімі бар сөздерді теріп жазыңдар.
3. Мәтінді өз сөздеріңмен әңгімелеңдер.
4. Сын есімнің басқа сөз таптарынан айырмашылығын көрсетіңдер.
5. Берілген зат есімдерге сөз тудырушы жұрнақтарды жалғап, сын есім жасаңдар.  
Қыс, кеш, жаз, күз (-қы, -кі, -ғы, -гі).  
Орман, көл, тау (-ды, -ді, -лы).  
Көңіл, қар, қызық (-ді, -лы, -ты).

#### **№ 5**

##### **Жаңа жылды қарсы алу дәстүрі**

Миға шабуыл:

- Қыс мезгілі саған ұнай ма? Неге?
- Қыс айларын ата!
- Қыста қандай мерекелер болады?
- Жаңа жыл мерекесін қалай қарсы аласың?
- Жаңа жыл мерекесінен не күтесің?

#### **1. Мәтінді үш бөлікке бөліп, әр топ бір – біріне әңгімелеп береді.**

Қала тұрғындары өздерінің достарын, туысқандарын Жаңа жылмен құттықтап, жеделхат жіберіп жатыр. Олар жақындарына Жаңа жылда жаңа табыстарға жете беруге тілектестік білдірді.

Халық жаңа жылдық мерекеге әзірленуде. Біреулері билейтін биін, айтатын өлеңі мен тақпағын үйреніп жатыр.

«Балалар әлемі» дүкенінде бұл күндері қызу сауда жүріп жатыр. Мұнда жаңа жылдық шыршаға керекті ойыншықтар өте көп.

#### **2. Мәтінге сұрақтар құрастырыңдар.**

#### **3. Мәтін бойынша класстер құрастырыңдар.**

#### **№ 6**

##### **Денсаулық – зор байлық**

Адамның денсаулығы - қоғам байлығы. Әрбір адам өз денсаулығының мықты болу жолдарын қарастыру керек. Дені сау адамның көңіл – күйі көтеріңкі болып, еңбекке әрқашан



құлшына кіріседі. Халқымыз «Дені саудың – жаны сау» деп орынды айтқан. Отанымыздың келешегі, көркеюі, балалар, сендердің қолдарыңда. Сондықтан сендердің таңдауларың - салауатты өмір салты болсын.

Біздің де өмірімізді жарық қылатын, жан –жағымызға тамаша сәулесін шашатын, өмірдегі басты байлық – денсаулық.

**Тапсырмалар:**

**1. Мәтінді түсініп оқып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.**

- Денсаулықты сақтау үшін не істеу керек?
- Денсаулық - зор байлық! – деп неге айтады?
- Денсаулығы бар адам қандай болу керек?

**2. Мәтінді оқып, дұрыс – бұрысын тексеріңдер.**

Бір қариядан немересі сұрапты:


- Ата, денсаулықты сатып алуға бола ма?
- Жоқ, балам, денсаулық ешқашан сатылмайды.
- Ата, денсаулықты қалай бағалауға болады?
- Денсаулық – ең бірінші байлық, - депті атасы.

Қарияның айтқаны дұрыс па? Дұрыс / дұрыс емес

Денсаулықты сатып алуға бола ма? Болады / болмайды.

Денсаулық ең бірінші байлық па? Дұрыс / дұрыс емес.

**3. Сызбаны толтырып, мазмұнын айтып беріңдер**



**№ 7**

**Мектеп – біздің анамыз**

**«Күбизм» стратегиясы**

- Мектеп деген сөзді қалай түсінесің?
- Мектеп саған не береді?
- Сүйікті пәнің қандай?
- Сүйікті ұстазың бар ма?
- Сенің мектебің қандай?
- Өз мектебің саған ұнай ма?

**Мәтінмен жұмыс:**

«Мектеп» деген сөз араб тілінен шыққан. «Оқу орны» деген ұғымды білдіреді. Әрине сендердің алғаш оқуға барған күндерін мәңгі естеріңде қалатыны сөзсіз.

Алғашқы қоңырау соғылды. Мектеп директоры, ата-аналар құттықтап, жақсы тілектер айтты.

Мектепте «Оқушыларға арналған ереже» бар: жақсы оқу, үлгілі болу, әс-шараларға белсене қатысу.

Осы барлық ережені оқушы орындаса, келешекте сауатты, білімді, мәдениетті болады.

Міне, бұл - мектептің ең басты міндеті.

**Тапсырмалар:**

1. Мәтінді мәнерлеп оқы.
2. Жұптасып бір – біріңе әңгімелеп бер.
3. Сұқбаттасу үшін 5 сұрақ жаз
4. Кесте бойынша «Мектеп» тақырыбына әңгіме құрыңдар.

Қай көшеде	Қандай?	Неше	Нелер	Ауласы	Қандай пән
------------	---------	------	-------	--------	------------

орналасқан?		қабатты?	бар?	қандай?	кабинеттері бар?

## № 8

### Мектептегі іс – шаралар

Сурет бойынша 5 сөйлем құрастырыңдар.

#### Мәтінмен жұмыс:

Мен мектепішілік іс-шараларға көп қатысамын. Мектепте әр мереке сайын сыныптан тыс іс-шаралар өткізіліп тұрады. «Қазақстан Республикасының тілдер күніне», Тәуелсіздік, Наурыз мерекелеріне әр түрлі сайыстар, қойылымдар, ән-күй кештер өткізіледі. Биыл Наурыз мерекесіне қарсанында қазақ халқының ұлттық тағамдар жәрмеңкесі өтті. Барлық сынып оқушылары белсене қатысты. Осы іс-шара жоғары ұйымдасқан түрде өтіп, мектеп әкімшіліктің көңілінен шықты.



#### Тапсырмалар:

1. Мәтінді мәнерлеп оқып, аударыңдар.
2. «Сен қатысқан іс-шара» тақырыбы бойынша сұхбат құрастырыңдар.
3. Сын есімнің сапалық және қатыстық түрлеріне мысал келтіріңдер.

Үлгі: Сапалық – көк, тәтті, үлкен, ... .

Қатыстық – бойшаң, өнерлі, қысқы, ... .

4. Рөлдік ойын.

**Тапсырма:** Оқушыларға: «Тәуелсіздік күні» мерекесіне арналған іс-шара барысын дайындау. 1986 жылғы 16 желтоқсан күні болған оқиғаны қойылым арқылы көрсету.

## № 9

### Қазақ тілі – мемлекеттік тіл

#### Берілген сөйлемдердің дұрыс – бұрысын анықтаңдар.

	Дұрыс	Бұрыс
1. Ана тілін адамдар әке – шешесінен үйренеді.		
2. Ана тілін адамдар газет пен журналдан үйренеді.		
3. Қазақ тілін үйренбесем, «Қыз Жібек» жырын оқимын.		
4. Қазақ тілі түркі тілдері тобына жатады.		
5. Бірнеше тіл білу қажет емес.		

#### Мәтінмен жұмыс:

70- 80 жылдарды мемлекеттік тіл орыс тілі болды. 1989 жылы қазақ тілі өз мемлекеттік мәртебесін алды. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялады. Қазақ тілі мемлекеттік тіл болып жарияланды.

Қазақ тілі - бай тіл. Қазақ сөзі қашанда даланың қоңыр желіндей еркін есіп тұрады. Қазақ тілі қасиетті қазақ домбырасының үнімен үндесіп жатады.

#### Тапсырмалар:

1. Мәтінді ішінен 1 рет оқып шығыңдар.

2. Сұрақтарға жауап беріңдер.

Тіл – жоқ жерде ұлт жоқ – мақалды қалай түсінесіңдер?

Қазақ тіліне қандай тіл?

Қазақ тілін немен салыстыруға болады?

3. Мәтіннен етістіктерді теріп жазыңдар, олардың шақтарын анықтаңдар.

4. Жақсы сөйлейді, түсінемін, тұрады, алды - етістіктерді сөз құрамына талдаңдар.

5. Кең, қасиетті, үн, жағдай – сөздерге синонимдер табыңдар.

«Аквариум» стратегиясы бойынша мәтіннен білгендерімен бір-бірімен бөліседі.

## 6-сынып оқушыларына функционалдық сауаттылықты арттыруға арналған тапсырмалар

### 1 модуль. Менің отбасым

#### 1 – тапсырма.

##### а) Мәтінді мұқият оқыңдар

Менің атым – Ерасыл. Менің отбасым үлкен. Отбасымда жеті адам бар. Олар: атам, әжем, анам, әкем, ағам, інім және мен. Атам мен әжем – зейнеткерлер, олар ауылда тұрады. Әкем – экономист. Ол фирмада жұмыс істейді. Анам – балалар дәрігері. Әкем мен анам 42 жаста. Ағам – студент, ол болашақ заңгер. Ағам 22 жаста. Інім 5 жаста. Ол балабақшаға барады. Менің отбасым өте тату.

##### ә) Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңдар

1. Сенің отбасың үлкен бе?
2. Отбасыңда қанша адам бар?
3. Сенің ата – анаң қай жерде жұмыс істейді?
4. Сенің ағаң (әпкең), інің, сіңлің бар ма?
5. Олар неше жаста?
6. Олар не істейді?

#### 2 – тапсырма.

##### Сөздерді қазақ тіліне аударып, сөйлем құрастырыңдар.

Семья, не очень, любить, старший брат, учится, место рождения, дружный.

#### 3 – тапсырма. Сурет бойынша диалог құрастырыңдар.



### 2 модуль. Менің достарым

#### 1 – тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, ат қойып, сұрақтар құрастырыңдар.

«Жақсымен жолдас болсаң, ісің бітер, Жаманмен жолдас болсаң, басың кетер», «Жақсыны жолдасынан таниды» деген мақал – мәтелдері жолдастықтың қадір – қасиетін білдіреді.

Менің екі жақсы досым бар. Үшеуіміз де қазір бір сыныпта оқимыз. Сабаққа да бірге дайындалып, үнемі бір – бірімізге көмектесеміз. Үшеуіміз де оқу озатымыз. Осы күнге дейін біздің жұбымыз жазылған емес, адамдар бізді бір үйдің балалары деп те ойлап қалатын кездері болады. Бос уақытымызды үшеуіміз көңілді өткіземіз. Достарымның аты – Мақсат және Абзал. Мақсаттың бойы орта бойлы, көзі қара, шашы қара, мінезі шапшаң, ал Абзалдың көзі қоңыр, бойы ұзын, шашы қара, мінезі жұмсақ. Мен осындай адал достарымның барына қуанамын. Біз өте татумыз.

#### 2 – тапсырма. Достық туралы мақал мәтелдерді оқып, түсін.

1. Досы жақсының-өзі де жақсы.
2. Дос басқа қарайды, Дұшпан аяққа қарайды.
3. Ақылсыз достан ақылды дұшпан артық.
4. Досың мың болса да-аз, Дұшпаның біреу болса да-көп.
5. Доссыз адам тамыры жоқ ағашпен тең

#### 3 – тапсырма. Сөйлемдерді дұрыс құрап жаз.

1. Аласа, бойы, Мараттың.

2. жатады, Ксенияның, сарыға, шашы.
3. қоңыр, Розаның, көзі.
4. Қандай, түрі, Асқардың?
5. Әсел, емес, толық, онша.

**4– тапсырма. Жұптастырыңдар.**

Менің дәптерің	Біздің	достарың
Сенің досыңыз	Сендердің	балалары
Сіздің бөлмесі	Сіздердің	дәрігеріміз
Оның кітабым	Олардың	оқытушыларыңыз

**3 модуль. Менің елімнің ақшасы**

**1 – тапсырма.** Мәтінді түсініп оқыңдар, сұрақ қойыңдар

**Ұлттық теңгеміз**

Әрбір дербес мемлекеттің тәуелсіздігін білдіретін белгілерінің бірі – ұлттық ақшасы. Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін өз ақшасын шығаруды қолға алды. Сөйтіп, 1993 жылы қараша айынан бастап, өз теңгеміз айналымға түсе бастады.

Ұлттық теңгеміздің ерекшелігі – мықты, тез тозбайтын қағаздан, арнайы тапсырыс арқылы шетелде дайындалған. Теңгенің шеттері қазақтың ою – өрнектерімен безендірілген. Бірінші бетінде қазақ халқының ұлы тұлғаларының бейнелері басылады. Екінші бетінде ою – өрнектер, табиғат көріністері бейнеленіп, Елтаңбамыз салынған.

**2 – тапсырма.** Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріп, мәтіннің мазмұнын айтуға дайындалыңдар.

1. Әрбір мемлекеттің тәуелсіздігін білдіретін басты белгілерінің бірі не?
2. Төл теңгеміз нешінші жылы жасалынды?
3. Ол қандай қағаздан жасалынды? Онда нелер бейнеленген?

**4 модуль. Елнұр туған күнге сыйлық таңдайды**

**1 –тапсырма.** Мәтінге қатысты сұрақтар құрастырып жаз.

**Үлгі:** Алуаның туған күні қашан? Туған күніне кімдерді шақырды?

**Менің туған күнім**

Менің атым - Алуа. Мен 12 жастамын. Менің туған күнім 10 қазанда. Мен туған күніме достарымды, құрбыларымды, мектептегі сыныптастарымды шақырдым.Туған күнге орай мен дастарқан басында аппақ көйлекте отырдым. Анам туған күніме қазақтың ұлттық тағамы дәмді бесбармақ әзірледі. Достарым туған күніме түрлі сыйлықтар сыйлады.Әпкем маған «Ертегі» кітабын сыйға тартты.Сыныптастарым маған ұнтаспа сыйлады.Әкем мен шешем маған «Қыздар энциклопедиясы» кітабын сыйлады.Туған күнімді достарыммен,сыныптастарыммен өте көңілді тойладым.

**2- тапсырма.** Үлгі бойынша берілген сөздердің айтылуын жаз.

**Үлгі:** ішсін-ішшін.

**Алакөл, күлекеш, тасбақа, алақаз, Аманкелді, әлдеқайда, Ботакөз, алып берді.**

**3- тапсырма.** Сөйлемдерді дұрыс құрап жазыңдар.

1. Сыйладым,мен,досыма,кітап.
2. Дүкеннен,әкелдім,сатып,нан.
3. Барамын,сағат,мен,сегізде,мектепке.
4. Оқимын,кітабын, мен.,ертегі.
5. Досыма,мен,дайындадым,сыйлық.

**5 модуль. Астанамен танысу**

**1 –тапсырма.** Мәтінді түсініп оқыңдар, сұрақ қойыңдар

**Астана**

Қазақстан Республикасының астанасы-Арқаның төрінде орналасқан. Астана қаласы.1997 жылы астана Ақмола қаласына көшірілді.1998 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің

Жарлығымен Ақмола қаласының аты - Астана деп өзгертілді. Астананың рәмізі - Бәйтерек. Бәйтерек-әсем, биік ғимарат, сол жағалаудың көркі. Қазіргі кезде Астана ең сұлу жас қала. Астанада ғажап зәулім ғимараттар салынып жатыр. Астананың сол жағалауында Елбасының Резиденциясы, Ақорда, Парламент, Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі, т.б. ұйымдар мен мекемелер орналасқан. Астанада көптеген білім ошақтары: 50-ден астам орта білім беретін, арнаулы орта білім беретін мектептер және жоғары оқу орындары т.б. оқу орындары бар. Астана күннен-күнге гүлденуде. Астананың болашағы зор.

**2-тапсырма. Сөйлемдерді дұрыс құраңдар.**

1. Болашағы, зор, Астананың.
2. Астанада, ғимараттар, ғажап, зәулім, жатыр, салынып.
3. Ескерткіштері, бар, билердің, Астанада.
4. Астана, Арқаның, төрінде, орналасқан.
5. Қала, жас, сұлу, Астана, ең

**3-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.**

1. Қазақстан Республикасының астанасы-қай жерде орналасқан?
2. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Ақмола қаласының аты Астана деп қай жылы өзгертілді?
3. Астананың сол жағалауында қандай ұйымдар мен мекемелер орналасқан?
4. «Астана менің – астанам» деп сенімді айта аласыңба?
5. Неліктен ол сенің астанаң болып табылады?

**4- тапсырма. Өз бетіңше «Астана – менің астанам» деген тақырыпқа диалог құрастыр.**

**6 модуль. Көлік түрлері.**

**1 – тапсырма. Мәтінді мұқият- қатесіз, түсініп оқыңдар.**

**XXI ғасырдағы транспорт.**

Қазіргі заман транспорт, техниканың дамыған заманы. XXI ғасыр транспортына әуе жол транспорты, темір жол, жер асты транспорты (метро) және де өзіміз күнделікті қатынайтын автобус, троллейбус, трамвай, жеңіл көліктер жатады. Жаңа ғасыр техниканың жақсы дамыған кезінде, біздің еліміздің үлкен, әсем қаласы Алматыда жер асты транспорты «метро» құрылысы салынуда. Қазіргі таңда транспорттың түрлері күннен-күнге жаңартылып, түрлі үлгілермен шығарылуда.

**2 –тапсырма. Сурет бойынша сұрақ құрастырыңдар**



**3- тапсырма. Кестені дұрыс толтырыңдар.**

кг	Айгүл	Ата-ана	Көк ала	дм
Айнұр	достар	ашық	мектеп	кітаптар
Төрт мезгіл	итмұрын	Алыс-жақын	мм	айна
мұғалім	дәптер	ақылды	өнерлі	см
Тұрған-өскен	бүркіт	жеңіс	арман	га
жиырма	Қара жорға	Он сегіз	Қызыл алма	алтын

**7 модуль. Табиғатты қорғайық**

**1 – тапсырма. Мәтінді оқыңдар, аударып, сұрақ қойыңдар.**

Біздің ел жерге, егінге бай. Егін астық береді. Астықтан нан пісіріледі. Нан – адамның басты тамағы. Сондықтан егін жақсы шығу үшін, егістіктің айналасына ағаш отырғызу керек. Ағаш егінді желден қорғайды. Егінді желден қорғау үшін, ағашты егістіктің айналасына егу керек. Ал ағаш егілсе, әрі ауаны желпіп салқындатып, әрі күн сәулесін өзіне көбірек тартып, жердің бетін қабыршақтандырмайды. Ағаш саздан қорғайды. Осы сазды құрғатуға ағаштың пайдасы көп.

**2 – тапсырма.** Мәтіндегі ең маңызды сөйлемдерді табыңыздар.

**Ағаш** сөзіне етістіктер іздейміз: пайдаланады

- қорғайды
- желпиді
- салқындайды
- қабыршақтандырмайды

**3 – тапсырма.** Сурет бойынша сұрақтар құрастырыңдар.

*Үлгі:* Мына суретте не бейнеленген?

**4 - тапсырма.** Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, дәптерге жазыңыздар.

Ағаш егінді ....қорғайды. Ағаш ....салқындатады, күн ... өзіне тартады, ыстық лепке сая болып, жердің .... қабыршақтандырмайды. Ағаш сазға айналып бара жатқан .... құрғатады. Ол жер астындағы өзіне керек ... тартып алады, қалғанын бу қып ұшырады.

**5 – тапсырма.** Өзара сөйлесіңдер.

Сендер қандай ағаштар білесіңдер?

Қайын, емен, шырша, қарағай, т.б.

Ағаштар қандай табиғатқа жатады?

Тірі табиғат.

Ағаштар бізге қалай көмектеседі?

Көлеңкесін түсіреді, даланы шаң- тозаңнан тазартады.



### Қайың

Қайың тегіс және таулы жерде өседі. Қайыңнан түрлі үй жиһаздары жасалады. Оның майымен былғары өңделеді. Ол ұлы газдарды өткізбейді.

Қайың - пайдалы ағаш.

## 8 модуль. Менің сүйікті кейіпкерім.

**1 – тапсырма.** Сөздікпен жұмыс.

### Сөздік

той жасапты – устроил праздник

келіпті – пришел

киімі – одежда

ешкім – никто

елемепті – не обратил внимание

төрге шық демепті – не говорили “проходи”

үйіне қайта барады – обратно сходил домой

үй иесі – хозяин дома

құрметтейді – уваживает

алыңыз, алыңыз – берите, ешьте

етті жемейді – не ест мясо

адамды сыйламайды – не уважает человека

**2-тапсырма.** Мәтінді оқып, мазмұнын айтыңдар.



### Қожанасырдың тойға баруы.

Бір бай той жасапты. Тойға Қожанасыр да келіпті. Қожанасырдың киімі жаман екен. Оны ешкім елемепті. «Төрге шық, тамақ іш» – демепті. Қожанасыр өз үйіне қайта барады. Жақсы киімін киіп, тойға келеді.

Бұл жолы үй иесі Қожанасырды құрметтейді. Төрге отырғызады. Ет келгенде Қожанасыр етті жемейді. Табаққа шапанының жеңін малып:

- Же, шапаным, же! – деп отыра береді.



Үй иесі:

-Қожеке, бұныңыз не? Шапан ет жей ме?

Сонда Қожанасыр:

-Сен адамды сыйламайды екенсің, киімді сыйлайсың. Сондықтан шапаныма жегізіп отырмын!

– депті.

**3-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Қожанасыр қайда барады?
2. Қожанасырға той иесі неге көңіл аудармайды?
3. Қожанасыр не істейді?
4. Той иесі Қожанасырға не дейді?
5. Қожанасыр не деп жауап береді?
6. Қожанасыр қандай кейіпкер?
7. Сендерге Қожанасыр ұнай ма? Неге?

**4-тапсырма.** Сөз тіркестерін аударып, келер шақ етістігіне айналдырыңдар.

Устроил праздник.

Не ест мясо.

Хозяин ухаживает.

Не уважаешь человека.

## 9 модуль. Мен мектептемін.

**1-тапсырма.**

а) Мәтінді түсініп оқыңдар.

ә) Сұрақ құрастырып жауап беріңдер.

б) Өз мектебің туралы әңгімелеңдер.

### Менің мектебім

Менің мектебім Төле би көшесінде орналасқан. Мектебімізде 900-дей оқушы бар. Мектеп директоры Исатай ағай. Мектебім үш қабатты. Мектеп іші жарық және таза.

Кабинеттері қазіргі талапқа сай жабдықталған. Бірінші қабатта екі спортзал бар. Кітапханамыз үлкен, асханамызда дәмді астар пісіріледі. Мектеп ауласы кең және онда жас ағаштар өсіп тұр. Мектепте көптеген іс-шаралары өткізіледі. Іс – шараларға мектеп оқушылары мен мұғалімдер ат салысып қатысады. Екінші қабатта қазақ тілі кабинеттері мен мұғалімдер бөлмесі бар. Әр кабинет қазіргі талапқа сай құралдармен жабдықталған. Мен өз мектебімді мақтан тұтып, оны құрметтеймін.

**2-тапсырма.** Мақалдарды мәнерлеп оқып, естеріңде сақтаңдар.

1. Өмір - үлкен мектеп

2. Мектеп- кеме, білім - теңіз

3. Кітап- алтын қазына.

**3-тапсырма.** Етістіктерді қалау райына айналдырып жаз.

Пісірілді, өткізеді, теңейді, алады, құттықтайды.

**4-тапсырма.** Сөзжұмбақты шеш.

1	м								
	е								
2	к								
	т								
3									
	е								
4	п								

1. Ұстаз

2. Қаласы бар, үйі жоқ  
Өзені бар, суы жоқ  
Орманы бар, бүрі жоқ,  
Бақшасы бар гүлі жоқ.

3. Ойыңды жазасың,  
Аласын мазасын  
Беттері біткен соң  
Қарыз боп қаласың

4. Оқушы орны

**5-тапсырма.** Сурет бойынша диалог құрастыр.



### 10 модуль. Менің сүйікті заттарым.

**1 - тапсырма.** Мәтінді оқып, аударыңдар, сұрақ құрастырыңдар

#### Менің заттарым.

Менің атым – Мақсат. Мен алтыншы сыныпта оқимын. Мен өз заттарыма өте ұқыпты баламын. Мен өз оқу құралдарымды жақсы ұстаймын. Менде қалам, сызғыш, өшіргіш, ұштағыш, түрлі - түсті қарындаш, бояулар, циркуль және сурет альбомым бар. Менде кітаптар да көп. Мен кітап оқығанды жақсы көремін. Менің әр затым өз орнында тұрады. Киімдерімді де ұқыпты, таза ұстаймын. Себебі әр заттың өз орны бар. Мен өз бөлмемді де таза ұстаймын. Менің бөлмемде әр зат өз орнында тұрады. Кітаптарым кітап сөрелерінде, бояуларым қобдишада, киімдерім шкафымда тұрады. Ұқыптылық - адамға жарасымды, жақсы қасиет.

**2 - тапсырма.** Бос орынға керекті сөздерді қойып жазыңдар.

1. Менің досым \_\_\_\_\_ сөмке \_\_\_\_\_ .
2. Сенің ағаң \_\_\_\_\_ мектебі \_\_\_\_\_ .
3. Сіздің үйіңіз \_\_\_\_\_ кілт \_\_\_\_\_ .
4. Оның сыныбы \_\_\_\_\_ тақта \_\_\_\_\_ .
5. Біздің бөлмеміз \_\_\_\_\_ жарығ \_\_\_\_\_ .
6. Сендердің қалаларың \_\_\_\_\_ көшелер \_\_\_\_\_ .
7. Сіздердің кітапханаларыңыз \_\_\_\_\_ кітаптар \_\_\_\_\_ .
8. Олардың мұғалімі \_\_\_\_\_ машина \_\_\_\_\_ .

**3 - тапсырма. Тест сұрақтары**

**1.** Етістіктің райлары нешеу?

- А) 3
- Ә) 4
- Б) 5
- В) 6

**2.** Берілген сөйлемнің етістігі қай септікте тұр?

Менің дәрігер болғым келеді.

- А) Ашық рай
- Ә) Қалау рай
- Б) Шартты рай
- В) Бұйрық рай

**3.** Шартты райдың жұрнағын көрсет

- А) -шы, -ші
- Ә) -ып, -іп
- Б) -са, -се
- В) -ғы, -гі

**4.** Келер шақтың неше түрі бар?

- А) 5
- Ә) 2
- Б) 3
- В) 4

**5.** Мына сөйлемнің етістігі қай райда тұр?

Ертең ауа райы аязды болады.

- А) Ашық рай



- Ә) Шартты рай
- Б) Қалау рай
- В) Бұйрық рай

### 11 модуль. Мектептегі үйірмелер.

#### 1 –тапсырма. Сөздікпен жұмыс.

**ойды жетілдіреді**- развивает разум **жарыс**-соревнование

**қабілет**- способность **кезектесіп**- поочереди

**қарсыласына**- противнику **шахмат тақтасы**- шахматная доска

**мат қою**- поставить мат

#### 2 - тапсырма. Мәтінді оқыңдар, сұрақтарға жауап беріңдер

##### Шахмат ойнау ойды жетілдіреді.

Мен шахмат ойнауды ұнатамын. Бұл ойынды мен алты жасымнан меңгергем. Шахмат ойыны өте қызық ойын. Ойлау қабілетін жетілдіретін ойын.Бұл ойынды екі ойыншы ойнайды. Әр ойыншының мақсаты – қарсыласына мат қою. Шахматты уақытқа ойнайды. Ойыншылар кезектесіп өз фигураларымен шахмат тақтасында жүреді.Әр фигураның өз міндеті бар. Мен шахмат жарыстарына қатысамын. Биыл екінші орын алдым.

1. Шахмат ойыны қандай ойын?
2. Ойлау қабілетін жетілдіреді ме?
3. Бұл ойынды неше ойыншы ойнайды?
4. Ойыншылар қарсыласына не қою керек?
5. Фигураларымен шахмат тақтасында жүреді ме?
6. Биыл нешінші орын алдым?

**3-тапсырма.** Сөйлемдерден сын есімдерді тауып құрамына,тұлғасына,мағынасына қарай ажыратыңдар.

Ақ, қара фигуралар жүру керек.

Мен шахматты жақсы ойнаймын.

Шахмат- өте қызық ойын.

Ол ертеден келе жатқан көне ойын.

#### 4 –тапсырма. Суреттер бойынша әңгіме, диалог құрастырыңдар.



**№ 1**

**Аққу – киелі құс.**



Аққу- өте ірі және күшті құстардың бірі. Ол сонау көне заманнан бері сұлулық пен махаббаттың, тазалық пен нәзіктіктің белгісі болып саналады. Оны көп халықтар киелі құс санап, ерекше құрметтеген. Аққулар аңыздар мен ертегілерде жырланады.

Осы әдемі құстың өлер алдында «айтатын әні» жайлы ертеден келе жатқан аңыз бар. Аққу, әрине, ондай ән айтпайды. Ол жалпы әнші құстардың қатарына жатпайды да: сыбырлауық аққу жайлап қана сыңқылдайды, ал сұңқылдақ аққудың үні зор әрі әсем болады. Аққулар көктемде оңтүстіктен қайта оралады. Олардың қанатының сыңғыры мен әсем үнін аспанда жұп-жұбымен кербез ұшып өткен сәтінде тындаған тамаша-ақ. Сәуір айының көгілдір аспанында үлкен ақшаңқан құстардың сұлу мойнын соза тастап, қанатын бояу сермеп ұшып бара жатуы – естен кетпес ғажап сурет. Қалың орман ішіндегі көлде оңаша жүзген аққуды көру – одан да сұлу құбылыс. Аққу суда дыбыс шығармай, жеңіл сырғып жүзеді, ал астындағы су жарқырап, маржанның түсіне енеді. Аққудың әрбір қимылы – артына бұйра толқын тастап жүзіп бара жатып кілт бұрылуы, төсімен айдынды өбіп, қанатымен күміс тамшы себелеп шомылуы, ауаны қақ жара көкке көтерілуі – бұл бір қайталанбас әсем көрініс.

Аққулар шалғайдағы адам аяғы жетпес көлдердің қалың қамысына ұялайды. Олар - ерекше сезгіш және сақ құс. Балапандарын ата-енесі бірлікте тәрбиелеп өсіреді. Аққулар қолға тез үйренеді.

Аққулар – табиғаттың аса ғажап және қазіргі кезде сирек кездесетін туындысы. Елімізде оларды аулауға тыйым салынған.

**Сұрақ 1:** Аққу ненің белгісі ?

**Сұрақ 2:** Аққу жыл құсына жата ма?

**Сұрақ 3:** Мәтінде аққудың қандай түрлері аталады?

**Сұрақ 4:** Аққулар ұясын қайда салады?

**Сұрақ 5:** Аққулар – табиғаттың аса ғажап және қазіргі кезде сирек кездесетін туындысы. Осы сөйлемдегі туынды сөзінің мағынасын түсіндір.

**Сұрақ 6:** Қазақ халқымыздың аққуға байланысты даналық ұғымдары, аңыз-әңгімелері, мақал-мәтелдері, теңеулерінен мысалдар келтір.

**Сұрақ 7:** Ақын-жазушылардың халқымыздың аққуға деген сүйіспеншілігінің белгісі болып саналатын қандай шығармаларын білесің ?

**Сұрақ 8:** Қазақстанның өзен – көлдеріндегі аққу саны адам айтқысыз азайып кетті. Не себептен деп ойлайсың ?

**Сұрақ 9:** Адам аяғы жетпес тіркесін басқа сөзбен алмастыр

**Жауаптары:**

**Сұрақ 1:** Аққу сұлулық пен махаббаттың, тазалық пен нәзіктіктің белгісі.

**Сұрақ 2:** Аққу жыл құсына жатады.

**Сұрақ 3:** Қазақстанда кездесетін сыбырлауық аққу мен сұңқылдақ аққулар туралы айтылады.

**Сұрақ 4:** Аққулар ұясын көлдердің қалың қамысына салады.

## **№ 2**

### **Таршылық пен талпыныс**

Бір жігіт данышпан қарияға келіп қанша талпынып, талаптанса да, қаржыдан қысылып, дүниеге жарымай жүргенін баяндапты.

- Сірә, менің маңдайыма осындай таршылығы мол тағдыр жазылған шығар.

- Талпынып, талаптанған адамның табысқа жетпеуі мүмкін емес, сенің қателігің соны түсінбеуде жатыр,- дейді қария.

Сонан соң данышпан, жігітті өзен жағасына алып келіп, өзімен бірге суға алып түсіпті. Адам бойламайтын терең жеріне алып келіп, басынан ұстап, төменге басыпты. Алғашқыда шыдап көруге тырысқан жігіт, болмай бара жатқан соң, жоғары шығуға ұмтылыпты. Шалдың қолынан босанып шыға алмағасын, қатты бұлқынып, су бетіне басын зорға шығарып ауа жұтыпты. Сонда данышпан қария: Міне, сенің талпынысың осындай болғанда ғана, таршылықтың тұсауынан босай аласың, – депті.

**Сұрақ 1:** Мәтіндегі негізгі ойды анықта.

**Сұрақ 2:** «Таршылық пен талпыныс» мәтініндегі сөйлемдерді сюжет желісіне қарай ретімен орналастыр.

**Сұрақ 3:** Жігіт қарияға қандай шағым айтты ?

**Сұрақ 4:** Жігіттің таршылық көруінің себебі неде деп ойлайсың ?

**Сұрақ 5:** Болған оқиғадан кейін жігіттің өмірі жақсарғанына сенімдісің бе?

**Сұрақ 5:** Егер автордың орнында болсаң әңгімені қалай жалғастырар едің

**Сұрақ 5:** Данышпан сөзінің синонимін тап

**Сұрақ 6:** Осы мәтінге байланысты қандай мақал-мәтел білесің?

**Сұрақ 7:** Таршылық сөзінің мағынасын аш.

### **1-сұраққа қосымша**

#### **Таршылық пен талпыныс**

Алғашқыда шыдап көруге тырысқан жігіт, болмай бара жатқан соң, жоғары шығуға ұмтылыпты..

Сірә, менің маңдайыма осындай таршылығы мол тағдыр жазылған шығар..

Сонан соң данышпан жігітті өзен жағасына алып келіп, өзімен бірге суға алып түсіпті

- Сонда данышпан қария: міне, сенің талпынысың осындай болғанда ғана, таршылықтың тұсауынан босай аласың, – депті.

- Талпынып талаптанған адамның табысқа жетпеуі мүмкін емес, сенің қателігің соны түсінбеуде жатыр,- дейді қария.

Адам бойламайтын терең жеріне алып келіп, басынан ұстап, төменге басыпты.

Бір жігіт данышпан қарияға келіп қанша талпынып талаптанса да, қаржыдан қысылып, дүниеге жарымай жүргенін баяндапты.

Шалдың қолынан босанып шыға алмағасын, қатты бұлқынып, су бетіне басын зорға шығарып ауа жұтыпты

**№ 1**

**Дирижердің таяқшасы**

Ұлт аспаптар оркестрі. Оның құрамында не жоқ! Қобыз, Домбыра, Сыбызғы, Шаңқобыз, Сазсырнай, Жетіген.. Құдайға шүкір, жетіп жатыр! Ұжымның аты ұжым.Қайткенде де оны біреу басқаруға тиіс. Кім? Қобыз ба? Әлде Жетіген бе? Ақыл таразысына салып көрсе, бәрі де лайық. Бәрінің де жөні, бәрінің де мүмкіндігі бар. Бірақ жабық жасырын дауысқа жібергенде ешқайсысы оқ бойы озып шығып, барынша көп дауыс ала алмады. «Тұяқты тұяқ жібермейді» дегендей, өзара деңгейлес түседі. Тізеге басып, күш көрсетуге тағы болмайды. Қобызды қойсаң – Домбыра, Домбыраны қойсаң – Сыбызғы,.. әйтеуір біреуі ренжиді. Амал жоқ... бүкіл ұлттық оркестрді басқару дирижердің таяқшасына тапсырылды. Таяқша бірден мінез көрсетті. Бүгінде Ол қазақ ән-күйіне әбден еңбегі сіңген көне аспаптарды бір шыбықпен айдайды.

(Қадыр Мырза Әли, «Ғибратнәмә» кітабынан)

**Сұрақ 1:** Мәтінде қандай музыкалық аспаптар аталады?

**Сұрақ 2:** «Таяқша бірден мінез көрсетті» дегенді қалай түсінесің?

**Сұрақ 3:** Қадыр Мырза Әли кім? Ол туралы не білесің?

**Сұрақ 4:** Дирижердің оркестрге қандай керегі бар?

**Сұрақ 5:** Дирижер сөзіне анықтама бер.

**Сұрақ 6:** Алғашқы дирижерді тап:

A. А.Жұбанов

B. Ш.Қажығалиев

C. Е.Брусиловский

D. С.Шабельский

**Сұрақ 7:** Ата-балаларымыз ән-күй аспаптарын неден жасаған ?

**Сұрақ 8:** Төмендегі өлең жолдарының авторын тап

Екі ішектің бірін қатты,

Бірін сәл-сәл кем бұра.

Нағыз қазақ, қазақ емес,

Нағыз қазақ – домбыра.

A. Мұхтар Шаханов

B. Қадыр Мырза Әли

C. Мұқағали Мақатаев

D. Бауыржан Момышұлы

**Сұрақ 9:** Қазақстандық археологтер Қазақстанның қай аймағынан қобызға ұқсас музыкалық аспапты тапты ?

**Жауаптары:**

**Сұрақ 1:** Қобыз, домбыра, сыбызғы, шаңқобыз, сазсырнай, жетіген.

**Сұрақ 3:** Қадыр Мырза Әли - ақын, жазушы.

**Сұрақ 4:** Дирижер - музыкалық ұжымға жетекшілік етеді.

**Сұрақ 5:** Дирижер - музыкалық шығармаларды орындаушылар тобын басқаратын жетекші.

**Сұрақ 6:** Алғашқы дирижер - А. Жұбанов.

**Сұрақ 7:** Малдың терісі мен сүйегінен, мүйізі мен қылынан жасаған.

**Сұрақ 8:** Қадыр Мырза Әли.

**Сұрақ 9:** Қазақстандық археологтер Шығыс Қазақстан облысы аймағынан қобызға ұқсас музыкалық аспапты тапты

## № 2

### Велосипед – таптырмас көлік



Велосипед - адам күшімен қозғалатын көлік түрі. Көбінесе екі доңғалақты, кейбір кездерде үш доңғалақты түрлері де кездеседі.

Бірінші велосипедтер Еуропада 19 ғасырда пайда болып, одан бері әлемге кең тарады. Қазіргі дағдылы кейіпіне дейін дамып келген. Бүгінгі күні саны 1000000000-тан асатын бұл көлік әлемнің кейбір аумақтарында серуендеуге, не спортта қолданылса, көп аймақтарда негізгі транспорт түрі болып табылады.

**Сұрақ 1.** Бірінші велосипедтер қай ғасырда пайда болды ?

- A. 19
- B. 21
- C. 18
- D. 20

**Сұрақ 2.** Велосипедтердің бүгінгі уақытта саны қанша ?

**Сұрақ 3:** Велосипедтің қандай маркаларын білесің ?

**Сұрақ 4:** Алғашқы 2 дөңгелекті велосипедті қай ел ойлап тапты ?

**Сұрақ 5:** Мопедтің велосипедтен қандай айырмашылығы бар ?

**Сұрақ 6:** Велосипед тебудің денсаулыққа пайдасы бар ма ? Қандай пайдасы бар ?

**Сұрақ 7:** Велосипедтің артықшылықтарын ата.

**Сұрақ 8:** «Велосипедті өзіңіздің басты көлігіңіз ретінде таңдауыңыз экологияның жақсаруына қосқан үлесіңіз болып саналады» - дегенді қалай түсінесіз?

### Жауаптары:

**Сұрақ 1:** 19 ғасырда.

**Сұрақ 2:** 1000 000 000 –тан астам.

**Сұрақ 3:** «Дружок», «Школьник», «Орленок», «Салют», «Кама», «Урал», «Уралец», «Украина», «Аист».

**Сұрақ 4:** Ресей.

**Сұрақ 5:** Мопедтің қозғалтқышы бар.

**Сұрақ 6:** Бұлшық етті жаттықтырып, ағзаның төзімділігін арттырады.

**Сұрақ 7:** Қала көшелерінде велосипедпен жүру тез әрі ыңғайлы, жол тығындары кезінде велосипедтің көліктер алдындағы артықшылығы қатты байқалады.

## № 3

### Тіс мәсуегін қаншалықты жиі ауыстырып тұру керек?



Қолдану барысында тіс мәсуегі ескіреді. Оның қызмет ету мерзімі адамның тіс тазалау жиілігіне, тазалау ұзақтығына, мәсуекпен ұқалау күшіне және тіс пастасына да байланысты. Дұрысында тісті күніне екі рет, үш минуттан, 50-70 г күшпен ұқалау қажет. Сонда тіс мәсуегін шамамен үш айда бір рет ауыстырып тұрса жеткілікті.

Тіс мәсуегін ауыстыру қажеттігін оның түрінің өзгеруінен де байқауға болады.

Тұмау, ангина, тағы басқа жұқпалы аурулармен ауырып, жазылғасын да тіс мәсуегін ауыстырған жөн.

**Сұрақ 1:** Тісті тазалауда уақыттың ұзақтылығы маңызды деп ойлайсың ба?

**Сұрақ 2:** Тіс мәсуегін өндіретін қандай фирмаларды білесің? Қай фирманың мәсуегін сатып алғанды қалайсың?

**Сұрақ 3:** Тұмау, ангина және басқа да жұқпалы аурулармен ауырып болған соң не себепті тіс пастасын ауыстыру керек?

**Сұрақ 4:** Тіс мәсуектері бір-бірінен несімен ерекшеленеді?

**Сұрақ 5:** Тісті тазалаудағы негізгі міндет қандай?

**Сұрақ 6:** Төменде келтірілген деректер бойынша ұшқыш Джон Суайгерттің тіс мәсуегін сатып алушының мақсаты қандай болды деп ойлайсың?

*ҚазАқпарат деректері бойынша «Аполлон-13» ғарыш кемесі астронавтарының бірінің тіс мәсуегі Лос-Анжелестегі бәссаудада 11794 долларға сатылды. Бұл туралы Nate D. Sanders бәссауда үйіне сілтеме жасап, Associated Press хабарлады.*

*Бәссауда барысында оның бағасы бастапқы сомасынан үш есеге артты. Oral B-40 тіс щеткасын командалық модульдің ұшқышы Джон Суайгерт пайдаланған. Оны кім сатып алғаны айтылмай отыр. Суайгерт - Айға дейін ұшқан америкалық 24 астронавтардың бірі. Ол қатерлі ісіктен 1982 жылы көз жұмған.*

**Сұрақ 7:** Тіс пастасын қалай таңдау жөнінде дәрігер-стоматологпен тікелей кеңескен дұрыс па? Не себепті?

#### **№ 4**

##### **Қатқан нан**

Үстелдің үстіндегі нанға Айша қол тигізіп, жеуге ыңғайланғанда анасы:

- Қызым-ау, қатқан нанды жеп қайтесің? Жаңа ғана пеште қып-қызыл боп піскен ыссы бәлішті же! Ал, ана нанды малға береміз,- дейді. Сонда кішкентай ақылды қыз:

- Анашым, кеше теледидардан Африкада тұратын балаларды көрсетті. Олар осы қатқан нанға зәру боп отыр екен. Кейбірі аш құрсақ күйінде өліпте кетіп жатыр. Бір үзім нан үшін барлығына да дайын. Ендеше, біз оны қалайша ысырап етеміз?-дейді. Періштесінің айтқан отты сөзіне Ләйлә жауап бере алмады. Тек көзінен мөлдіреген жастың тамшысы ыршып өтті.

Қолымыздағы барымызға ризалық етпесек, ертеңгі күні осы нәпақамызға зар болып қалуымыз мүмкін.

**Сұрақ 1:** Не себепті анасы қызының қатқан нан жегенін қаламады?

**Сұрақ 2:** Неге автор баланы періштеге теңеп отыр?

**Сұрақ 3:** Айшаның орнында болсаң сен не істер едің?

**Сұрақ 4:** Айшаға қандай мінездеме беруге болады?

**Сұрақ 5:** Нәпақа сөзінің синонимін тап.

**Сұрақ 6:** Осы мәтінге қандай мақал-мәтел сәйкес келеді?

**Сұрақ 7:** Африкада тұратын балалар неліктен аш деп ойлайсың?

**Сұрақ 8:** Нан туралы қандай тыйым сөздерді білесің?

**Сұрақ 9:** Үлкендер асығып тұрған кісі болса, «Ең болмаса нан ауыз тиіңіз» дейді. Мұның себебі неде деп ойлайсың?

**Сұрақ 10:** Ашытқы қосылған нан алғаш қай елде пайда болған?


##### **Жауаптары:**

**Сұрақ 5:** Күнкөрісті қамтамасыз ету

**Сұрақ 10:** Мысырда

№ 5

Қарлығашым, келдің бе?



Қарлығашым келдің бе, қаршығадансаумысың?

Аман-есен жеттің бе, айыр құйрық нау-құсым?

Оралдың ба тағы да өзің өскен ұяға.

Оралдың ба сүйіктім, екеуің де бармысың?

Қарлығашым, бұл қалай, қайда кеткен серігің?

Зияны жоқ зиялым, өкпелетті сені кім?

Түсінікті, сүйіктім, түсінікті, айтпа енді,

Тұмар құсым кеткен-ау тырнағында перінің.

*Мұқағали Мақатаев*

**Сұрақ 1:** Қазақтың ұлы ақыны неге қарлығашты «Тұмар құсқа» теңейді?

**Сұрақ 2:** Өлең жолдарынан ақынның қандай сезімдерін байқауға болады?

**Сұрақ 3:** Өлеңде тағы қандай құс туралы сөз қозғалады? Ол қандай құс?

**Сұрақ 4 :** Қарлығаш сөзінің тура және ауыспалы мағынасын тап

Тура мағынасы	Ауыспалы мағынасы

**Сұрақ 5:** Қарлығаштар ауыл шаруашылығында таптырмас көмекшілер болып саналады. Не себепті оларды көмекші санайды?

**Сұрақ 6:** Қарлығаштарды неге тату отбасына балайды. Мәнін аш.

**Сұрақ 7:** Ата-бабаларымыз қарлығашты ежелден жақсы көргендіктен қыздарына Қарлығаш деп ат қойған. Қарлығаштың бойындағы қандай қасиеттерге сүйеніп қойған?

**Сұрақ 8:** Төле бидің «Қарлығаш би» атану себебі неде?

**Сұрақ 9:** Қарлығашқа арнап жыр жазған қазақтың қандай белгілі ақындарын білесің? Мысал келтір.

**Сұрақ 10:** Халық арасында айтылатын әңгіменің бірі – қарлығаштың бұзық ниетті, арам ойлы адамдардың үйіне ұя салмайтыны. Бұл туралы өз ойыңды білдір.

**Жауаптары:**

**Сұрақ 3:** Қаршыға туралы. Ол – жыртқыш құс.

**Сұрақ 4 :** Тура мағынасы: қанаттары ұзын, айыр құйрықты, кішкене ала құс. Ауыспалы мағынасы: белгілі бір жаңалықтың, істің алғашқы бастаушысы.

**Сұрақ 5:** Өйткені олар тек жәндіктермен қоректенеді.

**Сұрақ 7:** Қарлығаштың еңбекқорлығына, ақылдылығына, сүйкімділігіне байланысты қыздарына Қарлығаш деп ат қойған.



**№ 1**

**Емен ағашының сыры**



Ашық күн. Аптап. Аспан айналып жерге түскендей. Самат пен Қанат өрісте қой жайып жүрген. Шөбі шүйгін тау беткейінен жануар екеш жануарлар да жерден басын алар емес.

Кенет көкжиектен оймақтай ғана қарабауыр бұлт көрінді. Әп-сәтте аумақтанып, аспан төрінен бұлт күркіреп, от шыбық–найзағай ойнап қоя берді. Артынша жауын басталып кетті. Көзді ашып–жұмғанша мұндай боларын кім білген? Достар жақын маңдағы топ ағашқа қарай жүгіре жөнелді. Маңайлап келгенде Самат Қанатқа ағаштардың аласасын көрсетіп, солай қарай беттеді. Ағаштың астына кіргендері сол еді, Самат жылан көргендей селк етіп, екінші ағашқа қарай жүгірді. Қанат аңтаң. Найзағай жарқылдап, аспан асты зеңбірек атқандай гүрсілдейді. Самат анадайдан еменнің астында тұрған Қанатқа :

Бері кел,-деп дауыстады.

Тау табиғатының мінезі арсы-гүрсі ғой. Ендігі қара бұлт балалардан алыстап бара жатты. Үсті-бастары аса сү бола қойған жоқ.Тек Саматтың ағаштан-ағашқа орын ауыстыруы Қанатты ойға жетеледі. Досынан сұраса, Самат:Атамның айтқанын орындадым,-дейді.

Шындығында бұл жұмбақтың сырын өзі де білмейтін болып шықты.

**Сұрақ1:** Мәтінде жауынның қандай түрі сөз болды?

А. Өткінші жауын

В. Нөсер жауын

С. Ақ жауын.

Д.Сіркіреме жауын

**Сұрақ 2:** Емен ағашының қандай қасиеттерін білесің?

**Сұрақ 3:** Саматтың ағаштан- ағашқа орын ауыстыруы неліктен ? Табиғаттың сырын сен қалай түсіндіресің?

**Сұрақ 4:**Мәтіндегі негізгі ойды анықта.

**Сұрақ 5:** Емен ағашының биологиялық ерекшелігі қандай?

**Сұрақ 6:**Ресейдің Саранск қаласында «Оримэкс» фирмасынан шығатын еменнен жасалған орындықтарға 10 жылға сапа сертификаты беріледі. Сыртқы көрінісі қарапайым. Бағасы 26 мың теңге. Қытайдың орындықтарының сапа сертификаты 5 жылға беріледі. Бағасы 15 мың теңге. Сыртқы көрінісі заманауи. Қазақстанда жасалатын жиһаздарға сапа сертификаты берілмейді, бірақ жарнамалануы төмен. Тұтынушыларға сапасы белгісіз. Сыртқы көрінісі әртүрлі. Егер орындықтың сапасы анық деп санасаң, жиһаздардың қай түріне таңдау жасар едің ?



№	Өндіріс орындары	Бағасы	Сапасы
1.	Ресейдің Саранск қаласында «Оримэкс» фирмасынан шығатын еменнен жасалған орындықтар	Бағасы 26 мың теңге	10 жылға сапа сертификаты беріледі.
2.	Қытайда жасалған орындықтар	Бағасы 15 мың теңге	Сапа сертификаты 5 жылға беріледі.
3.	Қазақстанда жасалатын жиһаздар	Бағасы 6-7 мың теңге	Сапа сертификаты берілмейді, бірақ жарнамалануы төмен. Сыртқы көрінісі әр түрлі. Тұтынушыларға сапасы белгісіз.

**Сұрақ 7:** Экономикалық біліміңді ұштастыра отырып, еменнен жасалатын жиһаз өндісін ашу үшін өз іскерлігіңді қалай танытар едің? Ойыңды дәлелде.

**Жауаптары:**

**Сұрақ 1:** А,В

**Сұрақ 2:** Емен - біздің еліміздегі ең мықты ағаш болып келеді. Биіктігі 40 метрге жетеді, кәрі емендердің діңдерінің жуандығы бірнеше метрге жетеді. Тамыр жүйесі мықты, өзекті, тамыры 5 метрге дейін тереңдеп, жуан діңнің жетілуіне жағдай жасайды. Жас өркендердің қабығы тегіс, жылтыр, сұр, үлкен емендердің қабығы майлы, қара қоңыр түсті. Жапырағының пішіні өте әдемі. Едәуір бағалысы - еменнің сүрегі мықты, қатты, әдемі суретті. Бәрінен бұрын оны кеме жасауда қолданады, сондай-ақ жиһаз, паркет төсеніштер, арнайы ыдыстар (бөшкелер) жасауда қолданады. Бұл ағаштың қабығы да пайдалы. Ерте кезден бері тері өңдеуде қолданылады. Бояғыш заттар алу үшін жас қабық, жапырақ, кесілген ағаштардың өңделген кездегі қалдықтары (үгінділері, бұтақтар, қиындылар және т.б.) қолданылады. "Жаңғақты" жапырақ (насекомдардың зақымдауларынан пайда болған шар тәрізді өскіндер) - жібек пен жүнді бояйтын бояу көзі. Еменнің қабығы біраз уақыттан бері заласыздандыратын дәрілік зат ретінде, қабынуға қарсы (тістің қызыл еті, асқазан және ішек) пайдаланылады. Ерте кезде жаңғағы адамдарға азық болған. Қазір кейбір жағдайда олар кофенің орнына пайдаланылады.

Ең мықты донор-ағаш қайсысы десек, ең мықтысы - емен ағашы, ол адамның иммунитетін, рухын көтеріп, ойына керемет ой қосады. Емен мен қайың барлық жұлдызда туғандар үшін жағымды күй сыйлайды. Еменнің тамыры берік әрі терең бойлағандықтан, ол жайтартқыш қызметін атқарады. Сондықтан да найзағай басқа ағашқа қарағанда еменге жиі түседі. Саматтың атасы дұрыс айтқан. «Халық айтса, қалт айтпайды» дегендей, көпті көрген қарияның даналығы - немересінің түсінігі.

**№ 2**

**Атасы мен немерелері**



Қазақта «өз балаңды өскенше, немеренді өлгенше асырайсың» деген мақал бар. Қартайған шақта немере ыстық көрінеді. Қылығы, тірлігі қызық кішкентай сәбиді өзіне қалай жақындатып, «бауыр еті» жасап алғанын қариялар білмей де қалады. Қалай дегенде де ата өмірінің жалғасын көргенінше шүкіршілік жасайды, құанады.

«Өмірдің бір қызығы бала деген...» деп жырлағандай, ұлы Абайдың елге, ұрпаққа айтар мол тағылымы бар. Бір қария әңгімесінде: «Қарағым! Ата – немереге ұлттың ұлағатын үйретуші. Екеуінің арасын ажыратсақ, бала өмірдің тағылымынан, өз ұлтынан ажырай бастауы да мүмкін. Ол – басқа тәрбиеге бет бұрғаны деген сөз» деген екен.

Міне, жұмбақ әңгіме де осындай ата мен немере төңірегінде өрбиді.

Бір қария өзінің сүйікті немерелеріне сақтап қойған асығын бөліп бергісі келді. Оларға жетіден үлестірсе, асықтың екеуі артық қалады. Ал сегізден берсе біреуі жетпей қалады. Ақылгөй қарт бір немересін ренжітіп алмас үшін артылған екі асықты ең кенжесіне еншілеп, асықтарды жетіден бөліп бергенді жөн көреді.

**Сұрақ 1:** «Атасы мен немерелері» мәтініндегі сөйлемдерді сюжет желісіне қарай ретімен орналастыр.

**Сұрақ 2:** Сонда атаның неше немересі және қанша асығы бар болғаны?

**Сұрақ 3:** Асықпен ойналатын ойын түрлерін ата.

**Сұрақ 4:** Суретте бейнеленген асықтардың иіргенде түскен қалпының түрлерін ата.

**Сұрақ 5:** «Асықтың бала өміріндегі маңызы» тақырыбында эссе жаз.

**Сұрақ 6:** Кеңес өкіметі кезеңінде: «Асық ойнаған азар, доп ойнаған тозар»- деген мақалдың қолданылған себебі неде?

**Сұрақ 7:** Асық ойынының келешекте жаһандық деңгейде жандануына тигізетін үлес салмағы қандай?

**Сұрақ 8:** Асық ойынын үйренуге ықпал ететін орта (1-5 ұпаймен белгіле)


№	Аула	Ғаламтор	Кітап	Достар	Үлкендер

**Жауаптары:**

**Сұрақ 2:** 3 немересі , 23 асығы бар.

**Сұрақ 3:** Асық ойналатын ойын түрлері: үш табан, бүгіп алу, көн (жоң), жарып алу, сыпырмай, түртпей, тыштырмай атан, бестас, мергендік немесе шеңбер жасап ату, хан талапай, алты табан, асық қағу, қаршу, алшы, шұбырту, ұпай ұтысу, қол жоң, ат жарыстыру, қошқар соғыстыру, мұз ойнақ, иіркеміл, қақпақыл, сасыр, хан ойыны, аламан хан, асық табысу (асық жасыру), бүк-шік, төрт шүкейт, шомшы, манай және т.б.

**Сұрақ 4:** Асық иіру түрлері:



Алшы – асықтың тәйкеге қарама-қарсы жағы яғни алшы тұруы.

Тәйке – асықтың алшыға қарама-қарсы жағы.

Бүге – асықтың дөңес жағының жоғары қарап түсуі.

Шіге – асықтың қуыс жағының жоғары қарап түсуі.

Омпы – асықтың ашасы немесе мұртша жағы жоғары қарап түсуі немесе тік тұрып қалуы.

Шоңқай – асықтың омпаға қарсы жағымен тік түсуі.

**Сұрақ 6:** Кеңес өкіметі кезінде ұлттық ойындар. оның ішінде асық ойыны еріккеннің ермегі, ойын балаларға тәрбие бермейді, - деп есептелді. "Асық ойнаған азар, доп ойнаған тозар,-деп мақалдап та жүрдік. Ол кезеңде еңбекке тәрбиеледі, әсіресе қара жұмысшының еңбегі жоғары бағаланды. Содан болар ауырдың үсті, жеңілдің асты деген сөз тіркестері тәрбие барысында жиі қолданылатын.

**1-сұраққа қосымша**

**«Атасы мен немерелері» мәтініндегі сөйлемдерді сюжет желісіне қарай ретімен орналастырыңыздар.**

Қазақта «өз балаңды өскенше, немеренді өлгенше асырайсың» деген мақал бар. Қартайған шақта немере ыстық көрінеді.

Қылығы, тірлігі қызық кішкентай сәбиді өзіне қалай жақындатып, «бауыр еті» жасап алғанын қариялар білмей де қалады.

Қалай дегенде де ата өмірінің жалғасын көргенінше шүкіршілік жасайды, қуанады.

«Өмірдің бір қызығы бала деген...» деп жырлағандай, ұлы Абайдың елге, ұрпаққа айтар мол тағылымы бар.

Бір қария әңгімесінде: «Қарағым! Ата – немереге ұлттың ұлағатын үйретуші».

Ақылгөй қарт бір немересін ренжітіп алмас үшін артылған екі асықты ең кенжесіне еншілеп, асықтарды жетіден бөліп бергенді жөн көреді.

Екеуінің арасын ажыратсақ, бала өмірдің тағылымынан, өз ұлтынан ажырай бастауы да мүмкін. Ол – басқа тәрбиеге бет бұрғаны деген сөз» деген екен.

Міне, жұмбақ әңгіме де осындай ата мен немере төңірегінде өрбиді.

Оларға жетіден үлестірсе, асықтың екеуі артық қалады. Ал сегізден берсе біреуі жетпей қалады.

Бір қария өзінің сүйікті немерелеріне сақтап қойған асығын бөліп бергісі келді.

*Саран қаласының  
№ 4 жалпы білім беретін мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі  
Баймагамбетова Орынтай Абильтаевна*

## № 1

### Құнды қуыршақ



Қазақта хан мен елдің, қара мен бидің арасында небір жұмбақтарды шешу, ақылдылығын сынау, даналығын таразылау бұрыннан қалыптасқан.

Ертеде бірін хан, екіншісін сұлтан билеген көрші екі ел тату-тәтті өмір сүріпті. Бір-бірімен қыз берісіп, қыз алысып, түрлі сыйлықтар алмасып тұрыпты.

Күндердің күнінде сұлтан дос елдің ханына бір-бірінен айырғысыз үш қуыршақ жіберіпті. Бұл сыйлықтардың түрі де, көлемі де, салмағы да бірдей болғанымен, құны әр түрлі екен. Оның біреуі мүлдем арзан, үшіншісі екі қуыршақтан үш есе қымбат. Осы үш қуыршақтың сырын ашып, жұмбақтың шешуін таба алмай, ханның әбден басы қатады.

Амалы таусылған ол қол астындағы бүкіл елге: «Кімде -кім осы сырды ашып берсе, мол сыйлық беріп, өзіме үзір етіп аламын», - деп жар салады. Мұны естіген халық хан сарайына ағыла бастайды. Біреулері сыйлыққа қызықса, енді бірі жауабын тауып, абыройға ие болғысы келеді. Бірақ

ешкім де бұл жұмбақты шеше алмайды. Халықтың ішінде жасы 14-15 шамасындағы кедей қызы бар еді. Ол ханның алдына келіп: -Дат, тақсыр! Егер рұқсат етсеңіз, бұл сыйлықтардың сырын мен ашып берейін,-дейді.

Хан қуана келіседі. Қыз қуыршақтарды мұқият қарап шығып, үшеуінің де құлағындағы тесіктерді байқайды. Ол қолына жіңішке сым темір алып, бірінші қуыршақтың құлағына жүгіртеді. Сол кезде темір аузынан шығады. Екіншісіне де дәл солай етеді. Бұл жолы темір қуыршақтың екінші құлағынан шығады. Ал үшінші қуыршақтың құлағындағы тесікке кірген сым темір ішінде қалып қояды. Осылай тапқыр қыз жиналған көпшілік алдында қуыршақтардың құпиясын ашып, әрқайсысының құны неге әр түрлі екенін дәлелдейді.

**Сұрақ 1:** Бұл мәтіннің мазмұны қай ертегі мәтініне ұқсас жазылған?

А. Керқұла атты Кендебай

В. Аяз би

С. Сырттандар

Д. Қырық өтірік

**Сұрақ 2:** Қуыршақтардың құлақтарындағы тесіктерде не сыр бар ?

1-қуыршақ \_\_\_\_\_

2-қуыршақ \_\_\_\_\_

3-қуыршақ \_\_\_\_\_

**Сұрақ 3:** Қазіргі кезде Қазақстанда қуыршақтар жасап шығаратын орындар бар ма? Ол қалай аталады? Авторлары кімдер? Оның қандай тәрбиелік мәні бар?

**Сұрақ 4:** «Құнды қуыршақ» мәтіні мен «Сырым мен Есентемір Бөкен бидің шешендік сөзі» арасында байланыс бар ма? Дәлелдеңіз.

### Сырым мен Есентемір Бөкен бидің шешендік сөзі

Сырым:

- Арқаң көп мінгеннен жауыр болсын дегенің- халық үшін жұмыс жаса, халықты өзіңе ерте біл, - дегенің. Мінезің қара жердей ауыр болсын дегенің - беріден ойлама, әріден ойла, салмақты бол, жеңіл болма дегенің. Өкпең жоқ кеудеңде бауыр болсын дегенің - не болса соған өкпелеп, инені жіпке тізіп өкпешіл болма - дегенің. Құлағыңнан сыбыр кетпесін дегенің - ел арасында дау-жанжал көп кездеседі, сол мәселені өзің шешіп, ақ-қарасын айырып, дұрыс төресін бере біл - дегенің.

**Сұрақ 5:** Қуыршақтар қалай бағаланады?

Қуыршақтардың ең арзанының бағасы - 2900 теңге. Ал ең қымбаты - 7-9 мың теңге тұрады.

- «Ұлытау» этнотобын құрғаннан кейінгі ойға келген шаруаның бірі — қазақ тілінде сөйлейтін қуыршақтар шығару болды. Әлемде өз тілінде сөйлейтін қуыршақ шығарған елдер саусақпен санарлық. Орталық Азия елдерінде бірінші боп біз шығарып отырмыз. Әуелі маркетингтік зерттеулер жүргіздік. Сұраныс бар. Алайда тауардың өзіндік құнын қойғанда, өндіру шығыны мен кедендегі төлемдер де есептеледі. Әрине, арзан зауыттармен келісіп, өндіруге де болады, алайда, ол кезде ойыншықтардың сапасы көңілімізден шықпаған болар еді. Ойыншықтардың бағасын төмендету ойымызда бар, бірақ ол үшін уақыт керек. Әзірге біз тек қаржы салудамыз, өнім тек келесі жылы ғана өзін өзі өтейтін болар. Қазіргі ісіміз - үлкен индустрияның бастауы. Әрі қарай құрастырмалы ойыншықтар, велосипедтер шығармақ ойымыз бар,- дейді Қыдырәлі Болманов.

Әнші Қарақат Әбілдина да әңгімеге араласып: «Ойыншықтарды әуелі үйдегі «бас сарапшылар» — балаларымыз қарайды, бағасын солар береді, - деп күлді. — Кішкентайым әлі тілі шықпаса да, қуыршақ тартқан домбыраның үніне елтіп, қол қимылына қарайды. Енді бірде билейтін қуыршаққа қарап мәз болады, - дейді.

«Балбала» ойыншықтарының 30-ға жуық түрі бар. Алғашқы — 90 мыңға жуық данасы шығып үлгерді. Қазір бұл ойыншықтардың бірсыпырасы Ақтөбедегі «Дина» супермаркетінде, «Симба» дүкенінде, «Алтай» базарында, «Мега-Ақтөбе» сауда-ойын-сауық орталығында сәреге қойылды.

**Жауаптары.**

**Сұрақ 1:** Д

**Сұрақ 2:** Жіңішке сым темірді қолданып, 1-қуыршақтың аузы жеңіл, біреуден естіген әңгімесін басқаға жеткізуге асығып тұратынын, 2-қуыршақ - ақпақұлақ, бір құлағынан кірген сөз екінші

құлағынан шығып кететінін, 3-қуыршақтың тұйық мінезді, аузы берік, барлық сырды ішіне сақтай білетін құнды қуыршақ мінезді екенін дәлелдеді.

**Сұрақ 3:** Қазіргі кезде Қазақстанда қуыршақтар жасап шығаратын «Балбала» компаниясы бар. Авторлары - Қ.Болманов, Қ.Абилдина. Қуыршақтардың балалардың тілін қазақша дамытуға, қазақша өлең, тақпақтарды үйреніп айтуына, тілдік қорын байытуға пайдасы зор.

## № 2

### Өмір сүрудің ең жақсы жолы

Шағын ғана бір ауылда орта жастағы бір кісі дүкен ашып, сауда жасамақ болады. Сөйтіп алға қойған жоспарын бастап та жібереді. Ол ақ көңіл, жайдарлы болғандықтан, ауылдың адамдарының бәрі оны жақсы көретін. Оның дүкеніне барып сауда жасайтын. Ауылдың тұрғындары тамыртаныстарын да сол адамнан сауда жасауға кеңес беретін. Шаруасын кішігірім дүкеннен бастаған адам бір жылдың ішінде Американың түкпір-түкпірінен сондай шағын дүкендер ашып тастайды.

Бір күні ауыр науқастанып, бұл дүниеден өтерін сезген адам, артында қалған үш ұлын қасына шақырып:

- Үшеуіңнің біреуің барлық дүкендерімнің иесі боласыңдар. Мирасымды соған қалдырамын. Менің арттағы дүние-мүлкіме қайсысың лайықты екенін білу үшін үшеуіңе де бір-бір доллардан беремін. Осы долларға бір нәрселер алыңдар. Кешкісін келгенде алған нәрселерің менің осы бөлмемді толығымен толтыруы керек. Шартым осы.

Ұлдары үлкен компанияны басқару мүмкіндігінен айырылып қалмауды ойлап, не істерлерін білмей қатты абыржиды. Қалаға барып үшеуі де долларын жаратты. Кешкісін әкелерінің қасына келген кезде, үлкен баласы:

- Досымның шаруашылығына барып екі қап сабан сатып алдым, – деді де, қаптарды ашып сабанды әр тарапқа шаша бастады. Алайда көп ұзамай сабандар еденге түсіп, бөлмені толтыра алмады.

Екінші баласы:

- Дүкенге барып екі жастық алдым, – деді де, жастықтарды сөгіп, ішіндегі жүнін бөлменің ішіне шашып тастады. Бірақ жүн де көп ұзамай жерге түсіп, бөлмені толтыра алмады.

Үшінші ұлы:

- Долларды ұсақтап, 50 центін мешітке бердім, 20 центін қайырымдылық қорына бердім, 20 центін де садақа ретінде тараттым. Қалған 10 центке екі нәрсе алдым, – деді де, қалтасынан сіріңке мен шырақты шығарды. Бөлменің жарығын сөндіріп, шырақты жақты. Сабан мен жүнге толмаған бөлме аз уақыттың ішінде шырақтың нұрына бөленді.

**Сұрақ 1:** Әкесі қай ұлының әрекетіне риза болып, мұрасын қалдырады ?

**Сұрақ 2:** Өмір сүрудің ең жақсы жолы не екен?

**Сұрақ 3:** Өзің ұлдардың орнында болсаң, не істер едің?

**Сұрақ 4:** Аз ғана уақыт аралығыңда қалай табысқа жетуге болады? Өмірден мысал келтіре отырып, өз ойыңды айт.

**Сұрақ 5:** Болашақта жақсы өмір сүру үшін алдыңа мақсат қоя отырып, қандай жоспар құрар едің?

№	Мақсат	Жоспар
1.		
2.		

**Сұрақ 6:** «ЭКСПО – 2017» көрмесінің Қазақстанның келешегі үшін қандай пайдасы бар?

### Жауаптары:

**Сұрақ1.** Әке үшінші ұлына риза болып, мирасын соған қалдыруды ойлады.

**Сұрақ2.** Өмір сүрудің ең жақсы жолы – айналаңа жарық тарату. (Қайырымдылық, жомарттық, бауырмалдық қасиеттердің болуы)

**Сұрақ3.** Әркімнің өз ойы құнды.

**Сұрақ4.** Еңбекқор, іскер болып, айналаңа мейіріммен қарап, шапағатыңды тигізіп, мұқтаж жандарға көмек беруге дайын болсаң, оның өз қайтарымы болады...(әркімнің өз ойы).

**№ 1**

**Неге жел ұшырып кетпеді ?**

Қазақ ұлтының тұлымды қызға, абзал анаға деген құрметі ерекше . Ұмай ана, Домалақ ене, Тұмар ханым, Қызай ана, Қыз Жібек, Баян сұлу, Гауһар батыр, Әлия мен Мәншүк. Жаны сұлу, әдемі қазақ қыздарына жасалар құрмет – ел міндеті.

Әсем десе әсем. Қазақтың кіп – кішкентай қараторы қызы. Бұрымын өріп, шолпы тағып, өз ұлтының өнеріне құмар. Әсем – таудың баурайындағы бал арасын ұстайтын Бекзат қарттың немересі. Мектепке сол жақтан қатынайды. Сағат сегізге он бес қалғанда, иығына екі қалтасы бар қапшығын арқалап:

Мен келдім,- деп күлімдеп тұрғаны. Күн ыстықта да, суықта да сабақтан кешігіп көрген емес.

Бір күні ойда – жоқта қатты жел соқты. Ағаштар сынып, сым бағаналары құлап, елдің зәресін алды. Мектепке ерте жетіп алған сынып жетекшісі, мына қатты желде оқушылардың келмейтініне сенімді еді. Кенет есік ашылып кіп – кішкентай Әсем кіріп келді.

-Түү, жаяулап зорға жеттім ғой,- деді ұршықтай ғана ол маңдай терін сүртіп.

**Сұрақ 1:** Әсемнің мектепке желге ұшпай жетуінің сыры неде?

**Сұрақ 2:** Әсемнің атасы қандай кәсіппен айналысады екен ?

**Сұрақ 3:** Мәтіндегі ұршықтай сөзін қай сөзбен алмастыруға болады ?

**Сұрақ 4:** Әсем қай ауысымда оқиды деп ойлайсың ?

**Сұрақ 5:** Мәтінде қандай зергерлік бұйым туралы сөз қозғалады?

**Сұрақ 6:** Ұмай ана, Домалақ ене, Тұмар ханым, Қызай ана, Қыз Жібек, Баян сұлу, Гауһар батыр, Әлия мен Мәншүк туралы не білесің? Ойыңды өрбітіп жаз.

**Сұрақ 7:** «Қазақтың батыр да, аяулы қыздары» тақырыбында эссе жаз.

**Жауаптары:**

**Сұрақ 1:** Әсемнің желге ұшып кетпей дер кезінде мектепке жетуінің себебі- қапшығының бір қалтасына кесек тас, екінші қалтасына қағаз – кітаптарын салып алғандығы еді.

**Сұрақ 2:** Әсемнің атасы – омарташы.

**Сұрақ 3:** Кішкентай, нәзік

**Сұрақ 4:** Бірінші ауысымда

**Сұрақ 5:** Шолпы

**№ 2**

**Екі қарға**

«Қарға, қарға, қарғалар, қар үстінде жорғалар» деген өлең жолдары бар. Сол айтпақшы, қарғаның жүрмейтін жері болса ше?

Бақта өсіп тұрған бәйтеректің бұтақтарына қалбаңдап ұшып кеп екі қарға қонды да жөн сұраса бастады. Олар қарқылдап қойып, бірі оңтүстікке, екіншісі солтүстікке қарап бір бұтақта отыр.

- Олжа көп пе?- деді бірінші қарға.

- Е, жоқ. Аузымызға ептеп бірдеңе тиді ғой,- деді екіншісі.

- Әй, туысқан! Сен мені алдама. Жүзіңнен бәрін көріп отырмын. Қырманға тап келгенсің – ау,- деді бірінші қарға екіншісін тақымдап.

**Сұрақ 1:** Екі қарғаның бірі оңтүстікке, ал екіншісі солтүстікке қарап отыр, бұлар бірін – бірі қалай көріп отыр?

**Сұрақ 2:** Құстар қандай үн шығарады?

**Көп нүктенің орнына құс атауларын жаз.**

... әуілдейді.

... үілдейді.

... шықылықтайды.  
... шұрылдайды.  
... барқылдайды.

**Сұрақ 3:** Еліктеуіш сөздерді қатыстыра отырып, «Құстар – біздің досымыз» тақырыбында ойтолғау жаз.

**Сұрақ 4:** «Қызыл кітапқа» енген құстар жайында өз ойыңды ортаға сал.

**Сұрақ 5:** Олжа сөзінің мағынасын аш.

**Сұрақ 6:** Қарғамен байланысты қазақ халқының қандай наным-сенімдерін, табиғат жорамалдарын білесің?

*Саран қаласының  
№ 6 жалпы білім беретін мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі  
Мыңбаева Айжан Жаңабайқызы*

### **Жаман жолдас**

Екі дос кісі жолдастасып келе жатып, бір аюға ұшырапты. Бұл екі кісінің біреуі әлсіз, ауру екен, екіншісі мықты, жас жігіт, аюды көрген соң бұл жігіт, ауру жолдасын тастап, өзі бір үлкен ағаштың басына шығып кетті дейді. Ауру байғұс ағашқа шығуға дәрмені жоқ, жерге құлады да созылып, өлген кісі болды да жатты: есітуі бар еді, аю өлген кісіге тимейді деп. Аю бұл жатқан кісінің қасына келіп иіскелеп тұрды да, дыбысы білінбеген соң тастап жөніне кетті. Мұнан соң манағы жолдасы ағаштан түсіп, аурудан сұрапты:

- Достым, аю құлағыңа не сыбырлап кетті?

Ауру айтты дейді:

- Аю құлағыма ақыл сыбырлады, екінші рет тар жерде жолдасын тастап қашатын достармен жолдас болма деді,- деп.

*Ыбырай Алтынсарин*

**Сұрақ 1:** Шығарманың идеясына сәйкес келетін жауапты таңда

A. Аюдың мейірімділігі

B. Досының сатқындығы

C. Достықты қадірлеу

D. Ауру жолдастың өзіне сенімділігі

**Сұрақ 2:** Мәтіндегі байғұс сөзін қай сөзбен алмастыруға болады ?

**Сұрақ 3:** Мәтінге байланысты негізгі ойды айт.

**Сұрақ 4:** Сен досының орнында болсаң не істер едің ?

**Сұрақ 5:** Досының іс-әрекетін дұрыс деп ойлайсың ба? Неліктен ?

**Сұрақ 6:** Адал достық пен амал достықтың айырмасын тап. Қазіргі заманымызда осындай достықтың түрлері кездесе ме ? Сен қалай ойлайсың ?

**Сұрақ 7:** Біздің қазіргі сөйлеу тілімізде «жолдастасып» сөзін естідің бе? Ол қандай мағына беріп тұр?

**Сұрақ 8:** «Тар жерде» тіркесінің тура және ауыспалы мағынасын жаз

Турамағынасы	Ауыспалымағынасы

**Жауаптары:**

**Сұрақ 1:** Достықты қадірлеу

### Бір уыс мақта

Бір кішкентай қыз әкесінің шапанын жамап отыр екен, шешесі қасына отырып, ақыл айтты:

- Балам, дүниедегі жаратылған жанды-жансыздардың ешқайсысының да керексіз болып, жерде қалатыны болмайды,- деп. Сол сөзді айтып отырғанда, қыз бала киімін жамап болып, жердегі мақтаның қиқымын терезеден лақтырып, далаға тастады:

- Әже, осы қиқымның ешнәрсеге керегі бола қалмас,- деп.

Шешесі:

- Балам, сол да жерде қалмайды,- деді.

Осылайша сөйлесіп, терезеден қарап отырса, манағы мақтаны жел көтеріп ұшырды, мұны бір торғай көріп қуып барып, мақтаны тұмсығына тістеп қана алып, ұшып кетті.

Қыз әжесінен:

- Манағы мақтаның қиқымын бір торғай алып кетті, оны неғылады? - деп сұрады.

Әжесі айтты:

- Көрдің бе, балам, күн айналмай манағы айтқан сөздің келгенін. Ол кішкентай мақтаны торғай ұясына төсеп, жас балапандарына мамық етеді,- деді.

*Ыбырай Алтынсарин*

**Сұрақ 1:** Шығарманың идеясына сәйкес келетін жауапты таңда

A. Әр нәрсенің қадірі

B. Қыздың еңбекқорлығы

C. Әже ақылы

D. Мақтаның маңыздылығы

**Сұрақ 2:** Мәтінге байланысты негізгі ойды айт.

**Сұрақ 3:** Әжесінің айтқаны дұрыс деп ойлайсың ба?

**Сұрақ 4:** Автор неге мәтінді «Бір уыс мақта» деп атаған? Сен мәтіннің тақырыбын басқаша қалай алар едің?

**Сұрақ 5:** Мамық сөзінің синонимін жаз.

**Сұрақ 6:** Сәйкестендір

- |            |            |
|------------|------------|
| 1. шапанды | 1. айту    |
| 2. мақтаны | 2. лақтыру |
| 3. далаға  | 3. төсеу   |
| 4. ақыл    | 4. жамау   |

### Бір үзім нан

Баяғы бір заманда бай мен кедей көрші өмір сүріпті. Олардың араздығы сондай, бірін-бірі көргісі келмейді екен. Байдың үйі кең, әдемі болыпты. Іші толған – алтын мен күміс. Ал кедейдің үйі ағаштан жасалған, төбесін бұтамен жапқан қора екен. Алтын мен күміс түгілі, нанын әзер тауып жепті. Егін егіп, оны суарып, күтіп, орып, өз күнін өзі көріпті.

Бір жылы көктемде алапат, су тасқыны болады. Бай алтынын көтеріп ағаштың басына шығып кетеді. Ал кедей болса, бір көмеш нанын қойнына салып, ол да ағаштың басына көтеріледі. Су тасқыны он бес күнге созылады.

Бір күні қарны ашқан бай кедейге:



- Әй, кедей, сен мына бір кесек алтынды ал да, маған бір үзім нан бер, - дейді.  
- Жоқ, алтының өзіңе, нан бере алмаймын, - деп жауап береді кедей.  
Екінші күні бай кедейден тағы да нан сұрайды.

- Алтынымның жартысын берейін, - дейді ол бұл жолы.

- Жоқ, бере алмаймын, - деп бұл жолы да кедей келіспейді.

Ақыры, аштан өліп бара жатқан соң шыдамай, бай бір үзім нанға барлық алтынын айырбастайтынын айтады. Кедей бәрібір көнбейді. Бойынан күші кеткен бай басы айналып, суға құлап кетеді. Келесі күні су тоқтап, кедей ағаштың басынан түседі. Халықтың: «Алтын, күміс - тас екен, арпа, бидай – ас екен» дейтіні осыған орай айтылған екен.

*Қазақ ертегілерінің антологиясы  
Аруна баспасы*

**Сұрақ 1:** Шығарманың идеясына сәйкес келетін жауапты таңда

A. Байдың сараңдығы

B. Кедей мен бай

C. Су тасқыны

D. Нанның қадірі

**Сұрақ 2:** «Алтын, күміс - тас екен, арпа, бидай – ас екен» мақалының мағынасын аш.

**Сұрақ 3:** Байдың іс-әрекетін қалай түсінуге болады?

**Сұрақ 4:** Егер сен кедейдің орнында болсаң қандай әрекет жасар едің?

**Сұрақ 5:** Алтын сөзінің тура және ауыспалы мағынасын тап

**Сұрақ 6:** Бойынан күш кету дегенді басқа қандай сөзбен алмастыруға болады?

*Саран қаласының  
№ 17 жалпы білім беретін мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі  
Джабалова Алма Сманиевна*

### **Теңбіл доп**

Шатақтың бәрі теңбіл доптан шықты. Бұрын олар футболды Қайраттың жыртық қара добымен ойнаушы еді. Соның өзі қызық болатын. Ойда жоқта базарға барған әжесі теңбіл доп сатып әкеліпті. Оны көрген Тұрсынның қуанышында шек жоқ-ты. Теңбіл допты құшақтап барлық балалардың үйіне кіріп шықты.

Жаңа доппен футбол ойнауға құмартып, олардың бәрі түгел жиналды. Қайрат «енді бұнымен ойнамаймыз» деп қара допты қақ айырып тастады. Сол күні ойын да қызық болды. Ойынның қызықтығы сондай, қас қарайса да бірде-біреуі үйіне қайтпады. Допты өзі мақтанып көрсетсе де, енді Тұрсын өкіне бастады. Басқалар бұның добын қатты-қатты тебе ме, қалай өзі?

Қараңғыда тікенек кіріп жарылып кетсе ше? Әрі өз добыңмен ойнаған қызық емес екен. Жыртық қара допты аямай соғатын, теңбіл допты жай тебем деп дұрыс ойнай алмады.

Түу, сол күнгі ойынның ұзаққа созылғаны-ай! Әжем шақырып жатыр деп алдап кетпекші еді, абырой болғанда өздері де тарады. «Ертең тағы ойнаймыз, добыңды қалдырмай ала кел», – деді балалар, Тұрсын допты ұмытып кететіндей-ақ.

Бірақ, шынында да, олар келесі күні футбол ойнамады. Теңбіл допты біреу ұрлап кетіпті. «Кім болса да көрсетер едім», – деп балалардың көзінше өп-өтірік кіжінді Тұрсын. Өйткені теңбіл допты тығып қойған өзі еді. Олар бір-біріне жала жауып, төбелесіп әрең тарады.

Теңбіл доп жоғалған соң балалар футбол ойнауды доғарды. Ал Тұрсын өзін қоярға жер таппады. Ол футбол ойнауды сұмдық жақсы көретін. Енді кіммен ойнайды?

**Сұрақ 1:** Ойын неге қызықты өтті?

A. Өйткені балалар футболды өте жақсы көретін.

B. Өйткені балалар жаңа доппен ойнады.

C. Өйткені қара доп балалар жамап алды.

D. Өйткені Тұрсын футбол ойнаған жоқ.

**Сұрақ 2:** Не себепті балалар келесі күні футбол ойнамады?

- Сұрақ 3:**Өз ісіне өкінген Тұрсынның бұдан арғы іс-әрекеті қалай өрбиді деп ойлайсың?  
**Сұрақ 4:**Мәтіндегі «Тұрсын өзін қоярға жер таппады» деген жолдар нені тұспалдайды?  
**Сұрақ 5:** Осындай жағдаятқа тап болып, Тұрсынның орнында болсаң қандай шешім қабылдар едің?  
**Сұрақ 6:** Теңбіл сөзінің синонимін жаз.  
**Сұрақ 7:** Қарағандылық футбол командасы қалай аталады ?  
**Сұрақ 8:** Сен қай футбол командасының жанкүйерісің? Ол команданың ойыншыларын ата.  
**Сұрақ 9:** Мәтіннен Тұрсынның бойындағы қандай жағымсыз мінездің бар екенін аңғардың?

**Жауаптары:**

- Сұрақ 1:** А, В  
**Сұрақ 2:** Ойнайтын доп болмады. Себебі,Тұрсын добын тығып қойып, балаларға жоғалып кеткенін айтты.  
**Сұрақ 3:** Әбіржіді, қатты састы.  
**Сұрақ 6:** Ала доп  
**Сұрақ 7:** «Шахтер» футбол командасы  
**Сұрақ 9:** Іштарлық, сараңдық

*Саран қаласының  
№ 13 жалпы білім беретін мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі  
Жикеева Ақерке Сергеевна*

**Сауысқан мен қарға**

Ала сауысқан бір бұтақтан бір бұтаққа қонып, тынбай шиқылдай беріпті, қасындағы құзғын - қарға үндемей отырыпты- мыс. Сонда сауысқан:

- Қарға тамыр, сен неге үндемейсің, әлде менің айтқан сөздеріме нанбай отырмысың? – депті.

Оған қарға айтты дейді:

- **Рас**, сауысқан мырза, еркін сөзіңе наныңқырамаймын, саны мен сапасы жоқ көп сөйлеген мылжың шын сөзді аз айтады деп білемін. **Көп** сөйлегенше, көп **еңбек** қылған жөн, - депті.

*(Ыбырай Алтынсарин)*

- Сұрақ 1:** Қарғаның берген жауабына байланысты қандай мақалдарды тиек етуге болады?  
**Сұрақ 2:** Қарға мен сауысқаннан басқа қандай құстарды білесіз?  
**Сұрақ 3:** Құс атымен аталатын қандай әндер мен күйлер бар?  
**Сұрақ 4:** Мәтіндегі қарамен жазылған сөздердің синонимдік қатарын табыңыз.  
**Сұрақ 5:** «Көп сөйлегенше, көп еңбек қылған жөн» дегенді қалай түсінесің?  
**Сұрақ 6:** Тамыр сөзінің тура және ауыспалы мағынасы қандай?

**Жауаптары:**

**Сұрақ 1:** Қарғаның берген жауабына байланысты «Көп сөз - көмір, аз сөз - алтын», «Көп сөйлегенше, көп еңбек ет», «Көп сөйлеп қарап отырғанша, бір шаруаға жарап отып" деген мақалдар тиек бола алады.

**Сұрақ 2:** Қарға мен сауысқаннан басқа құстар: тырна, аққу, бүркіт, лашын, торғай, бозторғай, қараторғай, көгершін, ұзақ, қарлығаш, түйеқұс, дуадақ, шымшық, көкек, ителгі, күйкентай, қасқалдақ, шіл, құр, бұлдырық тағы басқалары.

**Сұрақ 3:** Құстарға байланысты : «Қараторғай», «Бозторғай», «Ақ көгершін», «Қарлығаш», «Қара бауыр қасқалдақ» әндері, «Аққу» күйі тағы басқалары.

**Сұрақ 4:** РАС: шын, ақиқат, өтірік емес; КӨП: мол, аз емес; ЕҢБЕК: жұмыс, іс, әрекет.

**Сұрақ 6:**Туыс

*Саран қаласының*

### Киіз үй

Киіз үй – қазақ халқының ерте заманнан келе жатқан баспанасы. Киіз үй қыста жылы, жазда салқын болады. Оның туырлықтары мен үзіктерінен жаңбыр өтпейді. Киіз үйдің негізгі сүйектері: кереге, уық шаңырақ және сықырлауық. Бұлар кептірілген қайыңнан немесе теректен жасалады.

Киіз үйдің ең маңызды бөлшегі – шаңырақ. Киіз үйдің сүйектері ескірсе, жаңартады, ал шаңырақты жаңартпайды. Себебі шаңырақ – қасиетті ұғым. Ол – үй, әулет мағынасында да қолданылады. Кейде оны “қара шаңырақ” деп атайды.

Киіз үйді тігу оңай емес. Алдымен керегені қояды. Керегенің биіктігі 2 метрдей болады. Керегенің әр бөлігін – қанат деп атайды. Киіз үй төрт, алты, сегіз, он екі қанатты болады. Осыдан кейін шаңырақты көтереді. Шаңырақты көтергеннен кейін уықтарды шаншиды. Уықтың кереге басына байланатын жағы жалпақтау болып келеді және сол жерді тесіп бау өткізеді, оны “уық бау” дейді. Осы уық бау арқылы уық пен керегені біріктіріп байлайды. Сосын киіз үйдің есігін немесе сықырлауықты қояды. Содан кейін үйдің киізін жабады. Киіздің 4 түрі болады: туырлық, түндік, үзік, киіз есік. Алдымен туырлықты жабады. Сонан соң үзік пен түндікті жабады.

Киіз үйдің ішін де қазақтар сәнді етіп безендірген. Онда сәндік бұйымдар, сырмақ, сандық, құрақ көрпе, көрпе-жастық, қоржын, аңның терісі, домбыра, әшекей ою сияқты ұлттық заттар міндетті түрде тұратын болған.

**Сұрақ 1:** «Шаңырақ» қандай ұғым?

- A. маңызды
- B. негізгі
- C. қасиетті
- D. ардақты

**Сұрақ 2:** Киіз үйдің негізгі сүйектерін атаңыз

- A. түндік, уық, бау
- B. туырлықтар, үзіктер
- C. сырмақ, сандық, құрақ көрпе, қоржын
- D. кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық

**Сұрақ 3:** Киіздің неше түрі болатынын көрсетіңіз

- A. 4
- B. 6
- C. 3
- D. 5

**Сұрақ 4:** Керегенің әр бөлігі қалай аталатынын белгілеңіз

- A) бау
- B) үзік
- C) қанат
- D) есік

**Сұрақ 5:** Киізді жабу ретіне қарай сәйкестендіріңіз

Бірінші	түндік жабылады
Екінші	туырлық жабылады
Үшінші	үзік жабылады

**Сұрақ 6:** Киіз үйді қалай тігеді? Киіз үй тігу тәртібін рет-ретімен жазыңыз.

**Сұрақ 7:** Киіз үйді безендіруге арналған заттарды мәтіннен теріп жазыңыз.

**Сұрақ 8:** Мәтіннің үшінші абзацында не туралы айтылған?

- A. киіз үйді тігу туралы айтылған
- B. киіз үйдің заттары туралы айтылған
- C. киіз үйдің жиһаздары туралы айтылған
- D. киіз үйдің пайдасы туралы айтылған

**Сұрақ 9:** «Қара шаңырақ» туралы өз ойыңызды жазыңыз.

**Жауаптары:**

**Сұрақ 1:** Шаңырақ қасиетті ұғым.

**Сұрақ 2:** Киіз үйдің негізгі сүйектері: кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық

**Сұрақ 3:** Киіздің 4 түрі болады

**Сұрақ 4:** D) қанат

**Сұрақ 5:** Киізді жабу ретіне қарай сәйкестендіріңіз

Екінші түндік жабылады

Бірінші үзік жабылады

Үшінші туырлық жабылады

**Сұрақ 6:**

1. Керегені қояды

2. Шаңырақты көтереді

3. Уықтарды шаншиды

4. Сықырлауықты (есікті) қояды

5. Үйдің киізін жабады.

**Сұрақ 7:** Киіз үйді безендіруге арналған заттар: сырмақ, сандық, құрақ көрпе, көрпе-жастық, қоржын, аңның терісі, домбыра.

**Сұрақ 8:** А) киіз үйді тігу туралы айтылған

**Сұрақ 9:** Қара шаңырақ - үлкен үй, әке – шеше үйі. Кенже бала қара шаңырақ иесі. Қара шаңыраққа барлық осы отбасының балалары, туыстары жиналады. Әке – шеше қара шаңырақты кенже ұлына береді. Бұл дәстүрдің мәні зор. Қара шаңырақта балаға туыстарын, нағашыларын, ата – бабасын, үлкен аталарын, жеті атасын үнемі айтып отырған.

*Саран қаласының  
№ 17 жалпы білім беретін мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі  
Адильханова Бақыт Сайлаухановна*

**Қолғабыс**

Күздің қара суығының қақағанына көп болды. Ызғарлы да, өткір. Түстен кейінгі кезекте оқитын Әлихан Сембекпен бірге мектепке келе жатты. Иығында дәу қара портфель. Екі ауылдың арасын таспадай темір жол бөліп тұр. Жолдың жиегінде тұрған кемпір мен шалды әуелі Әлихан байқап қалды. Олар жайдан жай тұрмаған секілді. Мүсәпір адамдарға ұқсамайды. Өйткені шалдың қолтығында қос балдағы бар екен. Шамалы жер жүреді де тоқтайды. Жанындағы кемпірі сүйемелдеп келеді. Жол ұзақ. Вокзал жаққа өту үшін әлі біраз жер жүрулері керек. Әлиханның бар ынта - ықыласы қарттарға ауды. Сабақтың басталуына әлі ерте. «Кемтар жандарды көрсең көмегіңді аяма» деген әжесінің сөзі оның жадына оралды.

-Ата, әже сіздерді жолдың арғы бетіне өткізіп салайық, - деді Әлихан.

Қариялар қарсы болған жоқ. Қайта қуанып қалды. Әженің көзі нашар көреді екен. Олар әуелі балдақты атаны, сосын барып әжені қолынан жетектеп өткізді. Қарттар батасын беріп, алғыстарын жаңбырдай жауғызды. Әлихан мен Сембек мектепке келгенде әлі сабақ басталмапты.

**Сұрақ 1:** Әлихан қарттарға көмек көрсетер кезде нені есіне алды?

**Сұрақ 2:** «Қарттар батасын беріп, алғыстарын жаңбырдай жауғызды» деген тіркестен қарттардың қандай көңіл-күйін байқауға болады?

**Сұрақ 3:** Балалардың орнында болсаң сен қайтер едің?

**Сұрақ 4:** «Олар жайдан жай тұрмаған секілді. Мүсәпір адамдарға ұқсамайды. Өйткені шалдың қолтығында қос балдағы бар екен» тіркестері оқиғаның өрбуіне қалай әсер етті?

**Сұрақ 5:** Сыныптастарыңның арасында Әлихандай балалар бар ма? Әлихан сияқты балалар болса қандай тілек тілер едің?

**Сұрақ 6:** Мүсәпір сөзінің синонимін тап.

**Сұрақ 7:** Қақаған суық тағы қандай жыл мезгілінде болады?

*Саран қаласының*

### **Американдық бизнесмен туралы**

Американдық бір бай бизнесмен жұмыс бабымен Мексикада болып, кішкентай бір мексикалық ауылға соғады. Судың жағасында отырып, бір кішкентай кемені көреді. Кеменің іші толған балық. Балықшының жанына барып:

- Сәлеметсіз бе, осыншама балықты аулауға қанша уақытыңыз кетті?-дейді.

Балықшы бір-екі сағат кеткенін айтады. Американдық таңғалып, теңізде неге ұзақ тұрып, көп балық ұстамағанын сұрайды. Балықшы отбасы үшін ұстаған балық саны жеткілікті екенін айтады. Американдық балықшыдан қалған уақытта не істейтінін қызыға сұрайды. Балықшы:

- Кеш жатамын, таңертең аздап балық аулаймын. Сосын балаларыммен ойнаймын, түсте әйелім Мариямен әңгімелесемін. Кешке достарыммен гитара тартып, ән айтамыз. Өте қызықты өмір сүріп жатырмын,-деп жауап береді.

Американдық күліп:

- Мен Гарвардта магистратураны бітіргенмін, саған кеңес бере аламын. Қазіргіден үлкен кеме сатып алып, балық аулауға көп уақыт бөлсең, табысың да көп болады. Табысың көп болса, тағы бірнеше кеме ала аласың. Осылайша тез арада балық фабрикасын аша аласың. Балық секторында үлкен балықшы бола аласың. Әрине, осы айтқандарыма жету үшін ең алдымен ауылдан үлкен қалаға көшуің керек. Кейін Лос-Анджелесте, ал қызметінде одан әрі өсу үшін Нью Йоркте тұруың керек,-дейді.

Балықшы бірақ ойланып:

- Осы айтқандарыңызға қанша уақытта жетуге болады?

- 15-20 жыл шамасында.

- Ал, бәріне жеткенімде не болады?...

- (американдық күліп) Бұл – айтатын кеңесімнің ең жақсысы. Уақыты келгенде, компания акцияларын биржаға қойып, жақсы бағаға сата аласың. Аз уақыт ішінде бай болып, миллиондар ұтасың.

- Миллиондар!? Хм, ал сосын ше?

- Сосын зейнетке шығасың. Кішкентай бір ауылға көшіп, кеш жатып, қаласаң аздап балық аулап, немере-шөберелеріңмен ойнайсың, әйеліңмен көп уақыт өткізе аласың, кешке достарыңмен кездесіп гитара тартып, ән айтасың. Ғажап емес пе?

- Иә, жақсы екен, бірақ мен қазірде соны істеп жатқан жоқпын ба?

**Сұрақ 1:** Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.

- A. Балықшы зейнетке қашан шығады?
- B. Балықшының бай болуына қанша уақыт кетті?
- C. Бизнесмен балықшыдан нені қызыға сұрайды?
- D. Американдық қызметінде өсу үшін қай қалаға барды?

**Сұрақ 2:** Мәтін бойынша сәйкестендір

- 1. фабрика 1. құру
- 2. биржаға 2. көшу
- 3. қалаға 3. ашу
- 4. жоспар 4. қою

**Сұрақ 3:** Мәтінде қандай қалалардың аты аталған?

**Сұрақ 4:** Егер адамдар барлығына риза болса, онда өзгеріс іздей бастай ма?

**Сұрақ 5:** Сен балықшының орнында болсаң Гарвардта магистратураны бітірген, шағын бизнес жоспарын құрып беріп отырған Американдықтың берген ұсынысын сен қалай қабылдар едің?

**Сұрақ 6:** Балықшының пікіріне келісесің бе, әлде келіспейсің бе? (неге келісетініңді немесе неге келіспейтініңді түсіндір

**Сұрақ 7:** Мәтінді қандай мақалмен қорытындылауға болады немесе қалай аяқтар едің?

**Сұрақ 8:** Бизнесмен сөзіне сипаттама бер.

**Жауаптары:**

**Сұрақ 1:** С. Бизнесмен балықшыдан нені қызыға сұрайды?

**Сұрақ 2:** Мәтін бойынша сәйкестендір

1. фабрика 3. ашу
2. биржаға 4. қою
3. қалаға 2. көшу
4. жоспар 1. құру

**Сұрақ 3:** Гарвард, Нью-Йорк, Лос-Анджелес

*«Шахтинск қаласы әкімдігінің  
№ 9 жалпы білім беру мектебі»КММ  
Сабиолдина Анар Кеңесбековна,  
Абдыкаримова Арайлым Кенжеевна*

**Ақырзаман бола ма?**

Ақырзаманға бәс тігесің бе? Гол+Пас букмекер кеңсесі ақырзаманға бәс қабылдап жатыр. 21 желтоқсанда Ақырзаман болады – деп тіксеңіз, коэффициенті 2012. Яғни, 1000 теңге қойсаңыз, 2 000000 ұтып аласыз. Сонда қалай дейсіз бе? Егер, шынымен ақырзаман болса, бәсім не болады дейсіз бе?

Ринат Темірболатұлы  
«Қазақтың сөз дәйегі» блогы

Деректерге сүйенсек, 2000 жылдан бері ақырзаман болады деп болжаған күндердің саны 27-ге жеткен.

Әйгерім Сматуллаева.  
Massaget.kz

Қазақстандық астрофизик жақын арада астероидтың құлауынан болатын ақырзаман туралы қауесетті жоққа шығарды. Болжам бойынша, ол астероид жермен осы жылдың 21 наурызында қақтығысып қалуы мүмкін.

Қазақпарат.

Өмір ғой, бәрі болуы мүмкін.... Болжам жасаған ғалымдар да пенде ғой. Олар жалғыз жаратушыдан озып қайда барады?

Шойбек Орынбай.  
«Оңтүстік Қазақстан» газетінен

**1-тапсырма**

- A) Ақырзаманның болуы коэффициентпен қанша пайыз?
- B) Ақырзаманды болжаған кімдерді білесіз?
- C) Ақырзаманның болуы Алланың қолында дегенге қалай қарайсыз?

**2-тапсырма**

Ринат Темірболатұлының пікіріне қарама-қайшы келетін пікір қайсы?

- A) Әйгерім
- Ә) Қазақпарат
- Б) Шойбек Орынбай

**Аспект:** Біріктіру мен түсіндіру. Кең түсінік қалыптастыру

Сұрақтардың мақсаты: қысқа мәтіндер арасынан ортақ тақырыпты табу.

Тармақтардың форматы- көп нұсқалы таңдау.

Кодтау қағидасы

Бүтін ұпай:

1 код: ақырзаманның болу коэффициенті қанша пайыз?

Құрылымдық сипаттамалары:

Жағдай: білім беретін

Тәсіл: электрондық

Мәтіннің формасы: күрделі

Мәтіннің түрі: дәлелдер жиынтығы

**Сен білесің бе?**

Компьютер мен ұялы телефон күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналған. Қазіргі уақытта олардың пайдасымен қоса зияны да шаш етектен екенін естен шығармаған жөн. Десек те, күнделікті қажеттілікті өтеу үшін техниканың бұл түрлерінен біржолата қол үзіп қалуға болмайды.

Ғалымдар уақытының көп мөлшерін компьютер алдында өткізетін адамдардың басқа адамдарға қарағанда онкологиялық ауруларға ұшырау қаупінің басымдау екенін айтып отыр. Сонымен қатар, қазіргі қала көшелеріндегі қаптаған компьютерлік клубтардағы ойындар адамды лейкоз дертіне шалдықтыратынын дәлелдеген.

#### Асқар

Компьютердің мониторияндағы кескіндер адамның көзінің көру өткірлігін нашарлатады. Компьютердің алдында телміріп, көп уақыт тапжылмай отырып, денеміздегі бұлшық еттерді қажытамыз, мойынымыз бен иығымыз талып кетеді және ең қауіптісі, омыртқамызға зиян болады. Монитор қосулы тұрған кезде оның айналасында электростатикалық өріс пайда болады. Ол айналадағы шаң-тозаңдарды адамның қолдары мен бетіне қондырады.

#### Жанар

Компьютердің монитория мен жүзіңіздің арақашықтығы кемінде 50 см болуы қажет. Компьютер тұрған бөлменің ауасы жиі тазартылуы керек. Оған қоса күн сайын бөлмеде ылғалды тазалық жұмыстарын (влажная уборка) жүргізгеніңіз, тіптен жақсы болады. Компьютермен жұмыс істеп болғаннан кейін, қолыңызды салқын сумен жуыңыз.

Міндетті түрде үзіліс қажет. Ересек адамдар үшін әрбір екі сағат сайын 15 минут, ал балалар үшін әрбір жарты сағат сайын 15 минут үзіліс жасау керек.

Оқуға тиісті құжаттарды принтерден басып шығарып алып оқыңыз. Көзіңіздің саулығына үлкен пайдасы тиеді.

#### Мәди

Ұялы телефондарға жүргізген зерттеулері бойынша, мынандай тоқтамға келген: әр аптада күніне 10 минуттай уақыт ұялы телефонды пайдалану – адам ағзасын функционалдық өзгерістерге ұшыратады екен. Яғни, небәрі 10 минуттық тілдесуден кейін ағзаңыздың өз қалпына қайта келуі үшін 8 сағат керек. Тәжірибе кезінде 8 жыл бойы күнделікті ұялы телефонды пайдаланған адамды медициналық тексеруден өткізгенде, оның ағзасының паталогиялық жағынан едәір өзгерістерге ұшырағаны анықталған.

#### Арайлым

(Ғаламтор беттерінен).

#### ТАПСЫРМАЛАР

Сұрақтар	Жауаптары
1. Мәтіндегі негізгі ақпарат ...	A) компьютерлер B) ұялы телефондар C) компьютер мен ұялы телефонның пайдасы мен зияны D) компьютердің зияны, телефонның қажеттігі
2. Асты сызылған сөзге сәйкес сөзді табыңыз. Олардың пайдасы мен зияны <u>шаш етектен</u>	A) зиянды B) зияны мен пайдасы C) өте көп D) өте қажет
3. Компьютер алдында көп отыратын адамдардың онкологиялық ауруға ұшырау қаупі басымдау, себебі ... ..	A) ғалымдардың зерттеуі бар B) жоқ C) дәлелденбеген D) көп
4. Ұялы телефонмен ұзақ сөйлесу - ... , сондықтан ...	





Тармақтың форматы Көп нұсқалы таңдау

КОДТАУ ҚАҒИДАСЫ

1-тапсырма. (Бүтін ұпай)

1.С

2.С

3.А

4.5 жауаптан артық толық

5.С

6.3 жауап толық ұпай

### **Бал арасы**

Бал арасының уымен емдеудің Египет жазбаларына сүйенер болсақ, 3500 жылдық тарихы бар. Медицинаның атасы Гиппократтың өзі бұл емдеу тәсілінің маңызы мен тиімділігі туралы көп жазған. Клеопатра патшайым таңертеңгілік, кешкілік шомылғанда араның балын да, уын да пайдаланған.

Бұл адамды жасартады, күш-қуаттын арттырады.

Ара уының құрамы мынадай витаминдер мен микроэлементтерден тұрады: В<sub>2</sub>, В<sub>6</sub>, Е витаминдері, кальций, марганец, мыс, темір, натрий. Іш құрылысы ауруларын, қалқанша безді, қатерлі ісік ауруын, ревматизмді, жүйке ауруларын, гипертонияны емдеуде таптырмайтын дүние. Гемоглабинді де көтереді. Ара уының медициналық атауы – апитоксин. Апитоксинді – таблетка түрінде емес, арадан бөлінген табиғи түрде және көп жағдайда сықпалы май түрінде пайдаланады. Араның уы майтектестерден және минералды заттардан, аминақышқылдар мен белоктардан тұрады. Алайда, ара уының химиялық құрамы толық зерттеліп болмаған. Апитоксин – ешқандай микроорганизм түзбейді. Көп терапияның ішінде бүгінде аса көп қолданыла бермейтін, бірақ өлшеусіз көмегі бар, ежелгі емдеу тәсілдерінің бірі – апитерапия. Апитерапия – араның уымен және көк шыбынның личинкасымен емдеу тәсілі. Ара уы деп отырғанымыз – бал. Оның емдік қасиетінің мол екені ежелден белгілі.

### **1-тапсырма**

Мәтіннің бірінші бөлігіндегі негізгі ақпаратты табыңыз.

А) ара уымен емдеу

В) ара балымен емдеу

С) дәрімен емдеу

Д) дәрумендер

### **2- тапсырма**

Мәтіннің екінші бөлігіндегі негізгі ақпаратты табыңыз

А) ара

В) бал

С) ара уының құрамы

Д) витаминдер, микроэлементтер

### **3- тапсырма**

Сәйкесін табыңыз *Ара уы*

А) у

В) бал

С) аралар

Д) ем

### **Кілті**

1 топ ара уымен емдеу

2 топ ара уының құрамы

3 топ ара уы бал

«АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН -ЭПОПЕЯСЫ «ҚАЙТҚАНДА» сөйлетіңіз.



- 1.....
- 2.....
- 3.....
- 4.....
- 5.....
- 6.....
- 7.....
- 8.....
- 9.....
- 10.....
- 11.....
- 12.....

**2- тапсырма:** «Көшкенде жүк артамын, сары атанға, айтамын не бетімді Ойке апама?!» деген өлеңім сияқты болды-ау!» Оқиғаны таратып айтыңыз.

.....

**3- тапсырма:** Қай кейіпкердің сөзі? Сәйкестендіріңіз.

1. -Өзі, тіпті, көшелі кісі болып қапты!
2. -Бар, алып кет, қарғыс тигенді! –
- 3.- Осы айыбына көз жетсе, тұрғызып қойып бауыздайық. Бірақ сол шынына жеткен жан бар ма?..-
4. -Жарықтығым, ендігәрі Абайды бұндай жерге бастай көрме!
5. -Құлағың сал жырыма

Ойлана қара сырыма, —  
(Ұлжан, Құнанбай, Майбасар, Барлас, Сүйіндік)

**4- тапсырма:** Тарау бойынша жай жоспар құрыңыз.

- a) .....
- ә) .....

- б) .....  
 в) .....  
 г) .....  
 д) .....  
 е) .....  
 ж) .....  
 з) .....  
 и) .....

**Бағалау**

- 1-тапсырма: 12 ұпай  
 2-тапсырма: 5 ұпай  
 3- тапсырма: 5 ұпай  
 4 –тапсырма: 10 ұпай  
 Барлығы – 32 ұпай  
 26- 32 ұпай –«5» 19- 25 ұпай – «4» 10- 18 ұпай – «3»

*«Шахтинск қаласы әкімдігінің  
 №8 жалпы білім беру мектебі»КММ  
 Жолдыбалина Жаназуль Имангалиевна*

**Түркістан - рухани қала**

Түркістан қаласы – қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысындағы Түркістан ауданының орталығы. Шымкент қаласынан 225 шақырым жерде Сырдарияның оң жағында орналасқан.

IV-V ғасырлардағы бұл қаланың орнында Шабғар деген үлкен қала болған.

IX-X ғасырларда жақсы қалалардың қатарына қосылып, гүлденді.

XV ғасырлардан бастап «Түркістан» деп аталады. «Түркістан» деген сөз «Түріктер мекені,елі» деген мағынаны білдіреді.

Түркістанда XVғасырдың басында тұрғызылған Ахмет Йасауи кесенесі бар.

/Т.Тұрлығұлов/

**Тапсырмалар**

- Берілген сөз бен сөз тіркесін қолдана отырып, сөйлем құрастыр. Түркістан, Ахмет Йасауи кесенесі.
- «Түркістан» деген сөз қандай мағынаны білдіреді?
- Кестедегі сұрақтар мен жауаптарды сәйкестендіріңдер.

Түркістан қаласы еліміздің қай жерінде?	«Түркістан» деген сөз «түріктер мекені,елі» деген мағынаны білдіреді.
Түркістан IX-X ғасырларда қандай қала болған?	Түркістанда XV ғасырдың басында тұрғызылған Ахмет Йасауи кесенесі бар.
Қай ғасырдан бастап «Түркістан» деп аталды?	Шымкент қаласынан 225 шақырым жерде Сырдарияның оң жағында орналасқан.
«Түркістан» деген сөз қандай мағынаны білдіреді?	XV ғасырлардан бастап «Түркістан» деп аталады.
Түркістанда кімнің кесенесі бар?	IX-X ғасырларда жақсы қалалардың қатарына қосылып, гүлденді.

- Ахмет Йасауи туралы мәлімет беріңдер.

**Жауаптар**

- Берілген сөз бен сөз тіркесін қолдана отырып сөйлем құрастыр. Түркістан, Ахмет Йасауи кесенесі.

**Түркістан – рухани қала.**

**Түркістанда Ахмет Йасауи кесенесі бар.**

- « Түркістан» деген сөз қандай мағынаны білдіреді?

«Түркістан» деген сөз «түріктер мекені, елі» деген мағынаны білдіреді.

1. Тапсырманы топта орындаңыздар. Суретті мұқият қарап алыңыздар. 3 минут берілді.



**Тапсырмалар.**Топта талқыңыздар.(3 минут беріледі)

- 1.Суретте кімдер бейнеленген?
2. Суретте өтетін концерттің аты?
- 3.Суреттегі концерт қашан, қай уақытта,қай жерде өтеді ?
- 4.Концерт қай жерде өтеді?
5. Айтқали Жайымов кім?
6. Суреттегі әншілер, Қазақ халық аспаптар оркестрі қайда жұмыс істейді?

**Жауаптары.**

1.Суретте кімдер бейнеленген?

**Суретте қазақ халық аспаптар оркестрі, көркемдік жетекшісі және Бас дирижеры ҚР сіңірген Айтқали Жайымов, Диана Май, Естай Мұқашев, Жанерке Хасенова, Бауыржан Нұрымбетов, Нұрбол Балапанов, Дихан Ильяшев**

2.Суретте өтетін концерттің аты?

**Суретте өтетін концерттің аты « Әсем ән мен тәтті күй»**

3.Суреттегі концерт қашан, қай уақытта,қай жерде өтеді ?

**Суреттегі концерт 2015 жылдың 4 ақпанында, сағат 19:00.**

4.Концерт қай жерде өтеді?

**Концерт « Астана» Ұлттық сурет галереясында өтеді, мекен-жайы : Республика даңғылы,2.**

5. Айтқали Жайымов кім?

**Айтқали Жайымов «Қазақ халық аспаптар оркестрінің» көркемдік жетекші және бас дирижер, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, профессор.**

6. Суреттегі әншілер, Қазақ халық аспаптар оркестрі қайда жұмыс істейді?

**Суреттегі әншілер, Қазақ халық аспаптар оркестрі Астана қаласы әкімдігінің Мемлекеттік Академиялық Филармонияда жұмыс істейді.**

1. Кестедегі сұрақтар мен жауаптарды сәйкестендіріңдер.

Түркістан қаласы еліміздің қай жерінде?	<b>Шымкент қаласынан 225 шақырым жерде Сырдарияның оң жағында орналасқан.</b>
Түркістан IX-X ғасырларда қандай қала болған?	<b>Түркістан IX-X ғасырларда жақсы қалалардың қатарына қосылып, гүлденді.</b>
Қай ғасырдан бастап «Түркістан» деп аталды?	<b>XV ғасырлардан бастап «Түркістан» деп аталады.</b>
«Түркістан» деген сөз қандай мағынаны білдіреді?	<b>«Түркістан» деген сөз «түріктер мекені, елі» деген мағынаны білдіреді.</b>
Түркістанда кімнің кесенесі бар?	<b>Түркістанда XV ғасырдың басында тұрғызылған Ахмет Йасауи кесенесі бар.</b>

2. Ахмет Йасауи туралы мәлімет беріңдер.

**XI-XII ғғ. өмір сүрген атақты сопы, философ, ғалым, ақын Қожа Ахмет Йасауи қазіргі Түркістан қаласы маңындағы Испиджап қаласында дүниеге келген.**

*«Шахтинск қаласы әкімдігінің  
№ 11 жалпы білім беру мектебі» КММ  
Искакова Айдана Рақымжановна*

**Домбыра** - қазақ халқының ең кең тараған екі ішекті, көп пернелі музыкалық аспабы. Ол – қазақтар өмірінде маңызды орын алатын, өзіндік музыкалық сипаты бар аспап. Алғаш эпикалық дәстүр шеңберінде жыр, толғау, термелерді сүйемелдеуге қолданылған домбыра кейін аспаптық шығарма – күй жанрының қалыптасуына ықпал еткен. Қазіргі кезде домбыра жеке әнді сүйемелдеуге, күй тартуға, халықтық-фольклорлық музыкада, классикалық шығармаларды орындауға қолданылатын, мүмкіндігі кең музыкалық аспап болып табылады. Домбыра ежелде қазақтың тарихын баяндаған музыкалық аспаптардың бірі.

#### **Тапсырма 1:**

Тест.

1. Домбыра қай халықтың музыкалық аспабы?

- А) Қазақ
- Б) Орыс
- С) Қырғыз
- Д) Түрік

2. Қазіргі кезде домбыраны қай кезде қолданады?


- А) Жеке әнді сүйемелдеуге
- Б) Күй тартуға
- С) Халықтық фольклорлық музыка
- Д) классикалық шығармаларды орындауға
- Е) Барлық жауап дұрыс

3. Ежелден қазақтың тарихын баяндаған аспаптың бірі?

- А) Қобыз
- Б) Домбыра
- С) Жетіген
- Д) Сазсырнай

#### **Тапсырма 2:**

«Домбыра» мәтінінен түсінгенің?



Білемін	Білдім	Мен үшін қызық

**Тапсырма 3:**

Салыстыр:

Қазақтың домбырасы мен орыстың балалайкасы.

Ұқсастығы?

Айырмашылығы?

*«Шахтинск қаласы әкімдігінің  
Ә.Бөкейханов атындағы мектеп – лицейі» КММ  
Күзембаева Мейрамгүл Қайыркенқызы*

**1. Консерватория**

«Консерватория» деген сөз бұдан төрт жыл бұрын Италияда пайда болған. Ерте заманда Италиядағы жетім балалар паналайтын үй осылай аталған. Мұнда балаларды етік тігуге, қабырға сырлауға және ән айту мен музыка аспабында ойнауға үйрететін. Бірте-бірте тек музыканттарды оқытатын арнайы мектептер консерватория аталып кетті.

Музыканттар- өте еңбекқор адамдар. Олар өмір бойы оқумен, өзін- өзі тәрбиелеумен болады. Консерватория қабырғасында белгілі бір ұстаздан ұзақ жылдар бойы дәріс алумен шектеліп қалмай, одан кейін де өз өнерін шыңдап отырады.

Қазақстанда тұңғыш консерватория 1944 ж. ашылды. Ол қазақтың ұлы сазгері Құрманғазының атымен аталады. («Ол кім? Бұл не?»)

**1-тапсырма:**

**1.«Консерватория» сөзі қай елде пайда болған?**

- А) Испания
- В) Италия
- Е)Ресейде
- Д) Қазақстанда

**2.Музыканттар неге өмір бойы ізденеді?**

- А) Музыканттар өзін-өзі тәрбиелейді.
- В) Дәріс алумен шектеледі.
- Е) Арнайы мектептер
- Д) Музыканттар-өте еңбекқор адамдар, олар өз өнерін шыңдап отырады.

**Жауаптары:**

- 1.В.Италияда
- 2.Д.Музыканттар-өте еңбекқор адамдар, олар өз өнерін шыңдап отырады.

Тапсырмаларды бағалау критерийі: 2 сұраққа 1 балдан.

**2-тапсырма.**

**Құрманғазы туралы не білесің? Ойыңды жаз.**-----

-----

**Жауаптары:** Оқушы өз ойын жазады.

Бағалау критерийі: 3-3 балдан

**Әже әлді**

Бейуақ еді. Кеш қараңғылығы қоюланып келеді. Абайдың кәрі әжесімен, өз шешесімен тұратын үйі осы еді. Әлі шам жағылған жоқ, жұрттың көбі тыста мал жайлап жүр. Шыңғыс жаққа қараған терезенің алдында қос тізерлеп, екі шынтағын терезенің алдына салып, иегін қолдарының үстіне қойып Абай отыр. Бұдан да басқа оң жақта, жер төсектің үстінде, бала уатқан Зере бар.

Тізесімен тербетіп отырғаны-Айғыздан туған немере қызы үш жасар Кәмшат. Кәрі әже күндегі машығы бойынша бесік жырын айтады. Абайдың өз әжесінен басқа ешкімнен естімеген жыры. Бірақ кәрі әжесінің өзіндей соншалық жақын, ыстық, сүйікті жыры. Кішкентай күнінде Абай өзі де кеш сайын осы жырдың тербеуімен ұйықтайтын. Сол күндерден бір ырғағы ауыспаған, бір сөзі өзгермеген, ана жүрегіндей айнамас жыр.(М.Әуезов. «Абай жолы» романынан үзінді).

**1-тапсырма:**

**1. Абайдың әжелері қандай ертегіні айтушы еді?**

- А) «Құла мерген», «Жұпар қорығы»
- В) «Біржан сал Абай ауылында»
- С) Бесік жыры
- Д) «Абай жолы»

**2. М.Әуезовті әлемге танытқан шығармасын ата.**

- А) «Қараш-қараш оқиғасы»
- В) «Түнгі сарын»
- С) «Абай жолы»
- Д) «Бүркітші»

**3. Бүгінгі күні әжелеріңнен бесік жырын естідіңдер ме? Ол қандай бесік жыры, бір шумақ үзінді айтып бере аласың ба?**

**Жауаптары:**

- 1.А. «Құла мерген», «Жұпар қорығы»
- 2. «Абай жолы» романы
- 3. Оқушы өз ойын жазады.

Бағалау критерийлері: 1-1балл, 2-1балл, 3-1балл

**2-тапсырма:**

Абай туралы ойыңды жаз.

-----

-----

**Жауаптары:** Оқушы өз ойын жазады.

Бағалау критерийлері: 3-3 балл

**Әдептілік**

Әдептілік деген не? Ол- адамдардың жүріс-тұрысы мен өзара қарым-қатынасының жалпы ережелері. Бұған-елгезектік, тіл- алғыштық, сыпайылық, көрегенділік, инабаттылық, кішіпейілділік сияқты сүйкімді қылықтар жатады. Бұл қасиет халықтың сипатынан туады, соны бейнелейді.

(«Ол кім? Бұл не?»).

**1-тапсырма:**

- 1.Әдептілік жайлы мақал-мәтел жаз.
- 2.Әдептілік-әдемілік дегенді қалай түсінесің?
- 3.Әдептілік туралы қандай әңгіме есіңде?

**Жауаптары:**

- 1.Әдептіліктің белгісі-иіліп сәлем бергені, Шын достықтың белгісі- көп кешікпей келгені.
- Әдепті бала-арлы бала, әдепсіз бала- сорлы бала.

2.Оқушы өз ойын жазады

3.Ы.Алтынсариннің «Әдеп» деген әңгімесі.

Бағалау критерийлері: 3 сұраққа 1 балдан.

**2-тапсырма:**

**Әңгімені түсініп оқы. Есте сақта.**

**Әдеп**

Бір жұрттың бас әкімі екінші бір байға жолығысып сөйлесіп тұрғанда, қасынан бір жарлы мұжық өтіп бара жатып иіліп, бас ұрып сәлем берді дейді.

Қасындағы бай:

-Тақсыр, осынша жұрттың үстінен қараған әкімсіз, осы бір мұжыққа неге сонша бас ұрасыз?- деп айтты дейді.

Сонда әкім:

-Ешбір ілім-білім үйренбеген мұжық сонша иіліп, әдептілігін көрсеткенде, мен онан әдепсіз болып қалайын ба?-деді дейді.

(Ы.Алтынсарин «Таза бұлақ» Алматы, 2008 ж.64б.)

### **3-тапсырма:**

1.Сіз жұрттың үстінен қараған әкімсіз, осы бір мұжыққа неге сонша бас ұрасыз?-деген сөзді қалай түсінесіз?

2.Жарлы сөзінің синонимдерін тап.

### **Жауаптары:**

1.Оқушы ойы

2.Жарлы, кедей.

Бағалау критерийлері: 3-3балдан.

### **Ат-адамның қанаты**

Қыс кеткенімен, Атырау беттегі Ақтау шоқтығында қар жатыр. Қарлы таудан қоңыр салқын леп еседі. Атырапқа сайдан хош иіс, таудан кең тыныс тарап, даланың балбырап, бусанып жатқан бір әсем шағы. Осындай мезгілде ат үстінде келе жату қандай рақат! Ат-адамның қанаты. Ат үстіндегі кісінің көкжиегі қашан да кең, көңілі көтеріңкі, еңсесі биік. Пай-пай, жүйрігің жалын желге желпіп, елбең қағып, есіле майпаңдап келе жатса, сен бесіктегі балғындай тербелесің ғой!

Сонда сені ат емес, бүкіл дала тербетеді, әлдилейді. Даланың дөңдерін орағытып, көлбеуін жағалаған сүрлеу жол бұраң-бұраң етіп, ылғи алға, алысқа, арманға желеп әкете береді. Төбеңнен төңкеріле мөлдіреген тұп-тұнық торғын аспан сенің қиялыңа толып, толықсып төгіле жаздап тұрады.Сенің ән салғың келеді.Ол үшін атыңды тек сәл тебініп қал. Атың сар желе жөнелсін. Міне, енді даланы сен тербете бастадың.

Паһ, шіркін, дала, дала... Қасиетті кең дала, жанға сая құт мекен! Бұрынғылар біліп айтқан: Әкем күйеу болған жер, шешем келін болған жер. Ата Қоныс ыстықсың!

### **1-тапсырма:**

1.Жылқы малының қасиеттері.

2.Жылқымен ойналатын ұлттық ойындар.

3. Қазақ әдебиетіндегі атақты сәйгүліктер.

### **Жауаптары:**

1.Оқушы ойы

2. «Көкпар», «Аударыспақ», «Қыз қуу», «Теңге ілу»

3. Құлагер, Тайбурыл, Байшұбар, Маңмаңкер.т.б.

Бағалау критерийлері: 3 сұраққа-1 балдан

### **2-тапсырма:**

#### **«Артығын тап»**

1.Құлын, тай, тайлақ, құнан, дөнен,бесті, дөнежін.

2.Ер, тұсамыс, қарғы, жүген, доға, үзеңгі, мұрындық. Қалай ойлайсыңдар, бұл заттардың барлығы немен байланысты?

3.Қай жылы жылқы жылы болды?

### **Жауаптары:**

1.Дөнежін

2.Жылқы малымен

3.2014 жылы

Бағалау критерийлері: 3 сұраққа- 1 балдан

### **3-тапсырма:**

Ат туралы мақал-мәтел жаз.

### **Жауаптары:**

1.Ер-қанаты ат

2.Ат айналып қазығын табар.

3.Танымайтын аттың сыртынан жүрме.



4.Адам сөйлескеше, жылқы кісінегенше.  
Бағалау критерийлері: 3 -3 балдан

### **Байқампаздық қабілетін анықтау** **Отыз бірінші қарасөз**

Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі-; екінші- сол, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші-сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайталап ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші-ой кеселді нәрселерден қашық болу керек. Егер кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз-салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді.Бұл төрт нәрсе- күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер. (Абайдың 31 қарасөзі).

#### **1-тапсырма:**

- 1.«Сөз атасы-құлақ» тақырыбына диалог құр.
- 2.Ой кеселдерін атап жаз-----
- 3.Естіген нәрсені ұмытпастыққа байланысты төрт түрлі себепті атап бер.

#### **Жауаптары:**

1. Оқушының ойы
2. Ой кеселдері: Уайымсыз-салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, бір қайғыға салыну, бір нәрсеге құмарлық
3. Көкірегі байлаулы берік болмақ керек, нәрсені естігенде я көргенде ғибратлану керек, нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайталап ойланып, көңілге бекіту керек, ой кеселді нәрселерден қашық болу керек.

**Бағалау критерийлері: 3 сұраққа-2 балдан**

*«Шахтинск қаласы әкімдігінің  
№ 12 жалпы білім беру мектебі»КММ  
Нажмаддинова Набира Сламаддиновна*

### **Киноға бару**

Мәселе киноға баратын ыңғайлы сағат пен күнді таңдауда жатыр. 15 жастағы Мақсат 1 аптаға созылатын мектеп каникул уақытында екі құрдас- достарымен киноға барғысы келеді. Каникул 24 наурызда сенбіде басталып, 1 сәуірде жексенбіде аяқталады. Мақсат өз достарынан оларға киноға баруға қолайлы күн мен уақытты анықтап сұрайды. Олар былай деді: Арман: "Дүйсенбі және сәрсенбі күндері түстен кейін мен үйде болып, сағат 14.30-дан 15.30-ға дейін музыкамен айналысуым керек. " Болат: "Жексенбі күндері мен әжеме баруым керек. Яғни, жексенбі күндері болмайды. Мен «Покемонды» көріп қойғанмын, енді оны тағы да көргім келмейді". Мақсаттың ата-анасы оның тек өз жас ерекшелігіне сәйкес келетін фильмдерді көріп және үйге жаяу келмегенін қалап отыр. Олар балаларды машинамен кешкі 10-ға дейінгі кез-келген уақытта тосып алып, үйге алып барады. Мақсат мектеп каникулының бір аптасындағы болатын кино сеанстарының кестесін қарады. Міне, ол мынандай ақпарат алды:

«Орион» кинотеатры Билеттерге алдын-ала тапсырыс беру: 264-22-24 Анықтама тәулік бойы: 264-22-21 Сейсенбі күндері барлық билеттер жеңілдікпен, яғни бір бағамен. 23 наурыздан бастап екі аптаға фильмдердің кестесі:	
Тордағы балалар Сеанстың ұзақтығы– 113 мин. 14.00 (Дс-Жм.) 21.35 (тек Сб. Жк.) 12 жасқа дейінгі балаларға рұқсат етілмейді	Покемон Сеанстың ұзақтығы– 105 мин. 13.40 (күнде) 16.35 (күнде) Балалар ата- аналарының қарауымен ғана кіргізіледі. Кейбір көріністер кішкентай балаларға сәйкес келмеуі мүмкін
Тұңғыықтағы құбыжық Сеанстың ұзақтығы – 164 мин. 19.55 (тек Жм. Сб.)	Энигма Сеанстың ұзақтығы – 144 мин. 15.00 (Дс-Жм.) 18.00 (тек Сб. Жк.)

18 жасқа дейінгі адамдарға рұқсат етілмейді	12 жасқа дейінгі балаларға рұқсат етілмейді
Жыртқыш Сеанстың ұзақтығы – 148 мин. 18.30 (күнде) 18 жасқа дейінгі адамдарға рұқсат етілмейді	Табиғат патшасы Сеанстың ұзақтығы – 117 мин. 14.35 (Дс-Жм) 18.50 (тек Сб. Жк.) Жас ерекшелігіне шек қойылмайды

### Сұрақ 1: КИНОҒА БАРУ

Мақсаттың өз достары мен кинотеатрдан алған ақпараттарды ескере отырып, Мақсат өз достарымен бірге мына алты фильмдердің қайсысын көре алады?

Әр фильм үшін «Иә» немесе «Жоқ» сөздерін айналдыра сызыңдар.

фильм	Бұл фильмді үш бала бірге көре алады ма?
Тордағы балалар	Иә / Жоқ
Тұңғиықтағы құбыжық	Иә / Жоқ
Жыртқыш	Иә / Жоқ
Покемон	Иә / Жоқ
Энигма	Иә / Жоқ
Табиғат патшасы	Иә / Жоқ

### Сұрақ 2: КИНОҒА БАРУ

Егер бұл үш бала да «Тордағы балалар» фильмін көруді шешсе, онда оларға қай күні баруға жарайды?

А В С D E

26 наурыз, дүйсенбі күні

28 наурыз, сәрсенбі күні

30 наурыз, жұма күні


31 наурыз, сенбі күні

1 сәуір, жексенбі күні

«Жеті атасын білген ұл жеті жұртқа жөн айтар»

Халық даналығы

### 1. Сурет не жайлы?



- А) Жеті атаны тарату
- Ә) Әскерлер
- Б) Ақылдастар алқасы

### Жеті атаны тарату

Қазақ халқы ерте кезден-ақ жеті санында сиқырлық күш бар деп санаса, оны киелі, қасиетті деп ұғатын да ұлттар бар. Біздің ата-бабаларымыз да жеті санын қастерлеп, бірқатар таным-түсінігі

мен табиғат құбылыстарын, аспан денелері мен заң, жүйелерді жеті санымен атайды. Аллаһ Тағаладан пенделеріне түскен қасиетті кітаптардың бірі – Тауратта жеті саны 500 рет қайталанады.

Қазақтардың таным - түсінігінде Жеті ата. Бұл – қазақ халқының дәстүрлі салт-сана-сында адамның ата жағынан тегін таратудың нақты жүйесі. Әрбір қазақ баласы өзінен бастап жеті атасының аты-жөнін білуге міндетті. Мұны әке-шешесі, ата-әжесі үйретіп, жаттатуға тиіс.

Өйткені қазақта жеті атаға дейін қыз алыспайды, оған дейінгі ұрпақ бір атаның баласы – туыс саналады. Жеті аталық ұстаным әрбір қазақтың, бүкіл халықтың бабалар рухы алдында іштей жауапкершілік сезімін оятатын күшке ие. **«Жеті қазына» кітабы 2001ж.)**.

## 2. Топтастырыңыз: Әке. Баба. Түп ата. Ата. Тек ата. Бала. Үлкен ата.

Сәйкестендіріңіз:

Сұрақтары	Жауаптары
1. Мәтін мазмұны бойынша реттілікпен орналастырыңыз 1. 2. 3.	А) Қазақ халқының дәстүрлі салт-санасында адамның ата жағынан тегін таратудың нақты жүйесі Ә) Тауратта жеті саны 500 рет қайталанады. Б) Жеті санын қастерлеген
2. Ата-бабамыз жеті санына неге сенген? (Дұрыс жауаптарды белгілеңіз) 1. 2.	А) табиғат құбылыстарын, аспан денелері мен заң, жүйелерді жеті санымен атайды Ә) Әрбір балаға жеті атаны білу міндетті емес Б) жеті атасының аты-жөнін білуге міндетті.

## 4. Төменнен жоғары қарай атағанда ата тек қалай жалғасады, ретімен орналастырыңыз:

Берілгені: әке, шөпшек, немене, туажат, жұрағат, жат -жұрағат, жегжат, жамағайын, немере, бала жүрежат, шөбере, ата

Оқу сауаттылықты бағалауға арналған тапсырмаларды бағалау критерийлері:

1. суретке жауап толық қабылданады – 1 балл.

**Жауабы: “Жеті атаны тарату” мәтіні**

2. Топтастырыңыз тапсырмасы бойынша:

жауап толық қабылданады – 3 балл

**Жауабы:**

**1. Бала. 2. Әке. 3. Ата. 4. Үлкен ата. 5. Баба. 6. Түп ата. 7. Тек ата.**

3. Сәйкестендіру тапсырмасы бойынша:

3 сұраққа жауап толық қабылданады – 1 балл.

**1. Жауап: 1-Б, 2-Ә, 3-А**

**2. 1- А, 2- Б**

- Жауап қабылданбайды – 0 балл.

4. сұраққа жауап толық қабылданады – 4 балл.

**жауап: ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, жүрежат, туажат, жұрағат, жат -жұрағат, жегжат, жамағайын**

Жауабы: Қазақтар негізінен жеті атаны былайша таратады:

1. Бала. 2. Әке. 3. Ата. 4. Үлкен ата. 5. Баба. 6. Түп ата. 7. Тек ата.

2. Сондай-ақ, адамдар атасынан төмен қарай атағанда былайша ататек жалғасады: ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене. Мұнан соң туыстың атаулар әрі қарай: жүрежат, туажат, жұрағат, жат жұрағат, жегжат, жамағайын

«Шахтинск қаласы әкімдігінің

№5 гимназиясы»КММ

Саттыбаева Гульсара Толеутаевна

Әр сұрақты мұқият оқып, оған мүмкіндігінше дұрыс жауап беруге тырысыңдар.

Тапсырмаларды орындауға тек оқытушының рұқсатымен ғана кірісуге болады.

Кейбір сұрақтарға әріптермен белгіленген төрт немесе одан көп жауаптардың нұсқасы беріледі. Бұл сұрақтарға жауап бере отырып, сендердің пікірлерің бойынша дұрыс жауапты

белгілейтін әріпті айналдыра сызыңдар. Егер сендер жауаптарыңа сенімді болсаңдар, онда сендерге бәрінен де дұрыс болып көрінетін жауапты белгілеп, келесі тапсырманы орындауға көшіңдер. Дәптерде тапсырманың мазмұнына сәйкес жауап жазу, берілген жауапты негіздеу немесе түсіндіру немесе осы мәселенің толық шешуін келтіру қажет болатын басқа типті тапсырмалар бар. Бұл тапсырмалардың жауабы ерікті түрде жазылады. Тапсырманы орындауды бағалау, берілген материалды түсінулеріңді және ойлау қабілеттеріңді қалай көрсеткендеріңе байланысты болады. Сендерге мұндай тапсырманың жауабын бұл үшін арнайы берілген жолдарға жазу керек. Жолдар саны жауаптарың ұзақтығы бойынша шамамен қандай болатынын көрсетеді.

### Қазақ халқының ұлттық тағамдары

Қазақ- өте қонақжай халық, ол ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуда. Қазақ халқы асты өте жоғары бағалаған, әрі қастерлей білген. «Ас –адамның арқауы», «Жаман ауруға-жақсы ас»,- деп халық тегін айтпаған. Қазақ халқы дастарқанына көбінесе ұннан, сүттен, еттен жасалған тағамдар қояды. Қазақ халқы еттен түрлі тағамдар жасаған. Ет тағамдары: қазақша ет, шұжық, қазы, қарта, қуырдақ, сүр ет т.б Сүт тағамдарын халық бір сөзбен «ақ» деп атайды. Сүт тағамдарының қоректік қасиеті мол, әрі денсаулыққа пайдалы. Сүттен қымыз, шұбат, қатық, май, ірімшік, құрт, сүзбе, қаймақ, айран, уыз сияқты тағамдар жасаған. Ұннан жасалатын тағамдар: бауырсақ, шелпек, құймақ, таба нан, жайма, күлше т.б Бұл тағамдардың барлығын ысырап етпей пайдалана білген жөн.

#### Мәтін бойынша тапсырмалар:

##### 1- Тапсырма.

Сүт тағамдарын табыңыз.

- А) бесбармақ, қазы-қарта, айран
- Ә) ірімшік, май, қаймақ
- Б) қатық, құрт, шұжық

Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.

- Сүт тағамдарының .....қасиеті мол, әрі денсаулыққа .....
- А) қоректік, пайдалы
  - Ә) бағалаған, білген
  - Б) қастерлей, қонақжай

2- Тағамға байланысты тыйым сөздерді жазыңыз.

3- **тапсырма.** Төмендегі суреттерге қарап, оларды қазақ халқының ұлттық тағамдарымен қалай байланыстырар едіңіз?



##### 4- тапсырма.

Мына мақал-мәтелдерге түсінік беріңіз.

«Түскенше қонақ ұялады, түскен соң, үй иесі ұялады»	
«Асың барда ел таны беріп жүріп, атың барда жер таны желіп жүріп»	
«Қонақ таңдап қонады»	
«Адам болар бала қонаққа үйір»	

5- **Тапсырма.** «Жаман ауруға-жақсы ас» -деген мақалдың мәні неде? Өз пікіріңізді жазыңыз.

#### Ана тілі-жүрек үні.

Әр халықтың өзінің ана тілі бар. Тіл – жеке адам ойлап тапқан туынды емес, ол барша ұлтқа ортақ, соның төл перзенті. Сол халықтың мәдени әлеуметтік өмірінде өзіндік мәні бар киелі ұғым.

Тіл – атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Демек, әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарлануының қандайына болса, да қарсы тұруы тиіс. Тіл – еліміздің іргетасы. Тіл құдіреті - ерекше. Оның бітпесті бітіретін, жетпесті жеткізетін, үзілгенді жалғайтын мүмкіндігі бар.

Тіл – қай ұлтта, қай елде болсада қастерлі, құдыретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Ана тілі – ең басты байлығымыз. Ана тілі - ең ұлы, тамаша тіл. Менің ана тілім - қазақ тілі. Қазақ тілі - мемлекеттік тіл. Бұл - ауыр тіл, бірақ әрбір құрметті азаматқа оны білу керек.

Тіл - ұлттың жаны. Ал ұлттың болашағы - оның ана тілі. Тіл - халықпен бірге өмір сүріп дамиды, әр ұлттың тілі - оның бақыты мен тірегі.

#### **Мәтін бойынша тапсырмалар:**

##### **1- Тапсырма.**

Мемлекеттік тіл қай тіл?

А) қазақ тілі

Ә) орыс тілі

Б) өзбек тілі

Дұрыс құрастырылған сөйлемді белгілеңіз.

А) Менің ана тілің

Ә) Менің ана тіліңіз

Б) Менің ана тілім

##### **2- Тапсырма.** Берілген сөздердің анықтамасын жазыңыз.

Мәртебе \_\_\_\_\_

Заң \_\_\_\_\_

Тіл \_\_\_\_\_

Ресми \_\_\_\_\_

##### **3- Тапсырма.** Мәтіннің тақырыбына байланысты бірнеше мақал-мәтелдер жазыңыз.

---

##### **4- Тапсырма.** Төмендегі сөз тіркестерін қолдана отырып, сөйлем құраңыз.

Тіл алғыш бала

Білімді адам

Басты байлық

Мемлекеттік мәртебе

**5- Тапсырма.** Қазақ тілін еркін меңгерген кісіге туыстас қай тілдерді меңгеру қиынға соқпайтынын жазып шығыңыз.

**6- Тапсырма.** Ана тілінің қадір-қасиетін біле білген халқымыз оны ұлттың рухына, қазына байлығына балайды. Себебі не? Өз ойыңызды жазыңыз.

---

#### **Қазақстан спорты**

Қазақстан- ежелден спорттық дәстүрі бар ел. 1950-1960 жылдары желден жүйрік желаяқтар Ғ. Қосанов, Қ. Тұяқов, боксшы Қ. Нұрмаханов, палуан Қ. Айханов есімдері дүркіреп тұрды. 1980 жылғы Мәскеу олимпиадасында қазақтар арасынан тұңғыш рет

Ж. Үшкемпіров Олимпиада чемпионы болса, ал боксшы С. Қонақбаев күміс медальды жеңіп алды. Гимнастшылар Н. Ким мен еркін жаттығуларда үштік сальтоны әлемде жалғыз рет орындаған В. Люкин чемпион атағын алды.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін олимпиадалық қозғалыстарды одан әрі өркендету үшін Ұлттық олимпиадалық комитет құрылды. 1996 жылы Атланта қаласында болған Олимпиадада палуан Ю. Мельниченко, боксшы В. Жиров чемпион атақтарын жеңіп алды.

Қазақстандықтар 2000 жылы Австралияның Сидней қаласында өткен Олимпиадада тағы бір саты жоғарылап, боксшылар Б. Саттарханов, Е. Ибраимов, желаяқ О. Шишигина чемпион болса, боксшы М. Ділдәбеков күміс медальды иеленді.

#### **Мәтін бойынша тапсырмалар:**

##### **1- Тапсырма.**

2000 жылы олимпиада қай қалада өтті?

А) Сидней

Атақты гимнастшыларды белгілеңіз.

А) Б. Саттарханов, Е. Ибраимов

Ә) Москва

Б) Берлин


Ә) М. Ділдәбеков, С. Қонақбаев

Б) Н. Ким, В. Люкин

2- **Тапсырма.** Төменде берілген анықтамаларға спорт түрлерін жазыңыз.

1. Негізгі құралы доп болып саналатын спорт түрі-	
2. Мұз бетінде арнайы дайындалған құралмен сырғанау түрі-	
3. Қысқы спорт түрі-	
4. Екі адамның жекпе-жегі түріндегі спорт түрі-	
5. Штанганы жоғары көтеру бойынша жаттығулардың орындалуы-	

3- **Тапсырма.** Суретте берілген адамдардың кім екенін анықтаңыз.



4- **Тапсырма.** Өз пікіріңді білдір. Қазақ халқының ұлттық ойындары неге тәрбиелейді?

5- Қазіргі жастар үшін спорттың қаншалықты пайдалы екендігі туралы өз ойыңызды жазыңыз.

### Саяхат және көрікті жерлер

Қазақстанда көптеген көрікті жерлер бар. Ақсу-Жабағылы, Көлсай, Сайрам-Ұғам (өгем) мемлекеттік ұлттық саябағы, Қорғалжын қорығы, сексен көлдің саясындағы

Көкшетау және Арыстанбаб, Айша бибі, Қожа Ахмет Иассауи сияқты тарихи орындарға, көрікті жерлерге көптеген туристер саяхат жасайды.

Елімізде шипалы су шығатын әрі емдік балшығы бар табиғаты ғажап әдемі жерлер көп. Мұндай шипалы су, емдік балшығы бар, табиғаты көрікті жерлерде емдеу – сауықтыру, демалыс үйлері салынған. Демалыс үйлері, туристік базалар, санаторийлер орналасқан жерлерді география тілінде рекреациялық аудандар деп атайды.

Қазақ жерінде табиғи емдік қасиеті бар жерлер туралы алғашқы мәліметтер XIX ғасырдың орта кезінде мәлім бола бастайды. 1920-1925 жылдар аралығында Бурабай, Мойылды, Ауыл, Сер, Рахман бұлақтары, Шымған, Жаңақорған шипажайлары ашылды. Қазір Республикамызда 120-дан астам шипажай, санаторий, демалыс үйлері бар.

#### Мәтін бойынша тапсырмалар:

##### 1- Тапсырма:

Мәтіндегі қатыстық сын есімдерді белгілеңіз

Мәтіндегі жалқы зат есімдерді белгілеңіз

А) шипалы, емдік, табиғи

Ә) шипажай, мәлім, демалыс

Б) балшық, ғажап, саяси

А) Бурабай. Демалыс үйлер. Жаңақорған.

Ә) Арыстанбаб. Айша бибі. Қожа Ахмет Иассауи.

Б) Мойылды. Ауыл. Сер. Ұлттық саябақ.

**2 -тапсырма:** Мәтінді оқып төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз!

1. Қазақстандағы көрікті жерлерді атаңыз.

2. Қазақстандағы көрікті жерлер туралы алғашқы мәліметтер қашан белгілі болды?

3. Қазақстанның алғашқы шипажайлары қашан ашылды?

**3-тапсырма.** Сіз үшін мәтіндегі ең маңызды үш нәрсені көрсетіңіз.

#### 4- тапсырма:

«Табиғатсыз өмір жоқ. Табиғатқа келтірген зиян - өзімізге жасаған қастандық».- деген мақалды өз сөзіңізбен түсіндіріп беріңіз.

5-**Тапсырма:** Екі мемлекеттің қорықтарын салыстыр. Сөйлеміңізде қатыстық сын есімдерді қолданыңыз.

Қазақстандағы «Марқакөл» Ресейдің «Имандра» қорығы мемлекеттік табиғи қорығы



### Тәрбиенің арқауы – әдептілік

Адамдық тәрбиенің алтын арқауы да, халық педагогикасының қайнар бастауы да - әдептілік. Ұл-қызына көрсетер инабатты үлгісі жоқ, әдебі жоқ халық болмайды.

Әдептілікке бас имеген, әдептіліктен нәр алмаған салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты ешбір халық жасамапты. Әрине, «әркімнің өзіне лайық үлгісі бар, ол біреуге - тар, біреуге кең келеді» дегендей, әр ұлттың өз ерекшелігі бар. Әрбір ұлттың дүниетанымы сол халықтың өмір өзегінен, тұрмыс-тіршілігінен туындаған. Өресі биік, өрісі кең халықтың салт-дәстүрі салауатты, өнеге-тәлімі өрелі болады. Құдайға шүкір, қазақ халқының рухани болмыс-бітімі, адами қасиеттері, этикалық қағидалары көзін тауып, ретін келтіріп қолданса, бүгінгі күннің талай кем-кетігін толтырары сөзсіз. Тегінде, қазақ деген халық тамыры тереңге кеткен алып бәйтерек секілді, шайқалса да, құламайды. Халықтың зердесінде, тарихында, рухани мұрасында небір інжу-маржан жатыр. Сол асыл қазыналарымыздың қасиетін, мән-мағынасын ұрпағымыздың бойына жұғысты етіп, ертеңгі күнге жалғастыра ұқтырсақ, ұл-қыздарымыздың келешегі де жарқын болар еді.

#### Мәтін бойынша тапсырмалар.

**1-тапсырма. Мәтіннің қай тұсында автор әдептілікті:**

а. бағалайды

---

ә. салыстырады

---

б. насихаттайды

---

**2-тапсырма. Қазақтың тыйым сөздері туралы не білесіз?**

---

**3-тапсырма. Мына суреттерге байланысты тыйым сөздерді жазыңыз.**




---

**4-тапсырма. Ырымдарға сенесіз бе? Өз пікіріңді дәлелдеп жазыңыз.**

---

**5-тапсырма. Мына сөздердің синонимдерін жазыңыз.**

- 1 әдептілік
- 2 арқау
- 3 инабатты
- 4 кем-кетігін



## Дүниеге көрік берген, шырайлы жыл басы – Наурыз


Наурыз - Жаңа жылдың басы. Бұл күн, яғни наурыз айының 21-нен 22-не қараған түні - аспан денелері өздерінің бастапқы нүктелеріне келіп, күн мен түн теңеледі.

Сондықтан халық санасында ол - Әз Наурыз деп аталады. Бұл күн - сонымен қатар жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағы. Осы күннен бастап Жаңа жыл басталады. Адамның аузы аққа, малдың аузы көкке тие бастайды. Наурыз күні наурыз көже пісіріледі. Әр үйдің дастарханына ақтан (сүт тағамдары), көк ырыстан (дән тағамдары мен жеміс-жидектер) және қызылдан (еттен жасалатын тағамдар) жеті түрлі дәм қойылады. Ұлыс - жақсы тілектер күні. Араздасқандар төс қағысып, татуласады. Бұл күнгі қайын ата мен келін, күйеу бала мен қайын ата арасындағы әзіл де жарасымды. Жастар алтыбақан құрып, тойдың сәнін кіргізеді. Бойжеткендер соғымның соңғы етін уызға салып пісіріп, ұнатқан жігіттеріне тартады. Бұл салт қазақта «ұйқыашар» деп аталады. Ұйқыашардың қарымтасына жігіттер «селтеткізер» рәсімін жасайды. Яғни қалауынша бойжеткенге айна, тарақ, әтір суын сыйлайды. Айна - пәктіктің, жастықтың, тарақ - әдемілік пен сұлулықтың, ал иіссу - жаңа бүршігін жарған жауқазындай құлпыр деген белгі.

**2-тапсырма. Мәтінде кездескен салт-дәстүрлерді теріп жазыңыз.**

**3-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойыңыз.**

Бұл ..... қазақта «ұйқыашар» аталады. Ұйқыашардың қарымтасына жігіттер «.....» рәсімін жасайды. Яғни қалауынша ....., ....., ..... суын сыйлайды. Айна - ....., жастықтың, ..... - әдемілік пен ....., ал ..... жаңа бүршігін жарған ..... құлпыр деген белгі.



### Қазақ отбасы

Отбасы – келешек ұрпақ. Онда сүйіспеншілік, татулық, сенім қалыптасады. Мемлекетіміздің негізгі міндеті – отбасыны қамқорлыққа алу. Әрбір баланың туған анасы, туған әкесі болады. Сенің әкең де – сенің атаң мен әжеңнің баласы. Сенің анаң да – нағашы атаң мен нағашы әжеңнің қызы. Ұл мен қыз үшін ата-анадан асқан адам жоқ, сондықтан балалар ата-анаға өмір бойы қарыздар. Ана – ошақ сақтаушысы. Ол бала тәрбиелейді, отбасын тамақтандырады, үйді таза ұстайды. Әке – отбасының тірегі, сондықтан ол отбасын қаржымен қамтамасыз етеді. Бала – ата-анадан туған ұрпақтар, олар ұл, қыз деп аталады. Баласы бар үй бақытты үй деп саналады.

Ұл – шаңырақ иесі, ұрпақ жалғастырушы. Қыз – басқа елдің болашақ келіні, болашақ иесі, сондықтан «қыз – қонақ» деп туған-туыстары аялап, мәпелеп өсірген. Аға, әпке, қарындас, сіңлі – бір әке-шешеден туған балалар, үлкен болса – аға, кіші болса – іні, үлкен қыз – әпке, кіші болса – қарындас, қыздар үшін сіңлі болады. Жеңге – ағаның әйелі. Ол жасы үлкендер үшін – келін, жасы кішілер үшін – жеңге, жеңеше. Немере – ұлдың баласы. Немере ата-әже үшін өте ыстық болады. Шөбере – немеренің баласы. Оның ата-ана үшін орны ерекше. Жиен – қыздан туған бала. Қазақ отбасында үлкенді сыйлайды, олардың айтқандарын есте сақтайды, үлкен кішіге ақылшы, қамқоршы, ал кіші көмекші болады.

**Мәтін бойынша тапсырмалар.**

**1-тапсырма. Берілген сөздер мен сөз тіркестерін қолдана отырып, сұраққа толық жауап бер.**

**а) Отбасының басты қызметі қандай?**

Тәрбие, қызметі, отбасы, басты, бала

**в) Отан неден басталады?**



Басталады, отбасы, Отан

**с) Отбасын кімдер құрайды?**

Ата, әже, апа, әке, ана, аға, қарындас, әпке, сіңлі, іні.

**d) Ұл мен қызды жасына қарай қалай атайды?**

Қарындас, әпке, сіңлі, аға, іні.

**2- Тапсырма.**

Туыстық атауларды сәйкестендір.

ана	әкесінің әкесі
әже	өзінен жасы кіші ер адам
әке	бір атадан өрбіген туыстас адамдар
аға	аталас ағайын жұрт
іні	жасы өзінен үлкен ер адам
бауыр	отағасы
жамағайын	әкесінің шешесі
ата	перзент сүйген әйел (шеше)
ұзатылған қыздан туған бала.	әйелінің әпке-сіңілілерінің күйеуі.
қарындас	қайын інінің әйелі
бажа	ер адамдардан жасы кіші әйел
ажын	жиен
абысын	туысқан адамдардың қыздарынан туған бала
бөле	қайын ағаның әйелі
төркін	тұрмысқа шыққан қыздардың ата-ана, ел-жұрты
жиеншар	жиеннен туған бала

**3- тапсырма:**

**Қазақтың қонақжайлығын дәлелдейтін мақалдарды еске түсір:**

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_
4. \_\_\_\_\_
5. \_\_\_\_\_

**4- тапсырма:**

**«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деген нақыл сөзді қалай түсінесің?**

**Чипстер кішкентай балалардың ойлау қабілетінің өсуін төмендетеді**

Бристоль университетінің ғалымдары 3-4 жастағы чипс жеген балалардың көбісі шамадан тыс семіру мен ойлау қабілетінің төмендеуіне ұшырайды деп хабарлайды Tornews.ru. Осы зереттеу бойынша, чипстің құрамындағы майдың құнарлылығы атап өткен жастағы балалардың мидың жұмыс істеу қабілетін бұзатындығын анықтайды, сонымен қатар, олардың мида сақтау қабілеті, назары және шығармашылық қабілеті төмендейді. Чипстің құрамындағы ең зиянды химиялық зат деп ғалымдар акриламидті атап көрсетті. Германияның бұрынғы ғалымдарының айтуы бойынша чипс қабылдаушыларды бейімделуге, яғни оның есірткіге бейімделуге ұқсайтындығын атап көрсетті. Олардың ойы бойынша, майлылық пен көмірсуларға бай тағам мидағы ләззат алу орталығына әсер етеді де, нәтижесінде калорияға бай азықтарды қоректенуге әсер етеді.

**Мәтін бойынша тапсырмалар:**

**1- Тапсырма: Мәтін мазмұнына сай нұсқаны көрсетіңіз**

- A Денсаулық туралы
- B. Өнер-білім туралы
- C. Тәлім-тәрбие туралы
- D. Еңбекқорлық туралы

**Чипстің құрамындағы ең зиянды химиялық зат деп ғалымдар қай затты атап көрсетті.**

- A. аспартам (E951)
- B. акриламидті
- C. кофеиннен
- D. колория

**2- Тапсырма:**

**Сөйлемдерді мәтін мазмұнына қарай ретімен нөмірле.**

Олардың ойы бойынша, майлылық пен көмірсуларға бай тағам мидағы ләззат алу орталығына әсер етеді де, нәтижесінде калорияға бай азықтарды қоректенуге әсер етеді.	
Осы зереттеу бойынша, чипстің құрамындағы майдың құнарлылығы атап өткен жастағы балалардың мидың жұмыс істеу қабілетін бұзатындығын анықтайды, сонымен қатар олардың мида сақтау қабілеті, назары және шығармашылық қабілеті төмендейді.	
Бристоль университетінің ғалымдары 3-4 жастағы чипс жеген балалардың көбісі шамадан тыс семіру мен ойлау қабілетінің төмендеуіне ұшырайды деп хабарлайды Topnews.ru.	
Чипстің құрамындағы ең зиянды химиялық зат деп ғалымдар акриламидті атап көрсетті.	
Германияның бұрынғы ғалымдарының айтуы бойынша чипс қабылдаушыларды бейімделуге, яғни оның есірткіге бейімделуге ұқсайтындығын атап көрсетті.	

**3- Тапсырма:**

Адам ағзасына тағы қандай зиянды тағамдарды білесің?

**4- Тапсырма:**

«Кока-кола» сусыны неге зиян екенін түсіндіріңіз.

**Мамандықтар**

Интернет басылымдары әлемдегі ең қызық мамандықтардың тізімін жасапты. Соларды назарларыңызға ұсынып отырмыз. Токиода бір мамандық түрі пайда болыпты. Ол – қарапайым әңгімелесуші. Миллиондаған халқы бар үлкен қалада жалғызсырап жүрген кезкелген адам әңгімелесушінің көмегіне жүгіне алады. Бұл үшін кісі көп шоғырланған көшелерде арнайы дүңгіршектер орнатылған. Кәсіби әңгімешілер аптасына 10 мыңға жуық адамның сырына қанығады екен. Ал Жапонияда жазушылардың беделі басым. Өздерін райтер деп атайтын бұлардың қарапайым жазушыдан айырмашылығы – SMS-хаттар дайындайтындығында. Ұялы байланыс операторларының айтуынша, жапондықтар күніне бір-біріне 2 млрд-қа жуық хабарлама жібереді екен. Ал жазғыштар ерекше хат үшін 1 цент «қаламақы» сұрайтын көрінеді. Күнесті мемлекетінде тағы бір қызмет түрі пайда болды. Қытайдың кез келген қаласынан қоғамдық дәретханалар гидін кездестіруге болады. Бірақ гидтің жол нұсқағаны үшін 4 цент төлеуіңіз тура келеді. Әрбір ағылшын өмірінің бір жылын кезекке тұрумен өткізеді екен. Енді олардың 40 доллар төлеп, алтын уақытын тиімді жұмсауға мүмкіндігі бар. Британияда ашылған жаңа мекеме кезекке тұрумен айналысады.

**1-тапсырма. Екінші бағанға жауаптарын жазыңыз.**

1. Кәсіби әңгімешілер аптасына неше мыңға жуық адамның сырына қанығады?
2. Ұялы байланыс операторларының айтуынша, жапондықтар күніне неше хабарлама жібереді?
3. «Райтер» деп кімді айтамыз?
4. Қай ел өздерінің бір жылын кезекке тұрумен өткізеді?

**2-тапсырма. «Иә», «Жоқ» жауабын жазыңыздар**

Сұрақтар	Иә	Жоқ
1. Бұл мәтінде жаңа мамандықтар туралы айтылған.		
Миллиондаған халқы бар ел - Жапония		
Райтерлер деп әңгімешілерді айтамыз.		
Қытайды Күнасты мемлекет дейміз.		
Британия - кезекке тұрумен айналысатын мемлекет		

**3-тапсырма. Бұл мамандықтар біздің өмірімізге қажет пе? Өз пікірлеріңді жазыңыздар**

**Жастар және ғаламтор**



XXI ғасырдың алғашқы он жылы ішінде ғана дүние жүзіндегі ғаламторға қосылғанадам саны 350 миллионнан 2 миллиардқа дейін өсті. Ал ұялы телефон байланысын 47 пайдаланатын адам саны осы аралықта 750 миллион адамнан 5 миллиардқа жетті. Қазір бұл көрсеткіш 6 миллиардқа тең. Егер технология осы қарқынмен дами беретін болса, алдағы 5-10 жылдың ішінде жер бетіндегі 8 миллиард халықтың ғаламтормен толықтай қамтылатыны анық.

Байланыс әлдеқайда қолжетімді, ал жылдамдық аса жоғары болатыны да сөзсіз. Көп ұзамай-ақ, ғаламтор ең шалғай ауылдар мен елді мекендерді қамтып, миллиондаған адамдардың қолына дәстүрлі телефоннан бұрын жетеді. Мұның барлығы әрбір жеке адамның және жалпы қоғамның әлдеқайда тиімді әрі өнімді жұмыс істеуіне, интеллектуалдық және шығармашылық мүмкіндіктерді шексіз кеңейтуге мүмкіндік береді. Википедия атты ғаламдық ашық энциклопедия 285 тілде жұмыс істейді. «Ол кім? Бұл не?» деген сұрақтарға жауап беретін, барлық тілдегі мақала саны 37 миллионнан асады. Қазіргі ең танымал аударма құралы болып табылатын «Гугл аудармашы» қызметі 64 тілді қамтиды. Тізімдегі 64 тілдің арасында емін-еркін, тегін аударма жасалады. Соның арқасында жекелеген сөз, сөз тіркесі, сөйлем ғана емес, бүтіндей мақала мен кітаптар немесе веб-сайттарды әп-сәтте аударып оқуға болады. Қоғамдық бастама ретінде тіл жанашырларына үндеу тастау арқылы екі жыл ішінде ғаламдық энциклопедиядағы қазақ тіліндегі мақала саны 7 мыңнан 200 мыңға дейін өсті. Соның арқасында аталған энциклопедияның ай сайынғы қазақша қаралатын бет саны 200 мыңнан 10 миллионға дейін жетіп, тілдер санатында ана тіліміз 127-орыннан 29-орынға дейін көтерілді. Яғни, қазақтілді ақпарат пен мазмұнға деген сұраныс өте жоғары.

**1-тапсырма. Шашылған сөздерден мағыналы сөйлемдер құрастырыңыз.**

- энциклопедия Википедия 285 ашық жұмыс істейді атты ғаламдық тілде.
2. қазіргі аударма ең танымал қамтиды құралы болып табылатын қызметі 64 тілді гугл аудармашы
- 64 тізімдегі тілдің емін еркін арасында жасалады тегін аударма.
- 5 миллиардқа адам ұялы телефон 750, ал миллион пайдаланатын саны осы аралықта адамнан жетті байланысын.

**2-тапсырма. Берілген сөздердің қай сөз табына жататынын анықтап, кестені толтырыңыз.**

Емін-еркін, бұл, көрсеткіш, әп-сәтте, үндеу, сұраныс, оқуға болады, мақала, 5-10, кім?, ғана, яғни, елді мекендер, ғаламдық, дәстүрлі, ақпарат, мазмұны, жекелеген.

Зат есім	Сын есім	Сан есім	Етістік	Есімдік	Үстеу	Шылау

## ӘЛ-ФАРАБИ ДОСТЫҚ ТУРАЛЫ

Достықтың екі түрі болады. Оның бірі – адал дос та, екіншісі – айнымалы дос. Адал досқа үнемі зор ілтипатпен қарап, одан айырылып қалмау жағын көздеген дұрыс, адамдар бір-біріне жақсылық, өзара қамқорлық жасауы қажет. Жақсы достың сенімін ақтаған абзал. Осындай достар ащы-тұшыны бірдей татысып, нені болса да бірдей көретін болады.

Жалған досқа адам өзінің құпиясын, мінез-құлқындағы кемшілігін айта берудің қажеті жоқ. Осындай жалған достары адал жолға түсіру үшін қажымай-талмай жұмыс жүргізген ғанибет. Бір-біріне жау адамдардың да екі түрі болады. Бірі – өшпенділігі мол, жаулығы басынан асқан адамдар да, екіншісі – көре алмаушылықтан жауығатындар. Бұлардың біріншісінен ерекше сақ болып, олардың ой пікірін үнемі қадағалап, біліп жүру, осындай адамдардың арам ниетін біліп қана қоймай, тиісті жерінде аямай әшкерелеу қажет.

Бейтарап адамдардың да жолдастық, достық жөніндегі ұғымдары мардымсыз болады. Бұлардың өшпенділікпен жұмысы жоқ, кейде дұрыс ақыл-кеңес беретіндері де кездеседі.

Бірақ, олардың айтқан пікіріне сын көзбен қараған дұрыс. Бейтарап адамдардың адалдығына көз жеткенше оларға дос адамдай беріліп кетуге болмайды. Жақсы ой-тілектегілері араз адамдарды татуластыруға, олардың арасында қарым-қатынасты қайта орнатуға жәрдемін тигізеді. Сондықтан бұларға көңіл бөліп, іс-әрекетіне демеу беріп отыру қажет. Ақымақ адамдарды да асқан төзімділікпен тәрбиелеп, байыптылықпен қарым-қатынас жасап отырған абзал.

М.Төрежанов

### Мәтін бойынша тапсырмалар.

1. Мәтіннің негізгі идеясы қандай?

А. Достық

Б. Сенім.

В. Жақсылық

1. Мәтіннен антоним, синоним бола алатын сөздерді тауып жаз.

2. Жау адамдардың қай түрінен сақ болу керек деп ойлайсың?

3. «Шын достық» туралы ойыңды берілген кестеге жазып білдір.

Не білемін	
Не білдім	
Не білгім келеді	

4. «Адамдар арасындағы достық» туралы қандай пайдалы кеңестер бере алар едің? Ойыңды бұйрық райда жаз.

### Сараңдық пен жинақтылық

Бірнеше тәуір кісілер бір жетім-жесір қалған үйдің балаларына жылу жиямыз деп, әр үйге қыдырып барып, жүріп бір байдың үйіне келсе, бай жұмыскеріне бір кішкентай жіпті жаңбырда ұмытып, далада қалдырыпсың деп, қатты ұрысып тұр екен. Ұрысып тұрып айтады:

-Сен білмейсің, ол кішкентай ғана жіп те болса, малға сатып алынған нәрсе, малдың табылуы оңай емес, -деп.

Мұны естіп, көріп, әлгі жолаушылар өзді-өзі сөйлесті: «Бір жаман жіпті далада ұмытып қалдырдың деп сонша кейіп тұрған адам бізге еш нәрсе бере қоймас, аузымызды ауыртпай, келген ізімізден қайталық». Ішінде біреуі айтты:

-Неміз кетіп барады, келген соң бұған да айтып кетелік.

Бұл сөзбен байға келіп, сәлеп берді. Бай бұларды әдеппен үйіне кіргізді. Сонан соң келгендердің жұмысын естіп, сол жердің өзінде, бөтендерге қарағанда, екі есе артық ақша жылу берді және мұнан басқа төрт-бес қап астық беремін деп уәде етті. Мұнысын көріп, жолаушылар таңданып отырды да, өздерінің далада байды сараңға қойғандарын айтысты. Сонда бай айтты:

-Аз нәрсені азсынбай, қадірін біліп жинағаннан осындай кем-кетікке жәрдем беруге қолым жетісті, жинақтылық-сараңдыққа қосылмайды, -дейді.

155 сөз. (Ы.Алтынсарин)

### Мәтін бойынша тапсырмалар.

1.«Жылу жинаудың» мағынасы не?

А. Байлықты шешу

Б. Мұқтаж адамдарға көмектесу

В. Жылы сөйлеу

Байдың қандай қасиетін көруге болады?

А. Сарандық

Б. Қатыгездік

В. Жомарттық

1. Мәтіннен тұрақты тіркестерді табыңыз. \_\_\_\_\_

2. «Жылу жинау» дәстүр ме, ырым ба? \_\_\_\_\_

3. Аз нәрсені азсынбай, қадірін біліп жинағаннан осындай кем-кетікке жәрдем беруге қолым жетісті; жинақтылық-сараңдыққа қосылмайды- деген ойды өз сөзіңмен жалғастыр.

### «Жеті санының қасиеті

**Жеті** – ең ерекше сандардың бірі. Неге екені белгісіз, тұла бойы ашылмаған құпияға толы сынды. Әлем халықтары оны қасиетті, тылсым, таңғажайып, бақыт пен сәттілік әкелетін сан деп баға береді. **Дінде** де жеті санының орны ерекше. Мәселен, Аллаһ Тағаладан пенделеріне түскен қасиетті кітаптардың бірі – Тауратта жеті саны **500 рет қайталанады**. Ислам дәстүрінде жұмақтың жеті қақпасы, тозақтың жеті баспалдағы, Қағбаны жеті рет айналу деген ұғымдар бар болса, христиандарда жеті – **жаратылыстың нышаны** болып саналады.

Жеті жазба, жеті ашу, жеті шырақ, жеті басты дәу, жеті нота, жеті батыр, аптаның жеті күні, жеті жел, жеті қат жердің асты, жеті таудың арғы жағы, жеті, жеті, жеті...

Соның бірі **өлімге себепкер болатын жеті күнә**: тамақсаулық, жалқаулық, нәпсіқұмарлық, өркөкіректік, ашу, қызғаншақтық және сараңдық. Теолог Фома Аквинский күнәһарларға ауыр жаза берілетін күнәлардың ішіндегі ең негізгілерін талдап, түсіндіріп жазып шыққан.

Ал сіз жеті саны туралы не білесіз?

### Мәтін бойынша тапсырмалар.

1. Әлем халықтары 7 санын қалай бағалаған?

А. қасиетті, таңғажайып

Б. тылсым, керемет

В. қасиетті, керемет

«Жеті – жаратылыстың нышаны болып

саналады»- деп кімдер есептейді?

А. Буддалар

Б. Христиандар.

В. Мұсылмандар

2. Төмендегі сөздерді оқыңыз. Түсіндірмен сөздікті пайдалана отырып, сөздердің мағынасын тауып, жазыңыз.

*Тамақсаулық, жалқаулық, нәпсіқұмарлық, өркөкіректік, ашу, қызғаншақтық, сараңдық*

3. Сіз үшін мәтіндегі ең маңызды үш нәрсені көрсетіңіз.

4. Ал сіз жеті саны туралы не білесіз?

«Шахтинск қаласы әкімдігінің

№1 гимназиясы»КММ

Танабаев Сакен Нуркешевич,

Ибрагимова Махаббат Алтынбековна

### Тапсырма 1.

Суретке 2-3 минут жақсылап қарап шығындар.

**Тапсырма:** Сендердің алдарыңда төрт ұл бала. Олар бір-біріне өте ұқсас, тек айырмашылығы киімде ғана. Олардың аттарын анықтаңдар, егер: Асан мен Үсенде бірдей көйлек. Әли мен






аударды. Ыбырай өз шығармаларын балаларға арнап жазды. Ыбырай Алтынсариннің шығармалары білімге, еңбекке, достыққа, табиғатқа арналып жазылған.

### 1. Сұрақ-жауап

- 1) Ы.Алтынсарин кім?
- 2) Қай жерде дүниеге келген?
- 3) Ы.Алтынсарин қандай орыс жазушылардың шығармаларын қазақ тіліне аударған?
- 4) Ы.Алтынсарин өз шығармаларын кімге арнап жазды?



### 2. Мәтін бойынша «Кластер» стратегиясын құрастыру

3. «Ыбырай- әңгіме шебері» әңгімелерде неге үйретеді сол тақырыпқа «Кластер» құрастыру



«Шахтинск қаласы әкімдігінің  
№ 2 жалпы білім беру мектебі»КММ  
Закенов Есбол Советович,  
Сарманкулова Индира Ауданғалиевна

Тасөткел... Мен онда ең алғаш гүл иіскедім. Мен онда алғаш рет қызға ғашық болдым. Сұлулық жайындағы алғашқы сабақты сол берді маған. Шебер ұста жасаған шешен домбырадай жүрегімнің алғашқы күйін сол шертті менің. Сол Тасөткелде басталған алғашқы күй – махаббат жыры әлі күнге дейін сайрап тұр менің көкірегімде. Көлденең көзге көшесі де қиқы-жиқы, үйлері де тоқал, көріксіз көрінгенімен мен үшін өзгеше бір ғажап дүниесің, туған ауылым. Мен сені он Лондон, отыз Нью-Йоркке айырбастамаймын ешқашан. Мен үшін сенен ыстық мекен жоқ жер шарында. Мен сені тек жүрегімнің, жанымның – өмірімнің базары Москваға ғана ұқсатамын, Тасөткел. Бірақ Москваны дария десем, сен соның бір тамшысындай ғанасың. Дария суының бар қасиеті оның тамшысынан да табылатыны сияқты, Москваның да көп қасиеті сенің бойыңда деп білемін. Мен сені кішкентай Москва деп танымын, Тасөткел. Әркім өз туған жерін осылай түсінуге тиіс қой, жарандар-ау! Кішкентай Москва – Тасөткелім, сені бір көрсем арманым болмас еді-ау ешқашан...

(Ә.Нұрпейісов «Махаббат жырлары» романынан үзінді. Алматы «ЖАЗУШЫ» 1972ж.)

**1. Кейіпкердің бойындағы көңіл-күйді белгілеңіз:**

A) махаббат;

B) мұң;

C) сағыныш;

D) өкініш;

**2. Кейіпкер неліктен Тасөткелді «он Лондон», «отыз Нью-Йорктен» артық бағалап, жалғыз Москваға ұқсатады?**

A) Кейіпкер Мокваны Лондоннан он есе, Нью-Йорктен отыз есе үлкен деп ойлағандықтан;

**B) Кейіпкер өмір сүрген уақытта Москва еліміздің астанасы болғандықтан;**

C) Тасөткелдің табиғаты Москваның табиғатына ұқсас болғандықтан;

D) Тасөткелде Москвадағыдай ғимараттар болғандықтан;

**3. Мәтіннің мазмұнына сай мақалды белгілеңіз.**

A) Оқусыз білім жоқ.

B) Жақсының жүзі жарқын.

**C) Туған жер – алтын бесік.**

D) Өтпес пышақ қол кесер.

**4. Мәтінде оқшау сөздердің қай түрі көп кездеседі?**

**A) Қаратпа сөз.**

B) Қыстырма сөз.

C) Одағай сөз.

**5. Сөйлемнен тұрақты тіркесті табыңыз:**

*Көлденең көзге көшесі де қиқы-жиқы, үйлері де тоқал, көріксіз көрінгенімен мен үшін өзгеше бір ғажап дүниесің, туған ауылым.*

A) мен үшін;

B) туған ауылым;

**C) көлденең көзге;**

D) ғажап дүниесің;

Қазақ елінде ұялмай өлік тонаушылардың аты – молда болады. Әкең өле ме, шешең өле ме, балаң өле ме, молдаға бәрібір, тонап алмай көріңе түсірмейді. «Өлеңді жерде өгіз семіреді, өлікті жерде молда семіреді». Молда ғана емес, молдалар көбейіп кетсе қайтерміз? Онда өлім де көбейгені, тонаушылар да көбейгені... Ақула жаңа ғана айтты емес пе? Күнде бір кісі өледі демеді ме? Өлгеннің орны немен толады? Туғанмен толады да. Туған балалардың үштен екісі өліп жатса ше? Бұған да жауап таба алмайсың. Молдалар жаңа туған баланы да ат қойған болып бір тонап алмай дүние есігін ашпайды.

*(F. Мүсірепов «Жат қолында» романынан үзінді. Алматы «ЖАЗУШЫ» 1984ж.)*

**1. Автордың діни көзқарасы:**

A) монотеизм;

B) политеизм;

C) иудаизм;

**D) атеизм;**

**2. Молдалар жаңа туған балаға ат қоярда ...**

**A) азан шақырады;**

B) жұма намазын оқиды;

C) тәспі тартады;

D) ауыз бекітеді;

**3. Мақалды жалғастырыңыз: Дүмше молда ... .**

A) теріс оқыр;

B) азан шақырмас;

**C) дін бұзар;**

D) намаз білмес;

**4. «Жат қолында» романы автордың қай шығармасының жалғасы болып табылады?**

A) «Ұлпан»;

**B) «Оянған өлке»;**

C) «Қазақ солдаты»;

D) «Кездеспей кеткен бір бейне»;

**5. Сөйлемнен омоним бола алатын сөздерді белгілеңіз:**

*Молдалар жаңа туған баланы да ат қойған болып бір тонап алмай дүние есігін ашпайды.*

A) молдалар, туған;

**B) ат, жаңа;**

C) тонап, ашпайды;

D) есігін, алмай;



## ИСТОРИЯ ПУГОВИЦЫ

История пуговицы началась семьсот лет назад. Но имени человека, который ее придумал, история не сохранила. Интересно, что женщины поначалу абсолютно игнорировали это изобретение и продолжали пользоваться булавками, пуговицы интересовали только мужчин, так как в те времена мужская одежда была не менее яркой, чем женская пуговицы делали из дорогих металлов, украшали драгоценными камнями. А на мужское платье пришивалось так много пуговиц, больше нескольких тысяч, что оно становилось очень тяжелым. История помнит, что французский король Франциск заказал для отделки своего бархатного костюма 13 600 золотых пуговиц. По пуговицам определялось положение человека. Пуговицы из золота и серебра делали для дворян, из недорогих материалов - для солдат и слуг, из стекла и дерева для простых людей.

«Пуговичка» в русском языке имеет то же корень, что и слово «пугать». И ученые считают, что это совпадение не случайно, она служила у нашего народа защитой от темных сил, была оберегом, отпугивающим зло. По представлениям наших предков, ворот одежды — очень важная в мистическом плане деталь: ведь самые уязвимые — незащищенные части тела: шея, лицо, руки. А значит, их надо было защищать от злых духов. Поэтому первые пуговицы помещались на воротнике и рукавах, украшались заговоренными узорами, отпугивающими нечистую силу. Для «большей силы» в них подкладывали еще и кусочек металла или круглый камешек, который при движении издавал звук, похожий на звон бубенца.

За столетия каких только пуговиц не было. Многие из них стали произведением искусств и сейчас хранятся в музеях. А современных галантерейных магазинах в продаже потрясающий выбор пуговиц!

### Это интересно

*На мужской одежде пуговицы расположены справа, а на женской слева. Считается, что во времена внедрения пуговиц мужчины одевались сами, а женщин одевали служанки – поэтому для них пуговицы пришивали в зеркальном отражении.*

*Указ Петра I, предписывающий пришивать оловянные пуговицы к обшлагам рукавов солдатских мундиров с внешней стороны был полон тайного смысла: пуговицы не позволяли солдатам по привычке после еды вытирать рукавом рот и нос. Так он отучил солдат от дурной привычки, портившей мундирное сукно.*

*Найти пуговицу до сих пор считается хорошей приметой, а если дорогу вам перебежала черная кошка, достаточно дотронуться до пуговицы – и можно смело идти вперед.*

<http://www.filipoc.ru/>

<http://chudesamag.ru/kunstkamera/istoriya-pugovitsyi.html>

### Задания

#### 1. Сколько лет пуговице?

- A. 100
- B. 200
- C. 500
- D. 700
- E. 1000
- F. 170

#### 2. Основываясь на материалах текста, заполни таблицу

Материал, из которого изготавливались пуговицы	Для дворян	Для простых людей
Золото		
Дерево		
Стекло		

Камень		
Серебро		
Олово		
Медь		
Драгоценные камни		

3. Почему на одежде мужчин и женщин пуговицы находятся на разных сторонах одежды?

4. Перефразируйте предложение.

*Женщины поначалу абсолютно игнорировали это изобретение и продолжали пользоваться булавками, пуговицы интересовали только мужчин.*

5. Определите, какое назначение пуговицы определили историки (с давних времен и до наших дней).

6. В разных странах есть музеи пуговицы. Какие пуговицы могли туда попасть?

*Шатерник Елена Викторовна  
КГУ «Гимназия №5 акимата  
города Шахтинска»*

#### ТАБЛИЦА ПИТАНИЯ ДЕТЕЙ ДО ГОДА

Продукты	5 мес.	6 мес	7 мес.	8 мес.	9 мес.	10-12 мес.
Сок, мл	30	40-50	50-60	60-70	80	90-100
Фруктовое пюре, г	10-30	40-50	60	70	80	90-100
Овощное пюре, г	10-30	100-150	150	170	180	200
Молочно-крупяная каша, г		50-100	100	150	180	200
Творог, г		10-25	30	40	40	50
Кисломолочные смеси, мл				50	200	200
Желток, шт.		1/5	1/4	1/4	1/2	1/2
Мясное пюре, г				5-30	50	60-70
Сухарь, печенье, г			3	5	5	10-15
Хлеб, г				5	5	10
Рыбное пюре, г					50	100
Масло растительное, г	1-3	3	3	3	5	6
Масло сливочное, г		1-4	4	4	5	6

Конечно же, в питании ребенка до года должно преобладать материнское грудное молоко – источник всех необходимых веществ для полноценного развития. Но понемногу нужно приобщать малыша к другим продуктам.

Как и когда вводить малышу прикорм – это тема отдельной статьи. Педиатры настоятельно рекомендуют не спешить с прикормом и рекомендуют это делать в полугодовалом возрасте. Вначале предлагают малышу фруктовый сок. Первая порция- всего пара капелек сока, разведенного водой, постепенно увеличивают дозу.

Например, в первый день вы дали малышу **несколько капель сока** (пусть это будет яблочный сок), обязательно посмотрите на реакцию организма. Если никаких изменений в поведении ребенка вы не заметили, его кожа чиста и не покрыта сыпью, покраснением, шелушением, то через пару дней можете предложить ему уже половину чайной ложечки яблочного сока. С каждым днем увеличивайте дозу, доведя ее 30мл в сутки.

В случае благоприятного исхода через пару недель можно предложить малышу не сок, а *фруктовое пюре*, приучая желудок справляться не только с жидкой пищей. Как и в случае с соком, начинайте прикорм всего с нескольких капель, постепенно увеличивая дозу до 1ч.л., потом до 1ст.л. и до 30мл в сутки. При выборе соков и пюре **отдавайте предпочтение продуктам с неяркой окраской**, пусть это будет яблочное, грушевое и другое пюре, но не морковное или тыквенное.

